

Әбу Насыр әл Фараби:
Бақыттың мәні – парасаттылықта!

ҰЛАҒАТ

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылымы. Журнал екі айда бір рет 1994 жылдың шілде айынан бастап шығады.

ҚАРАША

6

НОЯБРЬ

ЖЕЛТОҚСАН

2014

ДЕКАБРЬ

Республиканское научно-психологическое и педагогическое издание товарищества с ограниченной ответственностью «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат». Журнал выходит один раз в два месяца с июля 1994 года.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Зейнеп АХМЕТОВА, Бөлек АМАНБАЕВА,
Мұзафар ӘЛІМБАЕВ, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ,
Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Қалдыбек БӨЛЕЕВ,
Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ, Серғазы ҚАЛИЕВ, Жұмағали
НАУРЫЗБАЕВ, Жарылқасын НҰСҚАБАЕВ, Жәмила
НАМАЗБАЕВА, Сақыпжамал ҰЗАҚБАЕВА.*

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Ғылым ғаламында	
Шаттыгүл ЕРХОЖИНА, Құралай ТЕЛҒАРАЕВА.	Студенттердің кәсіби қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру – модульдік технологияның түпкі нәтижесі.....3
Ұлттық ұлағат	
Ахат ӘБІШЕВ.	Дәстүрлі музыкадағы аңыз-әңгімелердің мәні.....13
Мөлдір ЗАХАРОВА.	Қазақ отбасындағы тәрбиенің кейбір қырлары.....16
Жанар ЖАНЖІПТОВА. Райля МҰСАҒАЛИЕВА.	13 жас – мүшелтой.....21 Бата – тәрбие негізі.....30
Қос ел табиғаты	
Анар БЕГЕЕВА.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі мақал- мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары.....33
Ізденген жетер мұратқа	
Назерке ҚҰЛЖАНОВА. Ақбөпе СЕЙДАЛИЕВА.	Ізтайдың өшпес іздері.....39 Мағынасы майысқан мақалдар.....42
Ынтымақты ел азбайды	
Ұрынғаным КЕНБАЕВА.	Ұлт-ұлысқа ортақ үй – Қазақстан.....44
Педагогикалық әдістеме: озық тәжірибе	
Гуля ТӨРЕБЕРГЕНОВА. Баян САЛХОДЖИНОВА. Гүлсара ҚАЛИЕВА.	«Ұлы үш ғұлама».....50 Дауысты дыбыстардың жіктелуі.....68 Жапырақ.....74
В мире педагогики	
Фатима АШИРОВА. Гульжазира ДОБАНОВА. Мадина ГҰЛАХМЕДОВА.	Глагол как часть речи.....80 Мой Казахстан.....86 «Would you like – Do you like some juice?».....93
Тәрбие сағаты	
Дариха БЕЙСЕНОВА. Гүлмира АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ. Ақмарал МАХАНОВА.	Өмірдің мәні – адамгершілікте.....98 Қыс қызығы.....104 Бүгінгі студент – ертеңгі маман.....111
Танымдық тарих	
Багила МӘЖІБИЕВА, Раушан САПАРБАЕВА.	«Мен – қазақ, Алаш десе мақтанамын!».....117
Танымдық сайыс	
Луна ӘЛІМБАЙҚЫЗЫ. Шариза БАЙСУНОВА. Сұлхия РЫСБАЕВА.	«Туған тілім – тірлігімнің айғағы».....128 Сөз өнері – өмір өрнегі.....132 «М.Әуезов кейіпкерлері – менің кейіпкерлерім».....136
Сабақ кілті – көрнекі құрал	
Паридам НҰРАХУНОВА.	Бастауыш сынып оқушыларының ауызекі сөйлеу тілі.....139

Ғылым ғаламында

Шаттыгүл ЕРХОЖИНА,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық
университетінің оқытушысы, п.ғ.к.
Құралай ТЕЛҒАРАЕВА,
2-курс магистранты.

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТҮПКІ НӘТИЖЕСІ

Қазіргі қоғамдық өзгерістердің қарқындылығы жаңа сипатқа ие болды, яғни, бұл өзгерістер жаңа сипаттағы мамандарды қажет етеді. Ал бұл мәселені шешу – жоғары оқу орындарындағы ұстаз қауымының басты міндеті болып табылады. Жоғары оқу орындарындағы студенттердің білімділігі, кәсіби икемділігі, шығармашылыққа талпынысы, әр түрлі жағдайдағы мәселені анықтау, оның жауапты шешімін табу және қолайсыз жағдайларда әрекет ете білуі еліміздің дамуына, қоғамымыздың тұрақтылығына және оның қауіпсіздігіне негіз бола алады.

Жоғары оқу орындары студенттері – өз болашағын жасаушы, күнделікті дәріс және практикалық сабақтарда алған білімдерін, іскерлік пен дағдысын, ерік-жігері мен шығармашылық белсенділігін, іс-

әрекеттің белгілі бір түрін меңгеруге жұмылдырып, өмір ағысына икемделе білген, болашағына сеніммен қарайтын жеке тұлға. Оның алдында тұрған басты мақсат – әлемдегі бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына қосылу жөніндегі нақты қадамдарға өз үлесін қосу, қоғамымызда жаңадан қалыптасып келе жатқан жаңа сапалық қарым-қатынастарды бойына сіңіре отырып, нарықтық қатынастар жүйесіне бейімделу.

Сонымен қатар олардың бойындағы дарын мен қабілетті қазіргі заман талабына сай қалыптастыру, оны жан-жақты дамыту, оқу барысында алған білімі мен кәсіби шеберлігін, біліктілігін үздіксіз дамытып отырған тиімді.

Егеменді елімізде қалыптасып келе жатқан нарықтық қатынастар жағдайында жемісті қызмет ету үшін мәдениеті мен адамгершілік қасиеті жоғары, рухани дүниесі бай, жалпы білімі мен кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды даярлау – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Жоғарыдағы міндеттерді шешу барысында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» деп аталатын Қазақстан халқына жолдауында жаңа кезеңнің міндеттерін атап көрсеткен болатын: «Осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту» [1].

Еліміздің қазіргі кезеңінде болып жатқан экономикалық, әлеуметтік, саяси және жаңа технологиялық өзгерістерге байланысты жас ұрпақты тәрбиелеуде білім мен тәрбие беру жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеру мәселесі туындап отыр.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйелерінде күзиретті-

лік тұрғыда білім беруді ұйымдастыру мәселесі қарастырылады. Осыған байланысты кәсіби мамандарды даярлай отырып, сапалы білім беру, сонымен бірге оларды өнегелі ұрпақ етіп тәрбиелеу негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру, оның шығармашылық және рухани мүмкіндіктерін дамытуға барлық жағдайлар жасалуда. Егеменді еліміздің болашағы, оның материалдық және рухани дамуы, экономикалық, әлеуметтік және саяси жағынан өркендеп өсуі жас ұрпақтың қолында.

Нарықтық қатынастар жағдайында білім беру мен кәсіптік даярлау бағытындағы жоғары оқу орындарының негізгі міндеті – әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру. Бұл міндеттерді орындау үшін болашақ мамандарды даярлауда қазіргі қоғам үрдісіне сай жаңа технологияларды қолдана отырып білім беру қажеттігі туындайды.

Модульдік оқыту технологиясының басты өзегі – елімізде бәсекеге қабілетті, өз ісін жетік меңгерген, сауатты, білімді, өндірісте жұмыс істей алатын жан-жақты дамыған күзиретті маман даярлау. Яғни, мемлекеттік тілді студенттер меңгере отырып, болашақ мамандықтарын жан-жақты игерген күзиретті маман болуы қажет. Ол үшін ұйымдастырушылық-технологиялық қызмет түрін қалыптастыруы тиіс.

Бұл қызметті білім беру жүйесі бойынша қарастырар болсақ, білім алушы қызмет ұйымын басқару технологиясын жасау және қолдану аймағында білікті жұмысқа қажет барлық дағдыларға ие болуы; басқарудың ғылыми-әдіснамалық және технологиялық ұйымдастыру базасын құруға қатысуы; басқа мамандармен бірлесе отырып, нақты бір білім беру мекемесінде білім берудің ең тиімді әдістерін, оқытудың

белгілі бір формасын жасауы; білім беру жүйесінің ішкі үдерісіне белсенді түрде қатысуы тиіс.

Қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі басты мақсат – жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу болып отыр. Еліміздің экономикасы мен әлеуетінің даму деңгейін биік дәрежеде өсіру механизмдерін терең біліммен реттей алатын, қоғамда өзіндік тың бастамаларын, көшбасшылық тәжірибесін, ой-пікірлерін ісімен дәлелдей алатын мамандар даярлау – жоғары оқу орындары алдындағы міндеттердің бірі.

Осы тұрғыда құзіретті маман ұғымының мәнін ашып қарастырған жөн, ал бұл ұғымның мәнін ашу үшін «құзірет» және «құзіреттілік» түсініктерін анықтау керек. Яғни, бәсекеге қабілетті және құзіретті мамандарды даярлауды жүзеге асырудағы басты мәселе – жаңа оқу жоспарлары мен бағдарламалары әлемдік жетік технологиямен қаруланған, жоғары деңгейдегі мамандар даярлау туралы сөз болып отыр.

Жоғары оқу орындарындағы студенттердің құзіреттілігін әлемдік деңгейге сәйкес қалыптастыру педагогикада, психологияда, әлеуметтануда, кәсіби білім беру теориясы мен әдістемесінде, т.б. және гуманитарлық пәндерде әр қырынан қарастырылуда. Педагог мамандардың барлығына ортақ қалыптастырылатын жалпы құзіреттіліктер:

- өзінің әлеуетін жүзеге асыру мен оған талпынысы;
- табысты шығармашылық әрекет үшін өзінің білімін, іскерлігін, біліктілігі мен тәжірибесін іс жүзінде көрсете білу қабілеті;
- өз әрекетінің нәтижелеріне жеке жауапкершілікпен қарау және оның әлеуметтік мәнін түсіну, оны әр уақытта жетілдіру қажеттігі.

Сонымен, жоғарыда аталғандарды қорыта келе, «құзіреттілік» түсінігі әлеуметтендіру мен оқыту үрдісі барысында қалыптасқан білім мен тәжірибеге негізделген, жалпы қабілеттер мен белгілі бір іс-әрекетке дайындығында көрінетін, сонымен бірге қызметте өзіндік және табысты әрекет етуге бағдарланған жеке тұлғаның интегралдық қасиеті деп түсіндіріледі.

Қазіргі көптеген әдебиеттерде, сөздіктерде құзіреттілік – дербес және жауаптылықпен әрекет етуде белгілі бір жұмысты орындауға қабілеттілік пен икемділікті игеруге жол ашатын психологиялық ахуал ретінде белгіленуде. Құзыреттілікті адамның білімдарлығымен жапсарластыруға және адамның белгілі бір мәселені шешу қабілетімен де шатастыруға болмайды. Себебі адам өз саласында кәсіпқой және білімдар болуы мүмкін, ал бірақ кәсіби мәселелердің бәрін шешуге құзіреті жетпейді.

Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде білім алушының Қазақстан халқының мүддесін өз мақсат-мүддесінен жоғары қоятын білімді, саналы, кәсіпқой маман болып қалыптасуы өте маңызды. Ал оның ішінде бәсекеге қабілетті, кәсіби деңгейі жоғары, құзіретті болашақ мамандарды даярлаудың өзектілігі жоғары болып отыр. Ал бұл бағыттағы мәселе білім беруші орталардың білімді беру сапасына тікелей қатысты, себебі білім – жеке тұлғаның саяси-әлеуметтік көзқарасын дамытатын, дүниетанымдық аясын кеңейтетін маңызды фактордың бірі болып саналады.

К.С.Құдайбергенова «құзырлылық», «құзыр» ұғымдарының қолданыстағы білім, білік пен дағдыдан айырмасын былай ажыратады:

- а) білімнен айырмасы – қызмет жөніндегі ақпарат-

тық сипатта емес, өнімді қызмет формасы түрінде байқалады;

ә) дағдыдан айырмасы – оқыған материалды топтастыра, құбылыстарды, заңдылықтарды шығармашылықпен пайдалана отырып, өзгерте алатын саналы қызмет;

б) біліктіліктен айырмасы – дағдыға автоматты түрде жету немесе алмастыру емес, керісінше, бірнеше пән дағдыларын кіріктіру, жалпы қызмет негіздерін сезіну.

Сондықтан да құзырды әр түрлі кенеттен болған жағдайларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсете білу қабілеті білім мен өмірлік жағдай арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі ретінде, ал құзырлылықты адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты, тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыру ұсынылады» [2, 127-б.].

«Құзірет» – білім беру үрдісі нәтижесінде білім алушының мінез-құлқына, әрекетіне қойылатын талап ретінде оның өз тіліндегі, өз деңгейіндегі жатық сөздер, жатық іс-әрекеттер арқылы анықталатын ұғым, ал құзіретті адам нақты бір аймақта негізді шешім шығару, тиімді әрекет жасауға мүмкіндік туғызатын білім мен қабілеттерді қамтиды. Аталмыш ұғымдарды түйінді сөздермен жинақтайтын болсақ, құзіреттілік –

- тұлғаның адамзат мәдениетімен теңдес келетін қабілеті;

- тұлға қасиеті;

- тұлға сапасы, тұлғалық сипаттамасы;

- даралығы мен кәсіби тұлғалық бейнесінің тұрақтануы;

- білім мен тәжірибесіне негізделген жалпы қабілеті мен тұлғаның қызметке дайындығы;

- адамның жаңа заман қажеттіліктерінің, жаңа экономиканың адами ресурстарға деген жаңа көзқарастарының салдары;

- шешім қабылдау құқы;

- тәжірибе өлшемі.

Құзірет –

- құндылыққа бағытталуына негізделген жалпы қабілет;

- сапалы, өнімді қызмет ету үшін қажетті тұлғаның бір-бірімен тығыз байланыстағы сапалары;

- қызмет тәсілдерін пайдалану дайындығы;

- қойылатын талаптарға жеке бас қасиеттерінің сай келу дәрежесі,

- таным тәжірибесі;

- адамның өзінің рефлексиясына, шешім қабылдаудағы жауапкершілігіне бағытталуы.

Құзіреттіліктің негізгі белгілері ретінде төмендегідей ерекшеліктер ұсынылады:

- тұлғааралық, еңбектегі байланыс мәдениеті;

- практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық мүмкіндігі;

- тиімді шешім қабылдау қабілеті;

- нақты болып жатқан құбылыстарды түсіндірудегі, танып білудегі, жаңа технологияны меңгерудегі ерекшеліктерді; әр түрлі жағдаяттан шығу біліктілігін жатқызуға болады.

Бүгінгі күні ғылыми еңбектерде жиырмадан астам құзіреттілік жөнінде пікірлер қалыптасқан. Мысалы, әлеуметтік, когнитивті, қатысымдық, ақпараттық-технологиялық және т.б. құзіреттіліктер. Жоғары оқу орындары студенттерінің қатысымдық құзіреттілігін

қалыптастыруда студенттердің басқа да құзіреттіліктері қатар қалыптасады. Бұл құзіреттіліктер өзара тығыз байланысты, өзара сабақтасып жатқандығын көрсетеді.

Қатысымдық құзіреттілік – лингводидактикада кейінгі жылдарда ғана сөз болып жатқан мәселе. Әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде бұл терминді екінші тілді үйренуші оқушыларға тілдің заңдылықтарын жаттанды үйретпей, сол тілді тілдік қатынаста, өмірде, кәсіпорындарда тілдік және қатысымдық тәсілдерді орынды қолданумен байланыстырады.

Жоғары оқу орындарындағы студенттердің қазақша қатысымдық құзіреттілігін қалыптастыру мәселесі – тілдің қатысымдық және когнитивтік салаларының өзара ортақ бағыттары мен ұстанымдарынан туындаған жаңа бағыт. Бұл бағыт бойынша студенттердің қазақ тілін меңгеруде сөз мағынасын қабылдауда, пайымдауда, түсінуде танымдық ерекшеліктерін ескеру, олардың түрлі өмірлік жағдаяттарда өз ойын, пікірін жеткізу, коммуникативтік міндеттерді шешу, қатысымдық мақсатты іске асыруда тілдің заңдылықтары мен нормаларын орынды пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру мәселелері алдыңғы орынға шығады.

Қатысымдық құзіреттілігі қалыптасқан студент екінші адаммен белгілі бір ақпаратты жеткізіп қана қоймайды, сонымен қатар екінші адамға немесе ортаға өз ойын түсіндіреді, олардың пікірін ұғады, студенттердің екінші адамға өз ойын ұғындыруы, онымен түсінісуі оның әлеуметтенуіне, өзін қоғамның мүшесі ретінде сезінуіне әкеледі.

Сондықтан да бұл терминнің мән-мағынасына түсініктеме бергенде, ең алдымен, қатысымдық құзіреттілік өз пікірін дәлелдейтін, тілдік қарым-

қатынаста қатысымдық мақсатты орындайтын, өзіндік пікірі бар жеке тұлғаның бойында қалыптасатын қабілет екендігіне назар аударған жөн.

Қатысымдық құзіреттілікке жоғары оқу орындары студенттерінің қазақ тілінде тілдік қатынас жасауы, ұғынысуы, түсінісуі, өмірлік түрлі жағдайларда сөйлесім әрекеті арқылы өз ойын жеткізуі жатқызылады.

Қатысымдық құзіреттілік арқылы студенттер сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін меңгеруі тиіс. Студенттер тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім үдерістері бойынша айтылған ақпараттардың мазмұнын, кез келген ортада өзінің пікірін еркін айтуға дағдыланып, мәтіндегі ақпараттарды толық түсініп оқи алуы тиіс.

Қатысымдық құзіреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Сондықтан оқу орыны алдына мақсат қоя білетін, анық та дұрыс сөйлей білетін, өз ойын жарыққа еркін шығара алатын, түсіне және түсіндіре білетін білікті маманды еңбекке аттандырады. Білім алушының қатысымдық құзіреттілігін дамыту үшін сұрақ-жауап, диалог, қатысым жүзеге асырылады.

Жазылым – коммуникативтік құзіреттіліктің алғашқы баспалдағы болып есептеледі. Бұл жұмыс түрлері барлық сабақта мүмкіндігінше қолданылады.

Қатысымдық құзіреттілікті дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері білім алушының қатысым және жазылым қарым-қатынасын қалыптастыруға, сөйлеу тілін дұрыс меңгеруге, жеке тұлғаның құзіреттілік қатысымдылығын жүзеге асыруға ерекше ықпал етеді. Осыған байланысты әдіскер-ғалым Ф.Ш.Оразбаева қатысымдық әдістің өзіндік белгілерін көрсете отырып, оған мынадай анықтама береді: «Қатысымдық әдіс

дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі» [3, 56].

Осылайша мұғалімнің оқудағы құзіреттілікке бағыт-бағдар беруі, білім алушының ой-қорытынды жасауына, өз ойын айта білуіне, оны күнделікті өмірде пайдалана білуіне көмегін тигізеді.

Модульдік оқыту технологиясы нәтижелілігінің бірі – қатысымдық құзіреттің сапалы қалыптасуы. Яғни, мемлекеттік тілді студенттер меңгере отырып, болашақ мамандықтарын жан-жақты игерген құзіретті маман болып, еңбекке араласқан кезеңде оқу орнынан алған теориялық білімдерін тәжірибеге қоса білген болса, онда ол оқу жүйесіндегі қолданылған технологиялардың тиімділігін танытады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан – 2030: барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. А., «Білім», 1997, 176-б.
2. К.С.Құдайбергенова. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми-теориялық негізі. А., 2008. 328-б.
3. Ф.Ш.Оразбаева. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. А., 2000.

Ахат ӘБШЕВ,
Ақтөбе гуманитарлық
колледжінің ұстазы.

ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАДАҒЫ АҢЫЗ-ӘҢГІМЕЛЕРДІҢ МӘНІ

Көптеген аңыз-әңгімелер, қазақтың музыкалық аспаптары мен аспаптық музыкасы халық өмірінде үлкен рөл атқарады. Қазақ халқының рухани өмірінде аңыз-әңгімелер өте көп, оның ішінде музыкалық аспаптарға қатысты және күй аңыздары ежелгі атам заманнан бері атадан-балаға жетіп және осы уақытқа дейін сақталып келеді. Соған қарамастан, қазіргі таңда күй аңыздары этномузикатанушылар мен орындаушы-күйшілер тарапынан жеткіліксіз зерттеліп, айтылмай келеді. Әйтсе де, күй аңыздары туралы А.Жұбанов, Р.Бердібаев, Т.Бекхожина, Е.Тұрсынов сияқты ғалымдардың еңбегінен күй аңыздарына музыка зерттеушілерден гөрі әдебиеттанушы ғалымдар көбірек көңіл аударған және олар бұл жанрды жеке фольклорлық туынды ретінде қарастырғанын байқаймыз [1;2]. Қазақтың ежелгі күй аңыздары тотем, магия, бақсыларға деген сенім-нанымнан туған. Күй аңыздарына алғаш рет арнайы көңіл аударып, оларға жанрлық сипаттама беріп, аңыздарға ғылыми талдау жасай отырып, күй-аңыздарын тарихи кезеңдерге бөлген әйгілі зерттеуші, ғалым Ақселеу Сейдімбек [3,141].

Домбыра аспабының керемет сакралды қасиеті – тілсіз сөйлеу. Аспап күй арқылы иесінің барлық ішкі шерін, ойын жеткізе біледі. Сондықтан да күйдің

шығу тарихы, аңызы күй өнерімен бірге туып, бірге келе жатқан тіпті оның айырылмас сыңарындай. Халық арасында шебер орындаушымен қатар, сөзге шебер күйшілер де тараған. Соған байланысты, күй тартар алдында айтылатын аңыз-әңгімелерді айту дәстүрі қалыптасқан. Әр күйдің шығу тарихы, көркемдік маңызы сол күйге байланысты ауызша айтылатын әңгімелерге тікелей тәуелді және күй сазының өзіндік бітім-болмысы да оның мәтіндік мағынасына орай құрылады. Музыка мен сөздің бірлігі мағынасы жағынан әрі композициялық жағынан біртұтастығы – күйдің синкретті жанрға жататынын белгілі музыкатанушы-ғалым А.Мұхамбетова жазған болатын [4, 120]. Ғалым күйлерді екі түрге бөлген. Біріншісі – аралас: әңгіме барысы музыкалық үзіндімен толықтырылып, немесе толық күйге аспаптық эпизодтарды кіргізумен жеткізіледі, яғни, күйдегі басты кейіпкерлердің тікелей сөзі немесе қимылдары музыкамен толықтырылады (аңыздағы күй, күй-аңыз). Мысалы, «Таңсаңшы ойбай, таңсаңшы», Құрманғазы «Не кричи, не шуми». Сонымен қатар, кейіпкерлердің іс-әрекетін музыкалық үзінді аңызда, салт туралы айтылғанда толықтырылады, мысалы, «Ақсақ құлан» күйінде жоқтау, естірту салты бар. Бұл топқа көбінесе ежелгі күйлер жатады. Сөз фольклорлық шығармаларына, яғни, ертегі, әңгіме, аңыздарға аспаптық қана емес, сонымен бірге әндік эпизодтар да енгізілген. Бұл туралы ғалым Т.Бекхожинаның еңбегінде жазылған [5,132]. Екіншісі – жеке: Аңыз-әңгіме айтылып болғаннан кейін ғана күй орындалады, яғни, әңгіме арқылы тындаушыға күйдің музыкалық, эмоциялық, эстетикалық мәні барынша түсінікті болады, содан кейін күй орындалады. Бұл топқа авторлық күйлер жатады, яғни, күйдің өзі де,

аңызы да сол күйді шығарушының өмірімен тікелей байланысты дүниеге келеді. Мысалы, Құрманғазының «Ақсақ киік» күйі, Құрманғазының аңға деген аяныш сезімі, аңшылардың әрбіреуінің және аңның қимылы айтылады.

Күй аңызы тек тыңдаушыны ғана емес, таратушыны да ерекше шабытқа бөлеп, күйді беріле тартуына себеп болады. Аңыздар халқымыздың тарихи ахуалынан хабар беретін ең мол шежіре екенін пайымдатады. Осыған байланысты музыка зерттеуші Т.Сарыбаев «Күй аңызы – белгілі бір күйді басқа күйлермен шатастырып алуға жол бермейтін «паспорт» қана емес, оның мәні әлдеқайда зор, ол белгілі бір күйді тудырған жағдай туралы бағалы ақпарат беріп қана қоймайды. Байыптап ден қойғанда, күй аңызының ақпараттық ауқымы мен бітім-қасиеті «паспорттық» деректен әлдеқайда өрелі екенін айқын аңғартады» деген құнды пікір қалдырған [6].

Өкінішке орай, күй аңыздарының осы аталып отырған айтылу, қолдану дәстүрі құрып бара жатыр. Күй бір бөлек, орындаушысы бір бөлек, аңызы бір бөлек бола алмайды. Сондықтан да, бұл синкретті жанрды біртұтас дамыту үшін, арнаулы музыкалық оқу орындарында болашақ күйші мамандардың мамандық пәні сабақтарында да арнайы бағдарламамен күй аңыздарын оқыту керек деп ойлаймын. Сонымен қатар, келешек этномузыкатанушы, зерттеуші ғалымдар да күйдің өзін нотаға түсіріп қана қоймай, аңызын да зерттеп, насихаттай отырып, ұлттық құндылығымызды сақтауда барынша зер салғандары жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Жұбанов. Ғасырлар пернесі. А., 1975.
2. Р.Бердібаев. Эпос – ел мұраты. А., 1995.

3. А.Сейдімбек. Қазақтың күй өнері. Астана, 2002.
4. А.Мұхамбетова, Б.Аманов. Генезис и эволюция казахского кюя// Казахская традиционная музыка и XX век. А., «Дайк Пресс», 2002.
5. Т.Бекхожина. Кюи-легенды// Народная музыка в Казахстане. А., 1966.
6. Т.Сарыбаев. Функция синкретического музицирования в дореволюционном Казахстане. Известия Ан КазССР. 1968. №1.

Мөлдір ЗАХАРОВА,
№52 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
 Қызылорда облысы,
 Жаңақорған ауданы,
 Сүттікұдық ауылы.

ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕНІҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ

Қазақ халқының данышпан жазушысы М.Әуезовтың «Ұлт болам десең бесігіңді түзе» деген сөзі отбасы тәрбиесінің маңызын айқындап тұрғандай.

Қазақ отбасында бала тәрбиесіне ерекше мән берген. «Адамның бір қызығы бала деген», - деп ұлы Абай айтқандай, бала өмірдің қызығы екені даусыз.

Ата-бабалар дәстүрінде дүниеге жас нәресте келгенде азан шақырып, атын қойып, ата-анасы туған-

туысқандарын, көрші-қоландарын, жора-жолдастарын шақырып, «шілдеhana» жасайды. Шілдеhanaда балаға арнап көптеген ақ тілектер, ән айтылып, ойын-сауық ұйымдастырылады. Отбасы тәрбиесінің құдіретінің бірі Абай айтқандай, «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең». Сәби өмірге келген күннен-ақ алғашқы әлдиін естиді.

Әлди-әлди, ақ бөпем,
 Ақ бесікке жат бөпем.
 Жылама, балам, жылама,
 Жілік шағып берейін,
 Байқұтанның құйрығын
 Жіпке тағып берейін.
 Әлди-әлди, аппағым,
 Қойдың жүні қалпағым,
 Жұртқа жаман болса да,
 Өзім сүйген аппағым.

Баланы бесікке салар тойына да халық үлкен мән берген. Халқымыз бесікке салуды ауылдағы көп балалы, парасатты анаға тапсырған. Бесікке салу рәсімінде арнаулы дәм дайындалған: құрт, ірімшік, жент, талқан, тары. Бұл тағамдарды бесіктің түбек тұратын тесігінен өткізеді. Бесіктің астына қолын тосқан әйелдер, балалар, жастар дәмнен ауыз тиеді. Әдетте бесіктің үстіне жақсы заттар қойылады: қамшы, көйлек, жүген, тон, көрпе, шапан, т.б. Бұл заттарды қойғаны – ата-анасы баласының жақсы адам болуын, халық қамын ойлайтын адам болып өсуін тілек етеді.

Отбасы мүшелерінің қарым-қатынасының бала тәрбиесіндегі алатын орнын ерекше айтуымыз керек, себебі жас ұрпақтың тәрбиесі – ерлі-зайыптыларға, ата-әжелерге ортақ, жауапты міндет. Бұл жерде ғылыми педагогикалық отбасы тәрбиесінің мазмұны мен кейбір

әдістері, қазақ балаларын тәрбиелеуде ұтымды бола бермейтінін айтып кеткен жөн. Қазақ отбасында көп жағдайда ерлі-зайыптылар әке-шешелерімен, ағаларымен, қарындастарымен, ата-әжелерімен бірге тұрады, сондықтан олардың бәрі балаға тікелей, иә болмаса жанама ықпалын тигізеді.

Қазақ халқында отбасындағы бала тәрбиесінде ата мен әженің орны ерекше. Жас жұбайлар тұңғышын атасы мен әжесінің бауырына салады. Олар өмірден түйгенін ұрпағына үйретіп, жақсы қасиеттерге баулиды. Бүгінгі таңдағы ата-әжелердің көпшілігі білім алған, ғылыми педагогика мен психологиядан хабары бар жандар, сондықтан олар тәрбиеде ұлттық дәстүрді де ұтымды пайдаланып отыруы абзал. Педагог-ғалым Ә.Меңжанованың ойынша, ата мен әже жас жұбайлардың бала тәрбиесіндегі өмірдің жаңа серпілісін қуаттап, оларға жақындай түссе, ал жастар өз тарапынан олардың мол тәжірибесіне, өмірден алған даналығына құлақ асып, үлгі алып отырса нұр үстіне нұр болар еді. Отбасындағы бала тәрбиесінде қазақтың мақал-мәтелдерінің, шешендік сөздерінің, аңыз-әңгімелерінің орны ерекше десек артық айтқандық болмас. Ата-аналар «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат», «Жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң – қаларсың ұятқа» деген мақалдарды пайдалану арқылы өз балаларының жақсы адам болуы үшін, ең алдымен, жолдасын, досын таңдай білуге үйреткен. «Үлкеннен ұлағат – кішіге кеңес», «Ел ағасыз болмас, тон жағасыз болмас», «Жеріне лайықты ері туады», «Ер бесіктен танылар» деп, балаларды жастайынан үлкеннің ақылын алуға, ел қамын ойлайтын азамат болуға баулып отырған.

Қазақ халқының отбасында бала тәрбиесінде қолданатын құралдарының бірі – ырымдар мен тыйым сөздер. Бұл құралдар ғылыми педагогикада оқушылардың мінез-құлқын жаттықтыру әдістері деп аталады. «Үлкеннің алдын кеспе», «Кемтар адамға күлме», «Аманатқа қиянат жасама», «Өтірік куәлік жасама», «Көп ішінде қатты күлме», «Үлкеннің бетінен алма», «Әйелге күш көрсетпе», «Үлкеннен бұрын сөйлеме», «Аққуды атпа», «Шақырмаған жерге барма», «Жалғыз ағашты кеспе», «Кісіге қарап керілме», т.б.

Белгілі ғалым Ә.Қоңыратбаевтың айтуынша, ырымдар, тыйым сөздер халқымыздың айналасын қоршаған орта, табиғат, өзара қарым-қатынас туралы, өмірдің өзінен түйіндеген пайымдаулары мен қағидалары, әлеуметтік және мәдени көрсеткіші болып табылады. Ғалымның құнды пікірін қолдай отырып, ырым мен тыйым сөздерді халқымыздың ғасырлар бойы мысқалдап жинаған этикасы дегім келеді.

Қазақ отбасында тамақ ішіліп болғаннан кейін бата беру салты да тәрбие құралы болып есептелген. Батаны көбінесе келген қонақ, үйдің үлкен атасы, анасы беріп отырады: «Отбасының берекесін берсін, балаларыңыздың қызығын көріңіздер, дастархандарыңыз әрдайым жақсылыққа, тойға жайылсын, балаларың жақсы азамат болып өссін, өмірлері ұзақ болсын» деген тілектер айтылады. Міне, жоғарыда айтылған тәрбие құралдары арқылы балалар өсе келе отбасының ізгілік ұстанымдарын игеріп, отбасылық қатынастардағы өз міндетін түсінеді.

Қазақ отбасы тәрбиесінің өзекті мәселелерінің бірі – ол жас ұрпақтың жеті атасын білуі, балалардың өзінің шығу тегін, ата-бабаларының кім болғанын, қандай кәсіппен айналысқанын білуі шарт. Бұл жөнінде қазақ

халқы: «Жеті атасын білмеген жетесіз» деп есептеп, жеті ата арасында қыз алып, қыз бермейді. Халық тәжірибесінде осы тежеуді бұзған адамдарды қатаң түрде жазалап, туған-туыстары «беті қара», «күнәһар» деп атаған.

Сондықтан қазақ халқында туыс арасында үйлену, некелесу үлкен күнә болып саналған.

Шарифат қағидасы бойынша, баласының енесіне әкесі үйленуге болмайды. Әйелінің туған сіңлісіне (балдызына) үйленуге болмайды, ал әйелі өлген жағдайда бала қамы үшін үйленуге рұқсат беріп отырған. Жесір әйелге қайын атасына, туған қайнысының балаларына күйеуге шығуына ешқашан болмайды. Осы жерде кейбір ойларды айта кетсем, қазақ халқында қайнылары, ағалары қайтыс болғанда, одан балалар қалған жағдайда жеңгелеріне әмеңгер болып есептелген. Бұл әдет-ғұрыпты қазіргі заман жағдайында да орынды ендіру, әкесіз қалған балалардың тәрбиесіне белгілі дәрежеде әсер етеді деп ойлаймын.

Қыз бала шешесінің туған аға, інісіне күйеуге шықпайды. Жиендер нағашы апаларына үйленуге болмайды. Көптеген ғылыми зерттеулерде туыстар арасындағы некелер адамның денсаулығы үшін зиян екенін анықтап, дәлелдеген. Сондықтан отбасында балаларға аталар мен әжелер, әкелер мен аналар руын айтып, туған-туыстардың қалай тарағаны жөнінде мәлімет беріп қана қоймай, олармен үлкен қарым-қатынаста болуы қажет.

Сөз соңында, ұлттық табиғатымыздың ерекшеліктерін ескеріп, халқымыздың ғасырлар бойы мысқалдап жинаған тәлім-тәрбиелік тәжірибесін жас ұрпақ жадына біртіндеп сіңіріп отыру қажет.

Жанар ЖАНЖІГІТОВА,
Қоянбай орта мектебінің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Бесқарағай ауданы.

13 ЖАС – МҮШЕЛТОЙ

Мақсаты: оқушыларға бабаларымыздан келе жатқан салтымыз бойынша 13 жас – мүшел жасқа толу құрметіне өткізілетін мүшелтой туралы кеңінен түсінік беру, дәстүрлерді жалғастырып оны құрметтеуге тәрбиелеу. Оқушылардың сөйлеу тілін, есту қабілетін дамыту, шығармашылық белсенділіктерін арттыру.

Көрнекілігі: нақыл сөздер, зал ішін мерекеге сай безендіру.

Өту барысы:

Мұғалім:

- Балғын шағың – балалық шақ арттағы
Өмір жаңа белесіне бастады.
Нық сеніммен болашаққа қарайды
Жас балғындар 13 мүшел жастағы.

Халқымыздың жөн-жоралғы дәстүрін
Құрметтейді үлкен-кіші жас бүгін
Мүшел жастың маңызы мен бағасын
Көрсетеміз өзіңізге тап бүгін.

- Армысыздар, құрметті қонақтар. Бүгінгі 6-сынып оқушыларының мүшел жасқа арналған «**13 жас – мүшелтой**» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер! Той – ізгіліктер мен жақсылықтарды, озық

дәстүрлерді жаңғыртып отыратын тәлімі мол мереке. Той – тәрбие мектебі. Ендеше, бүгінгі мүшелге аяқ басқан той иелерін ортамызға шақырайық.

Мөлдір:

- Ананың құрсағынан басталатын
Ең бірінші қуаныш «Құрсақ тойы».

Балжан:

- Анадан шыр етіп туылған күн,
Кіндігі жібек жіппен буылған күн. **(Туған күн).**

Нұрбол:

- «Кіндік кесу» рәсімі жарасты ғой
Жас нәресте бөленсе бесікке той. **(Бесікке салу).**

Сұлтан:

- 40 күнде қырық рет түлеткенде
40 қасық сумен тәнді нұр еткенде. **(Қырқынан шығару).**

Темірлан:

- Алғашқы қадам басып, қаз тұрғанда
«Тұсау кесу» айналар той-думанға. **(Тұсау кесер).**

Рабия:

- Мұсылман ата-ананың міндет тойы
Одан кейін жасалар сүндет тойы. **(Сүндет).**

Аяла:

- Оқушы атанатын мектеп барып
Қуантқан ата-анасын әріп танып.
Тауысып «әліппені» жүрдек отыр
Сол күні «тілашардың» болары анық. **(Тілашар).**

Дана:

- Өмірдің бір белесін болдырған шақ
Санасын нұрлы ақылмен толтырған шақ.
«13-те – отауға ие» деген қазақ
Балиғатқа бас болдырған шақ

Бүгін, міне, «**Мүшелтой**» үлкен той
(Оқушылар той атауларын көрсетеді).

Мұғалім:

- Бүгінгі мүшел тойда балалардың қадамы құтты,
мәртебесі биік болып, үлкен белестерден көріне берсе
екен деп тілеп отырған абзал аналар қанша?

Мөлдір:

- Екі көздің ағы менен қарасы
Баласының әркез болған панасы
Болғандықтан біздер үйдің үлкені
Ата-анамыз ата-әженің баласы.

Балжан:

- Емес пе той халықтың қазынасы?
Бабаның демеу болсын ақ батасы
Қастерлемей кім ата-салтын тастар
Ақ тілекпен ақ әже шашу шашар.
(Әже шашу шашады).

Қадиша:

- Балалықты артқа тастап өткенге
Жаңа белес тез-ақ келіп жеткен бе?
Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді
Жаңа күннің жаңа нұры төккенде.

5-оқушы:

- Күндер жылжып өтуде, сағаттар да
Көңілдерде бүгінгі тағат бар ма?
Бал-бұл жанған жүздері қуаныштан
Мың қошемет төрдегі қонақтарға.

Мұғалім:

- Мүшелтой – бала 13 жасқа толғанда жасалатын
той. Бұл тойды халқымыз ерекше дәріптеп, барлық
кәделерін жасап отырады. «13-те – отау иесі», деп
бабаларымыз 13-ке келген ұлдарды «ержетті» деп,

отбасылық істерге араластырып отырса, қыздарды «бойжетті» деп үй тірлігін өз бетінше атқаруына ерекше көңіл бөліп болашақ өмірге дайындай бастаған.

- Балалар, мына отырған көрермендерге мүшел жастың кезеңдерін айтып өтейікші:

13 – сәбилік мүшел.

25 – ержету мүшел.

37 – жігіттік мүшел.

49 – орта жас мүшел.

61 – ақсақалдық мүшел.

73 – қарттық мүшел.

85 – кәрілік мүшел.

97 – қалжырау мүшел.

109 – шөпшек сүю мүшел.

121 – немене сүю мүшел.

Мүшелтойдың негізгі мәні неде? Мүшелтой қалай тойланады? Бүгінгі мүшелтой иелері бұл туралы не біледі екен?

Мөлдір:

- Адам баласы туғаннан бастап, өсіп-жетілу кезеңінде қатерлі жылдар болатындығын айтып келеді. Оны мүшел жас деп атайды. Алғашқы мүшел – 13 жас.

Қадиша:

- Алғашқы мүшел – 13 жас. Бұл адамның балалық шақтан ересектік шаққа дейінгі кезеңі. Ол кезде ер балалардың дауыстары өзгеріп, қыз балалардың дене бітімі» сүйкімді бола бастайды.

Балжан:

- 13-ке келгеннен бастап ер балалар мен қыздар бойларын түзеп, бұрынғыдай балалық тентектікті қойып, жан-жағына сүйкімді көрінуге тырысуы керек.

Рабия:

- Біз енді үлкен өмірге аяқ басып, есейдік десек те болады, балалық шағымыз да артта қалды. Біздің тілегіміз – ашық аспан астында бейбіт заманда ержетіп, елге қалаулы азамат болу.

Дана:

- Ол үшін әрқайсымыз бүтіннен бастап мақсатымызға жету жолында шыдамдылық танытып, өзімізді бағалай білейік.

Балжан:

- Қазақ халқы адамның өміріне байланысты бірінші мүшелді ананың құрсағындағы мерзімді есептеп 13 деп алған да, қалған өміріне 12 жылды қосып отырған.

Мұғалім:

- Дұрыс айтасындар, олай болса қандай жылдарды мүшел деп айтуға болады? Кәне, есептеп көрейікші: 1-мүшел – 13 жас, 2-мүшел – т.б. Енді, мүшелтойдың тойбастарын «Жігіттер» триосы бастайды.

«Ойна, ойна осы тойда» әні орындалады.

Мүшел жастың бір боларын білгенбіз

Жақсы өлеңді соған сақтап жүргенбіз.

Күн жылынып қар еритін мезгілде

Көктемде біз дүниеге келгенбіз.

Қ-сы:

Ойна, ойна, бүгін осы тойымызда,

Биле, биле, бүгін осы тойымызда.

Ойна, ойна, бүгін осы тойымызда,

Алғашқы 13 мүшел тойымызда.

Күз мезгілі бәрінен де жарайды

Қуат беріп қанымызға тарайды.

Астықпенен дүниеге келгенбіз
Нұрға бөлеп жатқан кезде маңайды.

Қ-сы:

Әуелгі аты біз Қоянбай жерденбіз
Үлкендердің ізгі ісіне ергенбіз.
Жердің беті ақ көрпеге оранып
Жатқан кезде дүниеге келгенбіз.

Мұғалім:

- Мектеп – тәлім-тәрбие ордасы. Балаға мектепте білім мен тәрбиенің негізін қалайтын алғашқы ұстаздың орны ерекше екенін мойындауымыз керек.

«Ұлы ұстазым» әні орындалады.

Аяла:

- Басында әліппеден, таныстым әріптермен
Бұзбастан сол жолыңды, биікке алып келем.
Өзіңді білгелі біз, «шәкіртім» деп келесіз
Ұстазым қуаныңыз, жайнайды еккеніңіз.

Рабия:

- Алғашқы ұстаз күлімдеген көзіңнен
Әр уақытта мейірімді сезінген.
Дым білместі адам қылып шығардың
Ән айтамыз бүгін, міне, өзіңмен.

Балжан:

- Білім – теңіз, ақыл – біздің кемеміз
Үлкендердің игі ісіне ереміз.
Құттықтау сөз айту үшін тілекпен
Алғашқы ұстаз Айгүл апайға береміз.
(*Алғашқы ұстаздың тілегін тыңдау*).

Мұғалім:

- Әр адам баласы мүшел жастан өткен сайын садақа беріп, жеті нан үлестіреді. Бүгін біз де осындай ырымды жасасақ қайтеді?

(*Күй ойнап, жеті нан таратылады*).

Дана:

- Сұлулықты іздеп әлем, жер бетінен
Үміт нұры сезілген келбетінен
Гәкку әнін өмірдің үнсіз айтып
Аққу болып өмірдің тербетілген.

(*Сұлу қыздар «Туған күнге байланысты ән» ұсынады*).

Қыздар:

- Армандарың алдағы
Жетелесін мұратқа
Лайық болып өсіңдер
Қазақ деген ұлы атқа!
Көңілдерің шалқысын
Бақытты өтсін жаз-қысың.
Мәнді ғұмыр кешіңдер
Көрмей тағдыр талқысын.
Туған күн – әйбат күн
Тұрады жайнап күн
Таусылмай шаттығың
Көбейсін жақсы күн!

(*13 майшам жағылған торт әкелініп, оқушылар іштерінен тілектерін айтады*).

Мұғалім:

- Айтқандарың келсін, балалар! Сендер ержетіп, жақсы азамат болу үшін өздеріңді жақсы жақтарыңнан көрсетіп, ата-ана мен ұстаздардың алғысына бөленіп жүріңдер. Ең бастысы – елімізде тыныштық болсын. Мүшелтойда жасалатын ең басты кәдені білесіңдер ме? Мүшелге келген әрбір адам мүшелік таратады. Мүшелік – мүшелге келген адамның жақынына, немесе жанашыр досына «мүшел жастан аман-есен өтейін»

деген ниетпен немесе өзінен жасы кіші інісіне не сіңлісіне «сен де мүшелге жет» деген ниетпен тарту ететін киімі. Біз де қазір осы кәдені жасайық.

(Мүшел жас иелері алдын ала дайындаған сыйларын таратады).

Мұғалім:

- Балаларын тағы бір қырдан байқады

Өнеріне тамсанып бас шайқады.

Құттықтау сөзді бар баланың анасы

Ата-ана комитеті Ермуханбетова Анар айтады.

(Ата-ана комитетінің басшысы Анар апай сөз сөйлейді).

Мұғалім:

- Ендігі кезекті ойынға берейік. Ойынымыздың аты – «**Ғажайып 13 әріп**».

(Әріп таңдау).

- Сенің атың кім?

- Фамилияң кім?

- Ұнататын тағамың қандай?

- Қайдан келдің?

- Қайда барасың?

- Немен барасың?

- Онда не өседі?

- Тағы не?

- Сені кім қарсы алады?

- Оған сыйлыққа не әпердің?

- Тағы не?

- Қандай кітапты оқисың?

- Өскенде кім боласың?

(«Африкадан келген қонақтар» биі).

Мұғалім:

- Балалар, сендер бүгін мүшелге келгенде жасалатын жоралғылар мен кәделер туралы білдіңдер.

Ендеше, мынадай сұрақтарға жауап беріндерші:

- Мүшел деген не?

- Алғашқы мүшел қай жастан басталады?

- Мүшелге келгенде қандай ырымдар жасалады?

- 2 мүшелге қай жаста толады?

- Мүшелік деген не?

- Мүшел неше жыл сайын қайталанады?

Мұғалім:

- Ұлы халқым есептескен текпенен

Ата салтын ешкім аттап кетпеген.

Мың пәледен құтқарады бір бата

Адам болмас бата алып өспеген.

Бүгінгі мүшелтой иелеріне ақсақал батасын береді.

Ақсақал:

- Әумин десең, міне, бата

Қолдасын Қыдыр ата.

Қыдыр қияласын,

Періште ұяласын.

Бақ берсін, бас берсін,

Өмірлеріңе жас берсін.

Құрдасыңа қуаныш бол,

Сырласыңа – сынық бол,

Жылағанға жұбаныш бол,

Туысыңа тұнық бол,

Ана алдында аласа бол,

Ар алдында биік бол. Әумин!

(«Бүгін сенің туған күнің» әнін хормен айту).

Осымен тәрбие сағатымыз аяқталды.

Райля МҮСАҒАЛИЕВА,
Алғабас жалпы орта білім
беретін мектептің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы.

БАТА – ТӘРБИЕ НЕГІЗІ

Мақсаты: 1) оқушыларға шешендік арнаудың бір саласы – бата беру екенін түсіндіру; 2) оқушыларға батаның заманына қарай өзгеріске ұшырап отыратынын, батаның бірнеше түрі болатынын түсіндіру, бата түрлерімен таныстыру; 3) батаның тәрбиелік мәнін ашу. Ұлттық дәстүрді қадірлеп, құрмет тұтуға баулу.

Көрнекілігі: бата түрлері жазылған плакат, мақал-мәтелдер.

Баталы ер арымас.

Батаменен ер көгереді,

Жаңбырменен жер көгереді.

Атаңнан бота қалмасын, бата қалсын.

Сабақ түрі, әдісі: сұрақ-жауап, әңгімелесу.

Пәнаралық байланыс: саз өнері, қазақ тілі, қоршаған орта.

(Зал киіз үй жабдықтарымен жабдықталады. Оқушылар ұлттық киімдерін киеді).

Жаңа сабақ:

- «Бата» деген сөз арабтың «Фата» деген сөзінен алынған. Бұл қайырма, қайыру дегенді білдіреді. Қазақтың қазақтығын танытатын ата-дәстүр, тәрбиенің негізі – бата.

Шешендік арнаудың бір саласы – бата беру. Бата – қазақтың рухани қуат алатын сенім күші. Бата беру де қай дәуірде болмасын айтылып, заманына сәйкес өзгеріске ұшырап, дамып отырған.

Бата түрлері: үлкеннің кішіге батасы, діни бата, жол батасы, дастарқанға бата, той батасы, ас қайыру батасы, ақындық бата, шілдехана батасы, би батасы, тұсау кесер батасы, мал сойылардағы бата, наурыз бата.

Тәрбие сағатын өткізу барысы:

I. Бата және әдебиет.

Әдебиетте ақын-жазушылар өз шығармаларында бата түрлерін кірістірген.

а) Ф.Оңғарсынова. «Қарияларға бата».

Түндерің тыныш болсын,

Үйлеріңе ырыс толсын.

Келіндерің есті болсын,

Ұлдарың сесті болсын!

Балаларың қуаныш әкелсін,

Немерелер жұбаныш әкелсін.

Орындарың төр болсын,

Дастарқандарың мол болсын!

Қатарларың көп болсын,

Уайым-қайғыларың жоқ болсын.

Елінде бірлік болсын,

Жарасты тірлік болсын! Әумин!

ә) М.Әуезов. «Ақын қонақтар».

Абайдың зеректігіне, ұғымталдығына риза болып, шын сүйсінген Барлас:

- Шырағым, ер жетерсің,

Ер жетсең, сірә, не етерсің?!

Анар БЕГЕЕВА,
Ш.Есенов атындағы

Каспий мемлекеттік Технологиялар және
Инжиниринг университетінің оқытушысы.

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ- МӘТЕЛДЕРДІҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

Паремиология – мақал-мәтелдер мен әр алуан қанатты нақыл сөздерді жан-жақты зерттеуге байланысты пайда болған тіл білімінің дербес те жаңа салаларының бірі. Сонау ықылым заманнан, сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасалып, екшеліп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалып жатқан ауыз әдебиетінің бай саласының бірі – мақал-мәтелдер көркем сөз тәсілдерінің ішіндегі қуаттысы мен құнарлысы болып саналатын тіл атаулының баршасына тән, өзіндік ерекшелігімен көзге түсетін жан-жақты құбылыс. Қазақ тіл білімінде барлық тілдердің екі түрлі қызметін атап көрсетеді: оның біріншісі – қоғам мүшелерінің өзара түсінісуіне: пікір алмасуына қажетті қатынас құралы ретіндегі коммуникативтік қызметі де, екіншісі – өмір шындығын, барлық болмысты, өзінде бейнелеп

Алысқа шырқап кетерсің,
Шындасаң, шыңға жетерсің.

б) Жол батасының көркем үлгілерінің бірі –
Бауыржан батырға әкесінің берген батасы:

Ақ жүрек болып жолдасың,
Адамдық сені қолдасын.
Жақсылық үшін тірессең,
Жаныңды арың қорғасын.
Арынды болсын шабысың,
Алымды болсын табысың,
Найзадай болсын намысың.
Ер жігітке бәрі сын,
Қиындық көрсең, мұқалма,
Ауырлық көрсең, жұқарма.
Қамқоршы бол кішіге,
Үлкенді үлгі тұт аға.

Ән. «Қариялар азайып бара жатыр».

II. Би-шешендер өмірінен көрініс.

«Баталы ер арымас». Қайдар, Алшағыр би (диалог).

III. Айтыс өнері.

«Қыз бен жігіт» айтысы.

Осы күнгі айтыс.

IV. Дастарқанға бата.

Қорытынды.

- Батаның пайдасы неде?

(Оқушылар ой-пікірлерін ортаға салады).

«Қазағым» әні айтылады. Бата беріледі.

көрсету қызметі. Мақал-мәтелдердің табиғатына тән қасиет тілдің осы екінші қызметіне байланысты, өйткені олар белгілі бір тілде сөйлеуші халықтың өткен өмірі мен барлық болмысының куәгері іспеттес, оның дүниетанымы, даналығы бойында сақталып, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей ауысып келе жатқан асыл мұра, рухани қазына болып табылады.

Мақала, тақырыптың өзі айтып тұрғандай, ағылшын және қазақ тіліндегі мақалдардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары және оны сабақ барысында тиімді пайдаланудың жолдары жөнінде болмақ. Ғасырлар бойы, ауыз әдебиетінің озық үлгілерінің бірі болып келген мақал-мәтелдер, қазіргі нарық заманында да өзінің өзектілігін жоя қойған жоқ. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бере білген мақал-мәтелдер өзінің бейнелігімен, ықшамдылығымен маңызды. Ендігі әңгіме мақал-мәтелдерді қалай үйрету жайында болмақ. Студенттер сабақ барысында алынған жаңа сөздерді келесі сабаққа жаттап келгенімен бірнеше сабақтан кейін қайталап сұраған кезде олардан «қалай еді, ұмытып қалыппын» деген жауапты жиі естиміз. Бұндай жағдайларды болдырмас үшін жеке сөз ғана емес сонымен қатар мақал-мәтелдерді де көп жаттаған жөн. Кейбір оқулықтарда мақалдар тек қана ағылшын тілінде берілген. Тапсырма, мақалдың өз тіліндегі баламасын тап деген сияқты болып келеді, мақалды сөзбе сөз емес тілдегі баламасына сай аударған жөн. Мысалы. “Never put off till tomorrow what you can do today” деген мақалдың қазақша баламасы «Еріншектің ертеңі бітпес». Ал осы мақалды қалай аударамыз деп студенттерден сұрасаңыз, «Ешқашан қалдырма ертеңге

дейін істей алсаң бүгін» деп дәлме дәл аударарды. Бұл мақалды аударар алдында, «еріншек» немесе «ертең» деген сөзге байланысты қазақша қандай мақал білесіңдер деп, студенттерге жұмбақ ретінде ой тастасаң, әркім өз білгенін айтады. Қандай да болмасын лексикалық тақырыпты бекітер, қорытар уақытта мақал-мәтелдерді қолданған жөн.

Қазақ тілінде мақал-мәтелдердің бәрі негізінен жай сөйлем түріндегі тұрақты сөз тіркестеріне жатады, яғни, олар тұлғасы жағынан ұзақ уақыттан бері қалыптасып, белгілі бір формада тұрақталған, мазмұны жағынан бір тұтастыққа ие болған жай сөйлем типтері. Құрылымы жағынан қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдердің өзара ұқсастықтары жиі кездеседі:

Бұйрық райлы сөйлемдер:

Cut your coat according to your cloth –

Көрпеңе қарай көсіл.

First think, then speak.

Ойнасаң да ойлап сөйле.

1) Болымсыз түрдегі бұйрық рай, яғни, тыйым салу.

Мысалы: Don`t trouble until trouble troubles you.

Жатқан жыланның құйрығын баспа.

Don`t cross a bridge before you cote it.

Байыбына бармай бал ашпа.

2) Шартты райлы сөйлем түрінде:

Мысалы: When cat is away, the mice will play

Құлан құдыққа құласа, құрбақа құлағында ойнар.

If it were not for hope, the heart will break.

Үмітсіз шайтан.

Немесе 3) Болымсыз жай сөйлем түрінде:

Мысалы: All are not friends that speak us fair.

Жалған дос көзіңе мақтар, сырт айналып сойылын сатар.

Дос жылатып айтар, дұшпан күлдіріп айтар.

Ағылшын тілінен қазақшаға аударуда қиыншылықтар кездесетіні де сөзсіз. Аударманы жасаған кезде басқа тілдің көмегі арқылы белгілі бір тілдегі мазмұнды мүмкіндігінше дәл жеткізу, ағылшын тіліндегі мақалды немесе мәтелді түсініп, оны өз туған тілінде түсіндіруге және керісінше жасау іскерлігіне ие болу міндеті қойылады.

а) Мақал-мәтелдердің 3 (қазақ, орыс, ағылшын) тілде сөздік баламасының дәл келуі;

Мысалы:

Білім – қуат.

Знание – сила.

Knowledge is power.

Бұл мәтелде 3 тілдегі сөздік баламасы және де мағынасы дәл келіп тұр. Бұл синонимикалық мәтелдер, яғни, аудару барысында тікелей аудару арқылы аударылған, мағыналары да, сөздері де бірдей. Бұндай ұқсас синонимикалық мақал-мәтелдерді шетел тілін меңгеруде қолдану өте қолайлы. Әр халықтың тәлім-тәрбиеге байланысты мақал-мәтелдері сол халықтың менталитетінен хабар береді. Қазақ халқы отбасы тәрбиесіне, ұрпақ тәрбиесіне, ата-ана құрметіне, қыз бала тәрбиесіне өте ерекше көңіл бөлген. Сондықтан да болар кей мақалдың баламасы мынандай болып келеді:

Like father like son.

Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер.

Қай елдің мақал-мәтелдерін алсақ та, барлығының ең басты ерекшелігі – тәрбиелік маңыздылығы. Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдерді үйрету негізінде біз балаларды тек ағылшын халқының көп ғасырлық өмірлік тәжірибесімен, әлеуметтік, этикалық және эстетикалық көзқарастары мен дүниетанымымен таныстырып қана қоймай, ең бастысы, сол нақыл сөздер мен мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәнін түсіндіріп, сөздік қорын байытамыз.

Екінші мысал:

Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді.

Паршивая овца всё стадо портит.

One drop of poison spoils the whole tune of wine.

Ал бұл мәтелде 3 тілдегі сөздік баламасы әр түрлі, бірақ мағынасы бір.

Сабақ барысында екі тілде қолданылған мақал-мәтелдер студенттердің материалды жылдам игеруіне көп ықтималын тигізеді және студенттердің тілге деген қызығушылығын арттыра түседі. Мақал-мәтелдерді ағылшын тілінде кең көлемде қолдануға болады. Яғни, бұл тілдік емес топтарға қиын болуы да мүмкін, бірақ тәсілдері әр түрлі жаттығулар арқылы тілдік емес топтардағы студенттердің ағылшын тіліне деген қызығушылығын тудыруға болады.

Мысалы: to make, to do етістіктерін алатын болсақ, to make, to do істеу, жасау деген мағынаны білдіреді де, әр түрлі жағдайларда қолданылады. Осы етістіктердің

айырмашылығын түсіндіре отырып, студенттерге жаттығулар жасатып, мақал-мәтелдер арқылы тексеруге болады.

Мысалы: Well begun is half ---- (made, done).
Туыстас етістіктер.

Promise little but --- much. (make, do) яғни, жіберілген етістіктерді анықтау ретінде студенттердің ойлау қабілетін дамытып, базалық білім-білік дағдыларын жетілдіреді.

Шетел тілі оқытушыларының қызметінің түпкі нәтижесі студенттердің ойлау, сөйлеу, пікірлесу қабілеттерін дамыту.

Қорыта келе айтарым, жоғарыда айтылған әдістерді қолдану шет тілі сабағының сапасы мен студенттердің сабаққа деген, тіл үйренуге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі.

Мақал-мәтелдер ғасырлар бойы халық даналығынан туындаған. Студенттер мақалдарды неғұрлым көп білсе соғұрлым тілдері түрленіп, сөздік қоры байи түседі дер едім.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ мектептеріндегі шетел тілі. 2007, №5.
2. Ә.Есентеміров. Тілашар. А., «Қазақ энциклопедиясы», 1992.
3. Н.Б.Баграмова, С.И.Блинова. Сборник упражнений по лексике. Союз. Санкт-Петербург, 1998.

Ізденген жетер мұратқа

Назерке ҚҰЛЖАНОВА,
Н.Байғанин атындағы
облыстық балалар
кітапханасының қызметкері.
Ақтөбе қаласы.

ІЗТАЙДЫҢ ӨШПЕС ІЗДЕРІ

Қалың жұртқа көптен белгілі ақындарымыздың бірі – Ізтай (Ізбасқан) Тілеуліұлы Мәмбетов. Оның 1929 жылы Алға ауданындағы Табантал өзенінің бойында шаруа отбасында дүниеге келгенін біздер өз естеліктерінен де,

«Жадымда жүрсің, Табантал,
Жасырын ағып жылысқан.
Жайқалып өскен жағаң – тал,
Жанымнан алғаш жыр ұшқан.
Жадымда сұлу балалық,
Талыңды тай ғып жүгірген.

Табанды тасқа жара ғып,

Қалыспай қызық дүбірден»,- деп төгіліп тұрған өлеңдерінен де айқын аңғарамыз.

Болашақ ақын мектеп есігін ашқан кезде Тілеулі ақсақал Ақтөбе қаласындағы диірменнің жұмысшысы болды. Сөйтіп, Ізтай сондағы №6 қазақ орта мектебіне 1937 жылы оқуға түсіп, оны 1947 жылы үздік бітіріп шығады. Ізтай ақынның балалық шағын суреттегенде өршілдікпен жазылған жолдары адамды тәнті етпей қоймады:

Мен туыппын ақпандатқан боранда,
Кім біледі, бәлкім, әлде содан ба,

Ала құйын мінезім бар ашулы
Қапелімде басылам ба, болам ба?

Міне, биыл Ізтай ақынның туғанына 85 жыл толып отыр. Ақтөбе өңірі ұлы тұлғаның мерейлі тойын аса құдіретпен атап өтуде. Бұған дәлел, 28 ақпан күні С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің мәжіліс залында филология ғылымдарының кандидаты, доцент Т.Ж.Токсанбаева І.Мәмбетов туралы «Ізтай Мәмбетовтің поэтикалық әлемі» атты монографиясын жарыққа шығарды. Монографияда қазақ поэзиясына өзіндік жыр жолдарымен үн қосып, өз оқырмандарына жауһардан асыл сыйлаған қазақтың біртуар талантты ақындарының бірі – Ізтай Мәмбетовтің қиын тағдыры мен шығармашылығына арналған зерттеулер, лирикалық шығармалары, поэмалары және көркем аударма саласындағы ізденістері, оның көркемдік қуаты, поэтикалық шыңы әр қырынан жан-жақты жүйелілікпен тұңғыш рет қарастырылып отыр.

Шараның құрметті қонақтары – журналист-ардагер И.Асқар, филология ғылымдарының докторы, профессор А.М.Мұсаев, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ғ.М.Ниязова І.Мәмбетов туралы ой бөлісіп, монографияға өз пікірлерін білдірді. С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің белсенді студенттері І.Мәмбетовтің «Мен туыппын ақпандатқан боранда», «Мен ақынмын», «Өгей шешеме», «Өмірім менің», «Мәмбетовтер», т.б. өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

Осы шараға жиналған барша қауым назарына Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасы да өз тарапынан «Ізтайдың өшпес іздері» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолуды ұсынды. Кітап көрмесі тек С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің төрінде жасақталып қана қоймай,

І.Мәмбетовке білім есігін ашқан Ғ.Ақтаев атындағы №6 орта мектептің қабырғасында және Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасының оқу залында тұрақты көрме ретінде жасақталып, мектеп оқушылары, студенттер мен кітапхана оқырмандарына библиографиялық шолу жүргізілді. Кітап көрмесінде жинақталған әдебиеттер қатарында: «Жәдігер» Ақтөбе өңірінің әдеби антологиясында «Ақтөбе кітапханасы» сериясымен шыққан көп томдықтың Х томында ақын Ізтай Мәмбетовтің өлеңдері мен дастандары топтастырылып шығарылған. Ақынның таңдамалы кітаптары «Жол ұзақ» /1966/, «Тарланбоз» /1973/, «Ақпан» /1983/, Ресей ақыны А.С.Пушкиннен «Чаадаевқа», ағылшын ақыны Д.Байроннан «Оралса екен жас күнім алыс қалған» атты аудармалары және көрнекті ақындар М.Құрманалиннің, С.Жиенбаевтің көрнекті ақынға арнаған арнау өлеңдері жинақталды.

Көрме төрінде орналастырылған маңызды кітаптардың бірі – І.Мәмбетовтің 1974 жылы құрастырған ақын-жырау Н.Байғаниннің «Нарқыз» атты жыр кітабы.

Қазақ халқының сыршыл да сырбаз композиторы Ш.Қалдаяқовтың «Бақыт құшағында» атты жинағы да кітап көрмесіне ұсынылды.

Кітап көрме арқылы барша оқырман қауым І.Мәмбетовты тек лирик ақын ретінде ғана емес, сонымен бірге аудармашы, композитор және құрастырушы ретінде де таныды.

Биыл І.Мәмбетовтің туғанына 85 жыл, ал дүние салғанына 40 жыл толып отыр. Жалпы, қазақ әдебиетінде өзіндік орыны бөлек І.Мәмбетовтің артына қалдырған өлеңдері мен поэмалары ешқашан өз құндылығын жоймасы анық. Себебі, оқырмандарын

білім нәрімен сусындатып, әрбір адамның ақылшысына айналған І.Мәмбетов атындағы Алға аудандық балалар кітапханасы болса, ал сол кітапхананы филология ғылымдарының докторы, доцент Тілектес Жаңабергенқызындай еңбекқор ғалымдар І.Мәмбетов туралы құнды материалдарды зерттеп, кітап қылып жазып, баспадан шығарып, толықтырып жатса – нұр үстіне нұр болары анық.

Ақбөпе СЕЙДАЛИЕВА,
Б.Момышұлы атындағы
жалпы орта мектептің мұғалімі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Түлкібас ауылы.

МАҒЫНАСЫ МАЙЫСҚАН МАҚАЛДАР

«Шіркін, ақша, жолда жатса...»

Қасым.

1. Біліммен емес, ақшамен жүгір.
2. Болатын бала саудаға қарай жүгіреді.
3. Ақша – адамға қанат.
4. Ақшасыз өмір – сөнген көмір.
5. Сауда адамның атын шығарады.
6. Сауда қылмай, ақша бітпес,
Ақша болмай, мұратқа жетпес.

7. Сауда, сауда түбі – ақша.
8. Ойна да күл,
Сауда да қыл.
9. Саудагер кісі сүйкімді.
10. Сөз жетпеген жерге ақша жетеді.
11. Саудагердің күні жарық.
12. Сабақ білмейтін бала сауданы қатырады.
13. Базар болмай, саудагер болмас.
14. Саудагер тілі – бал.
15. Ақша тапқанға сөз жоқ.
16. Жалған ақша жер соқтырар.
17. Сырынды берсең де, ақшанды берме.
18. Қаптаған ақша – қамал бұзар.
19. Ақшалыға дүние жарық,
Ақшасыздың күні қаріп.

Тілге түскен тіркестер:

1. Бұл заманға я тіл, я ақша керек.
2. «Данышпан» әйелді ешкім сүймейді.
3. Ақшаң көп болса, достарың да көп.
4. Ұстаздың «қадірін» білген бе, елдің бәрі мұғалімдікке түсіп жатыр.
5. Ақшаң болса, алынбайтын қамал, бармайтын жер, аспайтын тау, келмейтін дүние жоқ.
6. Абысын бірін бірі көргенде – дос, жоқ жерде – жау.
7. Басыңда бағың болса, топас екеніңді ешкім білмейді.

Ұрынғаным КЕНБАЕВА,
Алматы қаласындағы
№193 жалпы білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҰЛТ-ҰЛЫСҚА ОРТАҚ ҮЙ – ҚАЗАҚСТАН

Мақсаты: балаларды достыққа, бірлікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу; 1-мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні екенін тәрбиеленушілерге жеткізу, олардың достығы мен ынтымақтастығын, мәңгілік бейбітшілігін дәріптеу.

Коррекциялық мақсаты: оқушылардың ой-өрістерін кеңейту, танымдық үдерістерін дамыту, зейіндерін қалыптастырып, сөздік қорларын молайтып, тілдерін дамыту.

Көрнекілігі: слайдтар, мақал-мәтелдер, шарлар, ұлттық тағам суреті.

I. Кіріспе.

- Балалар, біз қандай мемлекетте тұрамыз? Қазақстан қандай мемлекет? Биыл тәуелсіздіктің неше жылдығын тойлаймыз? Демек, бұл қажырлы еңбектердің, жемістердің тойы болмақ. Республикамызда қазақ ұлтымен бірге қанша ұлт өкілдері бар? (130 ұлт өкілдері).

Мына слайд арқылы еліміздің сипатын білейік.

Қазақстан халқы

Қазақ – 10 096 763 – 63,07%

Орыс – 3 793 764 – 23,70%

Өзбек – 456 997 – 2,85%

Украин – 333 031 – 2,08%

Ұйғыр – 224 713 – 1,40%

Татар – 24 229 – 1,28%

Неміс – 178 409 – 1,11%

Өзгелер – 721 691 – 4,51%

Барлығы – 16 009 597 – 100,00%

- Балалар, сендерге мынадай тапсырма. Мына қағаз қиындыларына Қазақстанда тұрып жатқан ұлт өкілдерінің аттарын жазыңдар. Содан соң бұл қағаз қиындыларын тақтаға жапсырамыз.

Тақтада ненің суреті шықты? (Қазақстан картасы) Осы ұлт өкілдерінің барлығы қайда тұрып жатыр? Олай болса, бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбын «Ұлт-ұлысқа ортақ үй – Қазақстан» деп атайық.

II. Ата Заңымызда көрсетілген Қазақстан азаматтарының құқықтары мен міндеттері.

«Жақсыда жаттық жоқ» деп халқымыз айтқан, біздің Қазақстан Республикасы осындай көп ұлт өкілдерін бауырына басып, барлығы бір шаңырақтың астында тату өмір сүріп жатыр. Қазақстан Республикасының Конституциясында барлық Қазақстанда тұратын азаматтар өмір сүруге, білім алуға, еңбек етуге, денсаулығын сақтауға, медициналық көмек алуға құқылы, сонымен бірге олар Қазақстан Республикасын

қорғауға, рәміздерін құрметтеуге, табиғат байлықтарын сақтауға міндетті екені көрсетілген.

- Балалар, өздерің білетіндей, әр ұлттың өзінің тілі бар. Қазақстанда мемлекеттік тіл қандай тіл? (Қазақ тілі)

(7-бап оқылады).

- Балалар, әр ұлттың өз тілі бар, өз тілінде сөйлейді, десек те, Қазақстанның әрбір азаматы мемлекеттік тілді білуі керек. Қазіргі таңда біздің елімізде басқа ұлт өкілдері де қазақ тілін меңгеруде. Мәселен, олардың балалары қазақ балабақшаларында тәрбиеленіп жатыр. Мұның өзі мемлекеттік тілдің мерейінің өскендігін көрсетеді.

III. Ұлт өкілдерінің тілектері.

- Енді, балалар, Қазақстанда тұратын ұлт өкілдерінің атынан ұлттық киім киген балалар ортаға шығып, Қазақстан жайында пікірлерін, лебіздерін айтсын. Алдымен Орыс мәдени орталығының өкілдерін ортаға шақырайық.

- Наше государство – Республика Казахстан занимает огромную территорию. В нашей стране дружно живут и работают люди разных национальностей: казахи, русские, уйгуры, корейцы, украинцы, немцы, татары, узбеки и другие.

Мы гордимся, что Казахстан объединил нации и народности в единой братской семье. В нашей республике полное равноправие разноязычных народов. Сближению и расцвету культуры народов нашей страны способствует дружба.

Дружба – символ братства. Дружба – самое дорогое и самое необходимое условие жизни всего общества.

- Келесі сөз Өзбек мәдени орталығына беріледі.

- Мүмкіндікті пайдалана отырып бәрімізге айтарым: қашанда жүзіміз жарқын, көңіліміз шат болып тұру үшін ұлтаралық достықты нығайту, жалған айтпай берген уәдені орындау – басты парызымыз екенін ұмытпайық. Конституциялық құқығымыз да ел қатарлы қорғалуда. Біз – қазақстандықтар бейбіт өмірде, жақсы тұрмыста адамша өмір сүргенді қалаймыз. Ешкім де, ешқашан да ұрыс-керіс, жанжал, айқай-шумен жақсы тұрмыс құра алмайды.

Жасасын достықты жақтаған Қазақ елі!

- Енді Украин мәдени орталығын тыңдайық.

- Қазақ жеріне ата-бабаларымыз қалай келіп тұрақтап қалғаны тарихтан мәлім. Қазақтардың кеңдігі мен бауырмалдығының арқасында біздің украин халқы да өсіп-өніп жақсы тіршілік кешуде. Олардың біраз ұрпақтары қонақжай қазақ халқының жерінде тұрақтап қалды. Қазақстанды өз Отанымыз деп санаймыз.

- Енді Түрік, Әзірбайжан мәдени орталығын тыңдайық.

- Біз қазақ халқының шексіз дархандығын айтқымыз келеді. Бүгінде бүкіл әлем Қазақстаннан үлгі алуына болады, өйткені достығы, бірлігі мықты ел қашан да дараланып тұрады. Қазақстан Республикасында тұратын, мақтан тұтатын ұлттың бірі – кәрістер.

Дініміз бөлек болса да, түпкі тіліміз бір болғандықтан қазақ тілін үйренуге біздер де бейімбіз. Қазақ жеріндегі жақсы тұрмысымыз туралы сырттағы бауырларымыздың аузынан естіп төбеміз көкке бір елі жетпей тұр. Жасасын Қазақстан!

- Соңғы сөзді Қазақ халқына берейік.

- Егемен ел жыл сайын еңсесін биіктетіп келеді.

Осы тәуелсіз мемлекетімізді уақыт талабына сай ақылмен, терең парасатпен басқарып отырған Нұрсұлтан Назарбаевты қалай мақтап мадақтаса да жарасады. Көп халықтың арасында «ши» шығармай, бірлік пен ынтымақтың ұйытқысы болып, дер кезінде республикадағы Ассамблея жұмысын жандандырып, олардың тілін, әдеп-ғұрпын насихаттауға мүмкіндік жасалуын қадағалап келеді.

Мемлекетімізде жүргізіліп жатқан игілікті істеріміздің барлығы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен байланысты. Елбасымыздың есімі тәуелсіз Қазақстан атымен бірге өрлеп, үндесіп тұр. Жасасын Қазақстан!

- Рахмет, балалар, біз әр ұлт өкілдерінің Қазақстан туралы жылы лебіздерін тыңдадық.

- Балалар, енді осы достық жайлы, ел бірлігі жайлы қандай мақал-мәтел айта аласыңдар?

- 1) Отан үшін күрес – елге тиген үлес.
- 2) Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады.
- 3) Жұмыла көтерген жүк жеңіл.
- 4) Достық күші бірлікте.

VI. Қазақстан халқы ассамблеясы.

- Балалар, әрбір ұлт өзінің тілін, мәдениетін, әдеп-ғұрпын, салт-дәстүрін жоғалтпауы керек. Осы мақсатта Қазақстанда өмір сүріп жатқан барлық халықтардың Ассамблеясы құрылған болатын. Ассамблея – ұйым, мәдени орталық деген сөз. Ондай мәдени орталықта

ұлттар өздерінің озық дәстүрлерін, мерекелерін, ұлттық киімдерін, ұлттық тағамдарын насихаттап отырады.

Енді Қазақстандағы кейбір халықтардың ұлттық тағамдарымен танысайық.

(Балалар ұлттық тағамдармен таныстырып, дайындалу жолдарын айтып береді).

VI. Қорытындылау.

Ертеде ел басқарған данышпан ақылды адам ұрпақтарына өсиет қалдырған екен. Данышпан адам баласына «Сындыр» деп бір шыбықты береді. Бала біреуін сындырады. Екеуін береді, сындырады, үшеуін зорға дегенде сындырады. Төртеу бергенде сындыра алмайды. Сонда данышпан баласынан «Не ұқтың?» деп сұрайды. Бала «Бәрің бірігіп өмір сүріндер деген өсиет шығар» дейді. «Дұрыс! Егер адамдар бірге өмір сүрсе, барлық қиындықты жеңуге болады, тірлік етуге болады» деп түсіндірген екен данышпан адам. Олай болса, «Бірлік түбі – тірлік» екен.

- Балалар, бүгінгі тәрбие сағатымызда халықтар достығы туралы, бірлік туралы әңгіме қозғадық. Қазақстанда барлық ұлт өкілдері тату-тәтті, достықта өмір сүріп жатыр екен. Отан, достық, бейбітшілік деген киелі ұғымдарды тек біздер ғана емес, басқа да халықтар өз тілінде айтып, бейбіт өмір сүруге шақырады.

Балалар «Отан, достық, бейбітшілік» деген сөздерді әр ұлт өз тілінде айтып, шар, гүлдермен ортаға шығады.

Гуля ТӨРЕБЕРГЕНОВА,
№9 колледждің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Төле би ауданы,
Көксайек елді мекені.

«ҰЛЫ ҮШ ҒҰЛАМА»

Сабақтың мақсаты: білімділік – ұлы тұлғалардың әдеби мұраларын оқушыларға зерттеуге, талдата отырып, олардың адамгершілік қасиеттерінің өзара табиғи жалғасып жатқандығына көздерін жеткізу, ұлы үш ғұлама – Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбай-ұлының өмірі, шығармалары туралы оқушылардың білімділік деңгейлерін анықтау; **дамытушылық** – оқушылардың шығармашылық қасиетін дамыту үшін, топтық жұмыс арқылы өзіндік сыни тұрғыдағы ой-пікірлерін, көзқарастарын қалыптастыру, жүйелі сөйлей білуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – ұлы тұлғалардың рухани тазалығын сезіндіре білуге, туған елге, жерге, ата-анаға деген сүйіспеншілікті, адами қасиеттерді, ұлы тұлғаларды құрметтеуге, үлгі тұтуға тәрбиелеу.

Түрі: зерттеу сабағы. **СТО стратегиясы.** **Әдісі:** ұлы тұлғалар туралы ой-толғау, топтық жұмыс, талдау, пікірталас, сұрақ-жауап, музыкатерапия. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайдтар, буклеттер, газеттер, альбомдар, Шығармалар жинағы, Қазақ әдебиеті оқулығы, хрестоматия I, II том.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ.

I. Ұйымдастыру бөлімі (2 мин):

- а) «Менің Қазақстаным» әнұраны.
- ә) Тәртіп секторының баяндамасын қабылдау;
- б) Оқушылардың сырт көрінісіне назар аудару, құрал-жабдықтарын тексеру;
- в) Оқушыларды жұмыс орнына отырғызу, кезекші тағайындау, түгелдеу;
- г) Техника қауіпсіздігін еске салу.

I. Қызығушылығын ояту стратегиясы.

II. Мұғалім сөзі: (2 мин.) (Интерактивті тақта, слайдтар көрсету)

Қазақ халқының тарихына өшпестей із қалдырған ғұламаларды естен кетпестей еткен нендей құдірет?! Ол қандай қайнар бұлақтың бастауы?

Бұл құдірет қазақ халқының жарқын болашағына мол мұра қалдырған үш алып ғұламалардың: Абай, Ыбырай, Шоқандардың кәусәр бұлақты мөлдір шығармаларынан, олардың азаматтық, патриоттық сезімдерінен бастау алған болатын.

Бұл құдірет – Абай, Ыбырай, Шоқандар жөн сілтеп кеткен үш арналы жолды – ағартушылық, ғалымдық, ақындық арнаны – өзіне мұра тұтып, әрі қарай дамыта түскен жарқын бейнесімен, еселі еңбегімен, даналық кеменгерлігімен келіп жеткен мұра еді.

Ендеше, біздің бүгінгі сабағымызға арқау боп отырған, осы үш бәйтерек – ұлы ғұламаларымызға арналады.

Мен топты үш топқа бөлдім: 1-топ – Шоқан ауылы; 2-топ – Ыбырай ауылы; 3-топ – Абай ауылы.

III. Сабақтың жүру жоспары:

Жоспар:

1-кезең: Үй жұмысы (Оқушылар өздері қорғайды).

2-кезең: «Кім жылдам?»

3-кезең: «Ойлан, тап!»

4-кезең: Шығармашылық жұмыс.

II. Мағынаны тану стратегиясы.

1-тур: Үй жұмысы.

(Әр топ оқушылары берілген тапсырма бойынша үй жұмысын өздері қорғайды. Әр тақырып бойынша жасалған хронологиялық кестені қолданады).

1-топ. Шоқан ауылы. (8 мин).

1-оқушы. Әбдіхан Сейілхан:

- Бұл күнде аты мәшһүр дана Шоқан,
Өр тұлға, кесек ойлы дара Шоқан.
Қазақтың аспанында жұлдыздай боп,
Жарқырап ағып өткен баба Шоқан!

(Маман Ементаев).

«Намысқойлық – қазақ халқының қозғаушы ұлы күші. Халықтың кемеліне келіп, өркендеуі үшін, ең алдымен, азаттық пен білім керек» деп жазған Ш.Уәлихановтың сөзі бүгінгі таңда егеменді елдің ұрпақтарына үлкен рух, сенім, күш береді.

Біз, қазақ аспанында құйрықты жұлдыздай жарқ етіп, қысқа ғұмырында халқына өлмес, өшпес мұра қалдырған қазақтың біртуар ғалымы Ш.Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығына байланысты «Шоқан кім?» деген сұрақ төңірегіндегі ойымызды кезек-кезегімен талдап көрсетейік:

2-оқушы. Әсілбек Ажар:

- Шоқан есімі қайдан шықты? Қазақ арасында өте көп оқыған адамдар шағатай, яғни, ертедегі түрік тектілердің әдеби тілімен сөйлеген. Олар хат жазса, «шұ», «ұшбұ»-деп жазған. Шоқанның ата-анасы оның мінезіне қарап осы «хан» болады деп біліп, баласын еркелетіп, «Шағатай тілі мәнерімен», «Шұхан» деп атаған. Сол

Шоқан болып кеткенге ұқсайды. Мұхаммед-Ханафия – кей ресми құжаттарда ғана жазылатыны болмаса, ол бүкіл ғұмыр кешкен ортасына, заманына Шоқан есімімен танылды, жаһан ғылымының биіктеріне, туған халқының жарқын болашағына ұлы Шоқан болып, Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов болып атанды. «Шоқан тек бір мамандықты ғана жақсы білетін ғалым емес, ол әр жақты ғалым», - деп профессор, зерттеуші ғалым Қ.Жұмалиевтің айтқан пікіріне қосыла отырып, Шоқанның ғылымның қай саласында да өзіндік орыны бар қазақтың тұңғыш ғалымы екенін дәлелдейік.

Біз үшін Шоқан қандай адам және ол кім?

Шоқан кім?

- | | |
|--------------------------------|----------------------------|
| 1. Географ – саяхатшы. | 8. Этнограф. |
| 2. Аудармашы. | 9. Ағартушы-демократ. |
| 3. Тарихшы. | 10. Философ. |
| 4. Суретші. | 11. Әскери білімді офицер. |
| 5. Социолог. | 12. Талантты ғалым. |
| 6. Публицист. | 13. Әдебиет зерттеуші, |
| 7. Құқықтанушы,
реформатор. | филолог. |

3-оқушы. Көмекбай Ұлбала:

- Мен, Шоқан Уәлихановтың шыққан тегі кім? деген сұрақ қою арқылы бастап, олардың қазақ тарихында алатын орыны қандай екен бәріміз талдап көрейік:

Тегі төре тұқымынан шыққан.

Арғы атасы – Абылай хан. Оның үлкен ұлы Уәли – Шоқанның бел атасы.

«Текіден текті туар қайталанбас».

Абылай хан → Уәли хан → Шыңғыс →
1. Шоқан
2. Жақып
3. Әбілмақыжан (Мақы)
4. Мақымет
5. Сақыпкерей (Қазеке)
6. Нұрмұхамед

Шоқан Уәлихановтың өмір жолына арналған хронологиялық кестеге назар аударайық және саралап көрейік:

1835 жылы қараша айында	Шоқанның азан шақырып қойған аты Мұхаммед-Ханафия Шыңғысұлы Уәлиханов қазіргі Қостанай облысы, Құсмұрын бекінісінде дүниеге келген.
1847-1853 жылдары	Құсмұрындағы ауыл мектебінде оқып, хан тұқымының дәстүрі бойынша араб, шағатай тілдерін жақсы меңгереді. Омбы Кадет корпусында білім алған.
1853 жылы	Омбы генерал-губернаторы Г.Х.Гасфорттың адъютанты болып қызмет етеді.
1854 жылы	Жетісу, Шығыс, Орталық Қазақстан өлкелерін аралап, саяхатқа шығады.
1856 жылы	Шоқан Қырғыз еліне, Ыстықкөл аймағына сапарға шығады.
1858 жылы	Шығыс Түркістанға (Қашқарияға) сапарға шығады.
1857 жылы, 17 ақпанда	Орыстың императорлық географиялық қоғамына толық мүше болып сайланды.
1859-1861 жылдың көктеміне дейін	Ресей мемлекетінің сол кездегі астанасы Санкт-Петербургте тұрады.
1864 жылы	Генерал М.Г.Черняевтің әскери жорығына қатысады.
1865 жылдың сәуір айында	Талдықорған облысы, Кербұлақ ауданы, Алтынемел жотасының етегінде Көшентоған мекенінде дүниеден өтті.

4-оқушы. Бекеул Бақыткұл:

- Шоқан Уәлиханов әдебиет теориясының кейбір мәселелерімен де шұғылданды, қазақ поэзиясының жанр, түр, өлең құрылысын зерттеген. Қазақ өлеңдерін ол 5 түрге бөлген, олар: жыр, жоқтау, қара өлең, қайым өлең, өлең. Бұл жөнінде Т.Н.Потанин: «қазақ халқы оның жазғандарын оқыса, Шоқан өз халқының данышпаны болар еді және өз елінің әдебиетін өркендетуге негіз сала алар еді»- деп айтқан еді. Шоқан әдебиет теориясын үш түрге бөлді:

1. Поэзия жанры, түрі.
2. Өлең құрылысы.
3. Аңыз-әңгімелер.

Шоқанның жазып қалдырған еңбектері біз үшін алтын тұғырмен тең, теңдесі жоқ қазына, атап айтсақ:

“Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде”.

“Қазақ шежіресі”.

“Сот реформасы жайында хат”.

“Қырғыздар туралы жазбалар”.

“Іле өлкесінің географиялық очерктері”.

“Ұлы жүз туралы”.

Сөзімнің аяғында, Е.Ибраһимнің «Аққан жұлдыз» атты өлеңін «бабам Шоқанның рухына» арнаймын:

Аққан жұлдыз атаныпсың,

Жан бабам!

Ғасырлардан ғасырларға самғаған.

Сорғалапсың қараңғыда тұңғиық,

Тамғандай-ақ ғарыштағы таңбадан.

Асыл бабам,

Аққан жұлдыз атанған,

Аққан жұлдыз,

Лапылдаған от-арман,

Аққан жұлдыз,

Ағып өткен найзағай,
Саналардың сағыныш тауын қопарған.

5-оқушы. Нүрсейіт Ратбек:

- Шоқан Уалиханов жан-жақты адам болған, оның ерекше бір қасиеті саяхатшылық, зерттеушілік жұмыстарының арқасында жазылып, бізге жеткен мынандай еңбектерін атап өтуге болады: «Жоңғария очерктері»; “Манас”; “Ыстықкөл сапарының күнделігі”; “Алты шаһарға сапар”; «Қырғыздар туралы жазбалар»; «Шығыс Түркістан»; «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар»; «Қырғыздың ата-тегі» және тағы басқа еңбектері ғылыми тереңдігімен қатар, оқырманды баурап алатын көркемдік қасиеттерімен де құнды.

Шоқан 1858 жылы Шығыс Түркістанға (Қашқарияға) сапарға шыққан, картадағы қызыл сызық бойынша (**Картамен жұмыс**) әр елді мекендерге саяхат жасап көрсетейін.

6-оқушы. Дүйсенов Бақберген:

- «Алтышаһар немесе Қашқария туралы» атты еңбегінен Қашқария туралы баяндап берейін:

Қашқария – үш жағы бірдей биік тау жоталарымен қоршалған, төртінші жағы – шығыс жағы Гоби даласымен ұласып жатқан құмды сахара. Шекаралық тау жоталарының ішінде жол қатынасына қолайлысы – Тянь-Шань тауы.

Бұл тау арқылы үш жол өтеді. Таудан талай өзен ағып шығады. Осы өзендер болмаса, бұл құлазыған құнарсыз жерлер адам мекені бола алмас еді.

Қытайдан Қашқарияға келетін жалғыз-ақ жол бар. Ол бір жақсы өңделген жол және оның бойындағы елсіз жерлерде пошта тасу міндетін атқаруға тиісті қашқарлықтар мекендейді.

Ауа райы жақсы, жергілікті адамдарға оның таза ауасы қандай жақса, шетелдіктерге де сондай жағады. Қысы ұзақ болмайды, қары көп жатпайды.

Өлкенің минералдық байлықтары аз зерттелген, әйтсе де алтын және мыс кендері бар екенін аңғартқандай белгілер кездеседі. Бұл елде жүзім, мақта, астық және бақша өсімдіктері егіледі. «Алтышаһар» халқының санын анықтау мүмкін емес. Қытайлардың қала деп санап жүрген ең үлкен қыстақтарының өзінде халық саны өте аз. Қашқар округының ең үлкен қыстақтары Файзабад пен Ханрықта небәрі 2 мыңға жуық үй бар. Қашқарлықтар мейірбан әрі бауырмал, жарқын мінезді, еңбекқор және мейлінше сыпайы халық болып келеді.

7-оқушы. Әбдіхан Сейілхан:

- «Халықтың дұрыс өсіп, дамуы үшін ең әуелі бостандық пен білім керек», - деп халықтың жарқын болашағы үшін жас ғұмырын сарп еткен қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқанның арманы бүгінгі күні орындалды. Еліміз тәуелсіздігін алып, білім мен ғылым жолында құлашын кеңге жайып келеді.

«Кімде-кім мәдениетті, білімді адам боламын, сол арқылы өз еліме, өз Отаныма бір пайда келтіремін десе, Шоқанның өмірі мен ісінен үлгі алуы керек», - деп ойлаймын.

2-топ. Абай ауылы (8 мин).

8-оқушы. Мады Әйгерім:

- «Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс».

Н.Ә.Назарбаев.

Абай Құнанбайұлының өмір жолына арналған хронологиялық кесте:

10 тамыз 1845 ж.	Туған кездегі есімі: Ибраһим Құнанбайұлы. Қазіргі Семей облысының Шыңғыс тауларында Қарқаралының аға сұлтаны Құнанбайдың төрт әйелінің бірі, екінші әйелі Ұлжаннан туған. Ақынның арғы тегі Орта жүз Тобықты Арғын ішіндегі Олжай батырдан басталады.
1855-1858 ж.	Абай әуелі ауылдағы Ғабитхан молладан сауатын ашады да, 10 жасқа толған соң 3 жыл Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқиды. Бұл медреседе араб, парсы тілдерінде, негізінен, дін сабағы жүргізілетін еді. Медресенің үшінші жылында Абай Семей қаласындағы “Приходская школаға” да қосымша түсіп, орысша сауатын аша бастайды. Бірақ бұл оқуын әрі жалғастыра алмай, небәрі 3 жылдан соң, оның мұсылманша да, орысша да оқуы аяқталады.
1858 жылы	13 жастағы Абай ел ісіне араласады. Абай әке қасында болған жылдарда атқа мінер би-болыстардың қулық-сұмдықтарын, қазақ даласына ыдырай бастаған феодалдық-рулық қатынастардың кереғар қайшылықтары мен кіріптар еткен әлеуметтік теңсіздіктің зардаптарын, аштық пен жалаңаштықты, патриархалдық, кергартпа салт-сана, әдет-ғұрып заңдарының залалдарын айқын түсінді.
1876-1878 жылдары	Патша үкіметінің отаршылық саясаты мен паракор орыс әкімдерінің жергілікті би-болыстардың арамза әрекеттерін айнытпай танып, көкірегінде жиіркеніш сезімі оянып, соларға қарсы күресуге бел буды, «елге пайдалы, адамгершілігі бар, әділ басшы болсам ғана жақсы адам боламын» деген тұжырымға бекіді. Осы мақсатпен болыс сайлауына түсіп, жеңіп шығады да, 1876-1878 ж. Қоңыр-Көкше еліне болыс болады. Бұл жылдары Абай өз қолындағы билікті пайдаланып, әділдік таразысын тең ұстауға күш салды. Әлсізге зорлық көрсеткендерді, ұрлық жасағандарды қатты жазаға тартып, халық қамқорына айналды.
1870-1880 жылдары	Ақын саяси қызметі үшін 1870 жылдары Петербургтен Семейге айдалып келген Михаэлиспен, 80-жылдарда орыс демократтары Н.И.Долгополов, А.А.Леонтьевпен танысады. Бұл озық ойлы азаматтардың Абайдың саяси-әлеуметтік көзқарасына игі ықпал тигізгені сөзсіз.

1880-1998 ж.	Абай өлең жазуды 10 жасында (“Кім екен деп келіп ем түйе қуған...”) бастаса, өз өлеңдерін шығаруды шамамен 1880-1997 ж. аралығында көбірек қолға алған. Өлеңдерін әркімдердің атымен таратып, Көкбай атынан бастырған ақын жазған өлеңдерін “жинауды” шәкірттеріне 1896 ж. ескерткен. Ал қара сөзбен жазылған ғаклия-өсиеттерін 1890-98 ж. аралығында қолға алған.
Қызметі:	ақын, ағартушы, философ, композитор, саяси қайраткер.
Ата-анасы:	Әкесі: Өскенбайұлы Құнанбай. Анасы: Ұлжан. Әжесі: Зере.
Қайтыс болған жері: 6 шілде 1904 ж. (58 жас).	Семей облысының Шыңғыс тауларында Қарқаралы жерінде дүниеден озды.

9-оқушы. Ахмеджан Нұржан:

- Ақынның арғы тегі Орта жүз Тобықты Арғын ішіндегі Олжай батырдан басталады. Олжайдан Айдос, Қайдос, Жігітек есімді 3 ұрпақ тарайды. Бұлардың әрқайсысы кейін бір-бір рулы ел болып кеткен. Айдостың Айпара деген әйелінен: Ырғызбай, Көтібақ, Топай, Торғай, деген 4 ұл туады. Бұлардың әкесі момын, шаруа адамы, ал шешесі өткір тілді, өр мінезді әйел болған. Сол Айпара балаларына:

«Шынжыр балақ, шұбар төс, Ырғызбайым,
Тоқпақ жалды, торайғыр, Көтібағым,
Әрі де кетпес, бері де кетпес, Топайым,
Сірә да оңбас, Торғайым...»

Ана айтқанындай, шынында, бұлардың ішінде Ырғызбай ортасынан оза шауып, ел басқарған. Ырғызбайдан Үркер, Мырзатай, Жортар, Өскенбай

тарайды. Өскенбай шаруаға жайлы, билікке әділ кісі болғандықтан, “Ісің адал болса Өскенбайға бар, арам болса Ералыға бар” деген мәтел сөз қалған. Өскенбайдың әйелі Зереден Құнанбай туады. Құнанбай 4 әйел алған адам:

Оның бәйбішесі Күңкеден – Кұдайберді, інісі Құттымұхамбетке айттырылып, қалыңдық кезінде жесір қалған соң өзі алған екінші әйелі: Ұлжаннан – Тәңірберді (Тәкежан), Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі Айғыздан – Халиулла, Ысмағұл туады. Қартайған шағында үйленген ең кіші әйелі Нұрғанымнан ұрпақ жоқ. Абайдың «Атадан алтау, анадан төртеу едім» дейтіні осыдан. Болашақ ақын сабырлы мінезімен, кең пейілімен ел анасы атанған “кәрі әжесі” Зеренің таусылмайтын мол қазынадай аңыз-ертегілерін естіп, абысын-ажынға мінезі жайлы, әзіл-қалжыңға шебер, жөн-жобаға жетік өз анасы Ұлжанның тәрбиесінде өсті.

Абай үш әйел алған. Бәйбішесі Ділдадан: Ақылбай, Әбдірахман, Күлбадан, Әкімбай, Мағауия, Райхан; екінші әйелі Әйгерімнен: Тұрағұл, Мекайыл, Ізкайел, Кенже деген 7 ұл, 3 қыз сүйген. Келіндей алған әйелі Еркежаннан ұрпақ көрген жоқ.

10-оқушы. Ахатай Аяулым:

- 1891 жылдан бастап Абай басына ауыртпалық түсіп, бір-біріне ұласқан қайғы бұлты ашылмай қояды. Осы жылы ақынның сүйікті інісі Оспан жарық дүниеден өтеді. Одан кейін орысша әскери білімі бар, үлкен үміт күткен баласы Әбдірахманнан айырылады. Бұлардың қазасының ақын жанына қандай батқаны оның осы тақырыпқа арнаған топтама өлеңдерінен айқын көрінеді. Сөйтіп жүргенде, соңғы тіренішіндей болған дарынды ақын баласы Мағауия да қайтыс болды.

Осындай қабаттасқан қайғы-қасіреттен күрт сынған Абай Мағауияның қазасынан кейін қырық күннен соң өзі де дүние салады. Ақынның сүйегі Шыңғыстаудың ығындағы Жидебай мекенінде, інісі Оспанның жанына жерленеді. Бұл күнде ол арада қазақтың ұлы екі перзенті – Абай мен Шәкәрімге деген ұрпақтың өшпес махаббатының, ізгі құрметінің белгісіндей болып, сәулет өнерінің соңғы үлгісімен салынған қос мұнаралы кешенді алып мазар тұр.

11-оқушы. Қалмұрза Ұлбосын:

<p>Шығармалары: Абай өлең жазуды 10 жасында «Кім екен деп келіп ем түйе қуған...» бастаған. Одан басқа ертеректе жазылған өлеңдері – «Йузи-рәушән», екіншісі – «Физули, Шәмси». «Сап, сап, көңілім», «Шәріпке», «Абралыға», «Жаксылыққа», «Кен жайлау» өлеңдері 1870-80 жылдар аралығында жазылған. Ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы – «Қансонарда» 1882 ж. жазылған. Шығармалары үш жүйемен өрбиді: бірі – өз жанынан шығарған төл өлеңдері; екіншісі – ғақлия (немесе Абайдың қара сөздері) деп аталатын прозасы; үшіншісі – өзге тілдерден, әсіресе, орысшадан аударған өлеңдері. Шығыстың екі хикаясын «Масғұт» және «Ескендір» деген атпен өлеңге айналдырған поэмалары бар.</p>	<p>Қарасөздері: Абайдың қара сөздері (Ғақлия) – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған. Абайдың қара сөздері сондай-ақ, жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды. Оның қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан «Абай» журналында жарық көрді. Кейіннен, Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз, т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды.</p>
---	---

Ақын шығармашылығындағы елеулі орын алатын бір сала – поэмалары. Абайдың үш поэмасы бар, олар: «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі».

Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихында дараланып тұрған ұлы тұлға.

12-оқушы. Юлдашева Муниса:

- Абай – дара, Абай – дана!

Абайдың орыс поэзиясынан алған тағы бір үлгісі – табиғат лирикасы. Табиғат – адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Оны дүниежүзінің классик ақындары беріле жырлаған. Біреулер таза пейзаждық суреттер жасаса, екінші біреулері табиғат арқылы қоғамдық өмірді суреттейді. Абай да табиғатты өзінше жырлаған. Абайдың «Жаз», «Күз», «Қыс», «Қараша желтоқсанмен сол бір-екі ай», «Желсіз түнде жарық ай» атты табиғат лирикалары бар. Абай қыс табиғатын бұдан өзгешелеу стильде суреттейді. Қыс бейнесін «тірі адам, шал» бейнесінде суреттеу арқылы қазақ әдебиетіне кейіптеу үлгісін әкелді.

Абайдың өлеңдері оқылды (оқушылар 3 шумақтан оқиды).

«Қыс». Нуриева Тамара.

«Жаз». Юлдашева Муниса.

«Күз». Атеева Зарина.

«Қыс». Әбдіров Ермек.

13-оқушы. Мады Айгерім:

- Абай поэзиясы – адамзаттың асыл қазынасы.

Көп адам дүниеге бой алдырған,

Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.

Өлді деуге бола ма ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған,- деп, кемел ақын, кемеңгер ойшыл Абай Құнанбайұлының өзі

айтып кеткеніндей ақын шығармалары – осы күнгі бай, ұлттық әдебиетіміздің алтын діңгегін қалады.

3-топ. Ыбырай ауылы (8 мин).

14-оқушы. Смаил Оразбек:

- Кел, балалар, оқылық!

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!

Оқысаңыз, балалар,

Шамнан шырақ жағылар!

Тілегенің алдыңнан,

Іздемей-ақ табылар!

Ы.Алтынсарин – балалар әдебиетінің атасы. Бүкіл өмірін қазақ балаларын оқытуға арнаған. Сол мақсатпен алғаш рет балаларға арнап мектеп ашып, оқулық жазған.

15-оқушы. Исмаилова Мухайя:

- Шоқан Уәлихановтың өмір жолына арналған хронологиялық кестеге назар аударайық және саралап көрейік:

1841 ж. 20 қазан	Қазіргі Қостанай облысы, Қостанай ауданында дүниеге келген.
1850-1857 жылы	Орынбордағы орыс-қазақ мектебіне қабылданып, мектепті «үздік бағамен» бітіріп шығады.
1857-1859 жылдары	Атасы Балғожаның қарауында тілмаштық қызмет атқарады.
1859 жылы	Орынбор облыстық шекара басқармасына тілмаш болып орналасады.
1860 жылы	Батыс Қазақстан өлкесінен ашылған Торғайдағы мектепке мұғалім болып тағайындалады.
1864 жылы қаңтардың 8 күні	Торғайда мектеп ашады.
1876 жылы	Петербург, Қазан қалаларына барып, орыс ағартушыларына еліктеп, тұңғыш оқулықтар жазуға кіріседі.

1879 жылы	Торғай облысы мектептерінің инспекторы болып тағайындалады. Осы жылы «Қазақ хрестоматиясы» атты кітабы шығады.
1879-1883 жылдар аралығы	Торғай, Ырғыз, Троицк, Ақтөбеде жаңа мектептер ашады.
1881 жылы	Омбы қаласында тұңғыш мұғалімдер мектебі ашылады.
1883 жылы	Торғай қаласында қолөнер мектебі ашылады.
1887 жылы	Ырғызда тұңғыш қыздар мектебін ашады.
1889 жылы 9 шілде (48 жас).	Дүниеден өтеді.

16-оқушы. Нүрсейіт Ильяс:

- Ағартушы Ыбырай Алтынсарин өзінің алғашқы оқулығын жазған кездегі мақсатын хрестоматияның алғы сөзінде көрсеткен, яғни: «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім...» деп тұжырымдаған. Өйткені хрестоматияға Ыбырай өзінің педагогтық мақсатына лайықтап жазған тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелерін, өлеңдері мен ауыз әдебиеті үлгілерін, сондай-ақ орыс педагогтері мен айтулы орыс қаламгерлерінен аударған шығармаларды енгізген еді.

Ұлы педагогтың шығармаларын мына кесте бойынша талдап өтейін:

Өлеңдері	Аудармалары	ӘҢГІМЕЛЕРІ		
		Еңбек тақырыбы	Тәрбие тақырыбы	Махаббат тақырыбы
«Кел, балалар,	«Қайырымды	«Өрмекші, құмырсқа,	«Қыпшақ Сейітқұл»;	«Аурудан аяған

оқылық!»; «Ананың сүйі»; «Өзен»; «Жаз»; «Өнер-білім бар жұрттар»; «Бұл кім?»; т.б.	түлкі»; «Қарға мен түлкі»; «Екі шыбын». (И.А. Крыловтан)	қарлығаш»; “Бай баласы мен жарлы баласы”, “Әке мен бала»; «Атымтай Жомарт», «Асыл шөп», т.б.	«Талап-тың пайдасы»; «Бақша ағаштары».	күштірек»; «Мейірімді бала»; «Жаман жолдас».
--	---	--	---	--

17-оқушы. Ыбырай өлеңдерін жатқа оқиды.

18-оқушы. Абжалов Нуридин:

- Қазақтың әйгілі ағартушысы, талантты ақын, балалар жазушысы Ыбырай қазақ балалары үшін мектептер ашты, оның жазған өлеңдері мен әңгімелері балаларды өнерлі, білімді болуға, еңбекті сүйеге тәрбиелейді.

Мен Жарасқан Әбдірашевтің «Ұлы ұстазға шәкіртпіз» атты өлеңін арнаймын:

«Ұлы ұстазға шәкіртпіз»

Жырын жаттап жатамыз,
Жалықпастан қыс-жазы.
Ұлы Ыбырай ағамыз –
Ұстаздардың ұстазы.
Оқығаннан кезінде –
Озған алғаш сол екен!
Мектептердің өзін де,
Ашқан алғаш сол екен!
Ұран тастап көп елге:
«Кел, балалар, оқылық!»
Деген сөзін көңілге,
«Ықыласпен тоқыдық».
Бұларды да мектепте,

Білдік алғаш оқып біз.
 Ұлы болып кетсек те,
 Ұлы ұстазға шәкіртпіз.

III. Топтастыру – тұжырым стратегиясы.

Мұғалім сөзі (2 мин):

- Біздің бүгінгі сабағымызға арқау болып отырған, ұлылардың өшпес бейнелері мен олар салған сара жолдары туралы айтылған ұлы сөздерге зер салайық:

Шоқан туралы:	Ыбырай туралы:	Абай туралы:
Н.И.Веселовский: «Шоқан Уәлиханов – шығыстану әлеміне құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде шығысты зерттеуші ғалымдар оны ерекше құбылыс деп мойындады».	«Оренбургский листок» газеті: «Ы.Алтынсарин – қазақ арасынан шыққан тұңғыш кемеңгер адам еді, ол қараңғы халқының ішіне Еуропалық мәдениеттің жарық сәулесін таратты».	М.Әуезов: «Абай – қазақтың классикалық поэзиясының шұғылалы шыңы».

2-тур: «Кім жылдам?» (3 мин).

(Интерактивті тақта, слайд арқылы көрсету).

1. Шоқанның шын есімі кім? (Мұхамедханафия).
2. Қырғыз елін зерттеу экспедициясына қай жылы қатысты? (1836 ж).
3. Шоқан 1858 - 1859 ж. қай жаққа саяхатқа шықты? (Қашқарияға).
4. Өлеңді жалғастыр.
 Біз надан боп өсірдік
 Иектегі сақалды,
 «Өнер – жігіт көркі» деп
 Ескермедік мақалды ...
 Біз болмасақ, сіз барсыз
 Үміт еткен...
 (достарым,
 Сіздерге бердім батамды).

5. Ы.Алтынсариннің ата-анаға қатысты жазған әңгімелерінің бірін ата? («Әке мен бала»).

6. Ы.Алтынсарин кімдерге арнап училище ашты? (Мұғалімдерге арнап училище ашты).

7. Абайдың ғашығының аты кім? (Тоғжан).

8. Абай қанша жасында өмірден өтті? (59 жасында).

9. Абайдың қанша қара сөзі бар? (45 қара сөзі бар).

10. Өскенбай Абайға кім болып келеді?

(Атасы).

3-тур: «Ойлан, тап!» (3 мин).

(Интерактивті тақта, слайд арқылы көрсету).

1. Ыбырай Алтынсариннің “Қазақ хрестоматиясы” қай жылы жарық көрді? (1879 ж.).

2. Пушкиннің табиғатты жырлау дәстүрін жалғастырған кім? (Ы.Алтынсарин).

3. Абайдың “Ескендір” поэмасы қай патшаны суреттейді? (А.Македонский).

4. Шоқан қырғыз халқының қандай дастанын орыс ғалымдарына таныстырды? (Манас жыры).

5. Шоқан қазақ өлеңдерін түр жағынан нешеге бөлді? (5 түрге – жыр, жоқтау, қара өлең, қайым өлең, өлең).

6. Шоқан кадет корпусын қай жылы тәмамдады? (1853 жылы).

7. Абайдың шын есімі кім? (Ибраһим).

8. Абайдың ғылым жолына түсіп, білім алуға шақырған өлеңін ата? («Ғылым таппай мақтанба!»).

9. Кейіптеу Абайдың қай өлеңінде кездеседі? («Қыс» өлеңі).

IV. Өтілген оқу материалын бекіту.

III. Ой-толғаныс.

4-тур: Шығармашылық жұмыс (6 мин).

1. Абай ауылына:

«Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе,
Адамдықты көздесең, жаттап тоқы көңілге»
(Сұлтанмахмұт Торайғыров) атты тақырыпта
әңгіме жазу.

2. Ыбырай ауылына: «Өнер – білім бар жұрттар»
атты өлеңінің негізінде өлең шығару.

3. «Шоқан ауылына: «Жоңғария очерктері» еңбе-
гінің желісінде «Шоқанның жүрген іздері» атты
тақырыпқа карта сызу.

V. Қорытынды (3 мин).

Оқушылардың білімін бағалау.

Үй тапсырмасы: «Есімдері өшпес ғұламалар»
атты тақырыпта буклет жасау.

Баян САЛХОДЖИНОВА,
Қызылорда қаласындағы
№173 Ә.Молдағұлова атындағы
орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

Сабак тақырыбы:	Дауысты дыбыстардың жіктелуі. Менің жанұям.
Жалпы мақсат:	Буын, дауысты дыбыстардың жіктелуі туралы ақпарат беру; «Жанұя» мәтініне қатысты айтылған ақпараттарды тыңдап түсіну арқылы коммуникативтік сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Сілтеме:	1. Т.Артықова, А.Жақанбаева. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі». 2. 6-сыныпқа арналған оқулық.	
Оқушылар үшін күтілетін нәтижелер:	Дауысты дыбыстардың жіктелуін үйренеді, фонетикалық талдау жасайды. «Менің жанұям» тақырыбы бойынша сөз тіркестерін дұрыс айтуға, сауатты жазуға үйренеді.	
Сабакта қолданылатын материалдар:	1. Интерактивті тақта. 2. Power Point-та жасалған презентация. 3. Плакат, стикер, маркерлер.	
Оқыту әдістері:	Жаңа әдістер. АКТ ақпараттық ком. тех. СТО сыни тұрғыдан ойлау.	1. Диалог. 2. Жеке жұмыс. 3. Топтық жұмыс.
Дерек көздері:	Оқушы анықтамалығы. 6-сыныпқа арналған электронды кітапша.	
Тапсырмалар:	Сұрақтарға жауап беру, талдау, « Тыңдап отырған бестік » ойыны.	

Сабак бойынша мұғалім мен оқушының іс-әрекеті:

Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу. (3 мин.)	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
	Шаттық шеңберін құрғызады.	Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жылы лебіз айтады.
«Суреттер аллеясы». Сергіту сәті.	Сыныпты топқа бөлу. Оқушыларға сурет қиындылары таратылып беріледі. (Ата-әжелердің, ата-аналардың, әртүрлі жастағы балалардың суреттері таратылады).	Сурет қиындыларын жинау арқылы топ құралады.
Үй тапсырмасын сұрау. (7 мин.)	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:

	Әр топқа тапсырма беріледі. 1. Үндестік заңы. 2. Буын үндестігі. 3. Дыбыс үндестігі.	1. Топ болып үйге берілген ережені айтады. 2. Тақырыпты қорғайды. Топтар «Бағдаршам» әдісі бойынша бірін-бірі бағалайды.
Жаңа тақырып. (20 мин.)	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
	Мұғалім тақтада берілген сызбалар бойынша грамматикалық тақырыпты түсіндіреді. Грамматикалық тақырып бойынша сұрақтар қояды.	Оқушылар осы сызбаларды дәптерлеріне көшіріп жазады. Оқушылар сұрақтарға жауап береді.
Сергіту сәті. (2 минут)		Оқушылар билейді.
Қорытындылау (5 мин.)	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
	Фонетикалық талдауды үйретеді.	Оқулықта берілген фонетикалық талдауды негізге ала отырып, оқушылар берілген сөздерге фонетикалық талдау жасайды. Әр топқа әр түрлі сөздер беріледі. 1-топ: мамандық ; 2-топ: заңгер ; 3-топ: шөбере . Дайындыққа 4 минут уақыт. Содан кейін оқушылар жауап үлгісі бойынша

		бір-бірінің тапсырмаларын тексереді. 1. Бір-бірін бағалау. 2. Топтық бағалау.
Сөздікпен жұмыс.	Жаңа сөздермен таныстырады. 1. Осы сөздердің мағыналарын түсіндіреді, аударады. 2. Дұрыс айтуға дағдыландырады.	Оқушылар мұғалімнен кейін сөздерді дауыстап оқиды; тізбекпен оқиды. Жаңа сөздерді сөздік дәптерге жазу.
Дәптермен жұмыс.	Жазбаша тапсырма береді.	1. Жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрайды. Онша үлкен емес, жеке меншік үй, балалар дәрігері болып істейді,... 2. Сөйлемдер құрау. 1. Менің отбасым онша үлкен емес. 2. 3. Екі жұлдыз, бір ұсыныспен топты бағалайды.
Сергіту жаттығу.	Кітаптан өлеңді оқытады.	Әли Ысқабайдың өлеңін хормен мәнерлеп оқиды.
Лексикалық тақырып: «Менің жанұям» Топпен жұмыс.	Тақтада берілген сызба бойынша жаңа тақырыпты түсіндіреді.	а) Оқушылар тақтадағы сызбаға қарап, жаңа тақырыпты мұқият тыңдайды. Сызбаны дәптерлеріне көшіріп жазады. ә) Содан кейін оқулықта берілген мәтінді іштей бір рет оқиды. б) Мәтін бойынша

		<p>«Тыңдап отырған бестік» ойыны. Ұйымдастыру: Оқушылар бесеуден отырады, екеу-екеуден қарсы, ал біреуі сәл алшақта – сөйлесуге қатыспайды, бірақ бақылайды. Жаттығудың сипаттамасы: Оқушылар топта бесеуден отырады. Әр оқушы сөйлеуші, сұрақ қоюшы және жазып алушы рөлін атқарады.</p>
		<p>Сөйлеуші бір нәрсені айтады, сұрақты түсіндіреді немесе пікірін білдіреді. Сұрақ қоюшы көмектесіп айтып отырады және түсініктеме беруді сұрайды. Жазып алушы қажетті жерлерін түргіп алып, әңгіме соңында қорытынды береді. Келесі жолы рөлдер ауысады. Өлшемдер бойынша бағалау.</p>
<p>Сұрақты ұстап ал!</p>	<p>Мұғалімнің сұрақтарына жауап беру. 1. Сенің отбасың үлкен бе? 2. Отбасыңда қанша адам бар? 3. Сенің ата-анаң қай жерде жұмыс істейді?</p>	<p>Оқушылар ойынның шарты бойынша жүреді.</p>

	<p>4. Сенің әпкең, ағаң, інің, сіңлің (қарындасың) бар ма? 5. Олар неше жаста? 6. Олар не істейді?</p>	
<p>Жүппен жұмыс.</p>	<p>Мұғалім оқушыларға жүппен тапсырма береді. №1. Сұрақтарды аударыңдар: 1. Как тебя зовут? 2. У тебя есть бабушка и дедушка? 3. Чем они занимаются?</p>	<p>Сыныптағы оқушылар екі-екіден отырады. Әр оқушы өз тапсырмасын алады. Дайындыққа 5-7 минут уақыт беріледі. Жүп сұрақтарды аударды.</p>
	<p>4. Сколько лет твоему отцу? 5. Где он работает? 6. Сколько лет твоей маме? 7. Как ее зовут? 8. У тебя есть братишка (сестренка)? 9. Что они делают? 10. Где ты живешь?</p>	
	<p>№2. Сөйлемдерді аяқтаңдар. 1. Менің..... 2. Менің..... 3. Олар.... 4. Әкем..... 5. Ол..... 6. Анам... 7. Оның..... 8. Менің..... 9. Олар..... 10. Мен..... Соңынан бірін-бірі тексеру үшін жауап үлгісін таратады.</p>	<p>Жүп сөйлемдерді аяқтайды. Содан соң оқушылар бір-бірінің тапсырмасын жауап үлгісі бойынша тексереді.</p>
<p>Үй тапсырмасын беру. (2 мин.)</p>	<p>Мұғалімнің іс-әрекеті:</p>	<p>Оқушының іс-әрекеті:</p>

	Сөздерді жаттау. Сызба бойынша мәтінді әңгімелеу.	Үй тапсырмасын білу, түртіп алу.
Бағалау. (4 мин.)	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
	Формативті бағалау.	
Рефлексия. (2 мин.)	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
	Сабақ бойынша кері байланыс парағы арқылы «Бүгінгі сабақ саған ұнады ма?» тақырыбында жауап алу.	Сабақ қаншалықты қиын болды? Бүгінгі сабақтың соңында қандай сезімде болдым? деген сұрақтарға жауап береді.

Гүлсара ҚАЛИЕВА,
Шығыс Қазақстан облысының
жетім балаларға арналған
арнайы мектеп-интернатының
жаратылыстану және география
пәнінің мұғалімі.

ЖАПЫРАҚ

(7-сынып)

Мақсаты: білімділік – өсімдікті жапырағының құрылысына қарай тануды игерту. Жапырақ

туралы мағлұмат беру, жапырақтың моделін ұсыну; **дамытушылық** – өзіндік жұмыстар арқылы ойларын жинақтау, жапырақтарды тікелей бақылау, салыстыру және олардың негізгі белгілерін анықтау арқылы ойлау, сараптау, қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – туған жердің табиғатын сүюге, оны қорғауға, қадірлеуге тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ.

Көрнекіліктер: гербарий, тірек-сызба, бейне материал, үлестірмелі материал, жапыраққа байланысты кестелер.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. ПП бағыт беру.

Сабақ классикалық музыка әуенімен басталады.

«Жерде тудың. Сонау көне заманнан,

Жазда, қыста бар уақытта мәпелеп

Жер өзіңнен нәр алған!

Жерде тудың. Ие болып сенімге

Қорғауға оны міндеттісің тегінде.

Қорға бәрін: орман, суын, ауасын

Қалсын сенің ізінде».

Бұл өлең жолдарынан не түсіндіңдер?

Бұл өлең жолдарынан әрбір адам өз туған жерінің орманын, суын, ауасын қорғай білуі керек екенін түсіндік.

- Дұрыс, балалар.

Мақсаттық бағыт беру:

Осы өлеңде айтылғандай, біздің бүгінгі сабағымыз екі бөлімнен тұратын болады. Бірінші бөлімінде: біз «Тамыр» тақырыбы бойынша қайталау жүргіземіз.

Тамырдың құрылысы, жүйесі, өсімдік өміріндегі маңызы туралы білімдерімізді еске түсіріп ортаға саламыз.

Ал, екінші бөлімінде біз сендермен жапырақтың сыртқы құрылысымен танысамыз.

«Әрбір адам өзі туралы із қалдыру үшін бір ағаш отырғызу керек екен».

Біз сендермен сынып бөлмесіне арнап, гүлзарларға талай гүлдер отырғыздық, олар міне өніп-өсіп, көзімізді қызықтырып әсемдік беріп тұр. Бүгін, сабаққа арнап мен ғажайып жас шыбық алып келдім. Оны сабақтың басында отырғызып, сабақ бойы барлық тапсырмаларды дұрыс орындасақ, ол сабақтың аяғында үлкен жайқалған бәйтерекке айналады. Ал бәйтерек деп халықта алып ағашты айтады. Бәйтерек ағашы – тек жақсылықты тілейтін қасиетті ағаш. Мен де сендерге сабақ барысында тек қана жақсылық тілеймін.

II. Бірінші шыбықтың суретін ашу (Жаңа отырғызған жас шыбық суреті)

Ал, енді, сабақтың бірінші бөлімі бойынша үй тапсырмасын қайталайық.

1. Деңгейлер бойынша кәртiшкелер тарату.

2. Өсімдіктің қай мүшесі жердің астында оны топырақта қозғалмастай етіп ұстап тұрады?

Тамыр.

3. Тамырдың қандай түрлері болады? Шашақ тамыр және кіндік тамыр.

4. Даражарнақты өсімдіктердің тамыры қандай? Мысал келтіру. Даражарнақты өсімдіктерде шашақ тамыр жүйесі болады. Бидай, арпа, сұлы.

5. Қосжарнақты өсімдіктердің тамыры қандай? Қосжарнақты өсімдіктерде кіндік тамыр жүйесі болады. Орамжапырақ, қызанақ.

6. Шашақ тамыр қандай тамырлардан құралған? Шашақ тамыр көптеген қосалқы тамырлардан тұрады.

7. Кіндік тамыр қандай тамырлардан құралған? Кіндік тамыр бір негізгі тамырдан тұрады.

8. Тірек-сызба бойынша жұмыс. Екі тамырсыз өсімдік алу, оларға тиісті тамырларын орналастырып келтіру.

9. Төртінші топқа өсімдіктің суретін алып мүшелерін дұрыс орналастыру және атап беру.

Екінші суретті ашамыз. Қайталау жұмысын жақсы орындадыңдар, сендердің дұрыс жауаптарыңнан біздің жас шыбығымыз бойын өсіріп, бәйтерекке айналыпты.

III. Жаңа тақырып.

- Ал, енді, бәйтерегіміз ары қарай да өсу үшін сабағымыздың екінші бөліміне көшейік. Қанеки, бәріміз өздеріңе таныс кестеге назар аударайық:

ӨСІМДІК МҮШЕЛЕРІ				
ТҰҚЫМ	ГҮЛ	ТАМЫР	САБАҚ	

Бір оқушы мүшелерді атап береді.

- Қандай мүшені жаңа атаған жоқпыз. Дұрыс, кестеде жапырақ деген мүше жоқ. Бүгінгі сабақта әңгіме жапырақ туралы болмақ. Бейне материалды пайдалана отырып жаңа тақырыпты түсіндіру. Жапырақ өсімдіктің өсу мүшесі. Жапырақ – жапырақ тақтасынан және жапырақ

сағағынан тұрады. Жапырақтың кеңейген, жалпақ бөлігі – **тақтасы**, сабаққа бекінетін жіңішке бөлігі – **сағағы** деп аталады. Сағағы болмайтын жапырақтарды **сағақсыз** дейді. Жапырақтың жүйкеленуі: тор жүйкелі, параллель жүйкелі, доға жүйкелі, күрделі, қарапайым жапырақтар болады.

Түсінгендерін тексеру: Сонымен жапырақ деген не? Оқушылар кестеден жапырақты, сағағын, тақтасын көрсетеді.

Үшінші суретті ашамыз. (Бәйтерек көктеп қалыпты).

Сабақты бекіту:

1. Мәтін бойынша оқып, оқығанды сұрақ арқылы бекіту.

2. Сөздік жұмыс. Сағақ, жапырақ тақтасы. Дәптерге жазып алу.

Даражарнақты өсімдіктерге – шашақ тамыр жүйесі, параллель және доға жүйкелі жапырақ болады. Қосжарнақты өсімдіктерде – кіндік тамыр жүйесі, тор жүйкелі жапырақ.

Төртінші суретті ашамыз. Бәйтерек ағашқа айналыпты.

Қорытындылау.

- Балалар, сендерге мен алдын ала тапсырма берген едім «Ағаштардың дауы» деген қойылымды тамашалайық.

Бірінші ағаш:

- Менің киімімнен көрікті киім жоқ. Қарашы, қызыл да, жасыл да, сары да, қызғылт та жапырақтарым бар. Мен – ең әдемі ағашпын.

Екінші ағаш:

- Ал, менің ойымша сіздікі сияқты ала құла киім мен сияқты салиқалы ағашқа мүлдем жараспайды. Ең сыпайы да, ең әдемі жапырақ ол – жасыл жапырақ. Бұл жапырақты мен ешқандай жапыраққа ауыстырмаймын.

- Ал, балалар, осы ағаштардың дауларына негіз бар ма?

- Жоқ.

- Жапырақ өсімдікке өте қажет.

- Өсімдікті жапырақсыз елестету қиын.

- Жапырақтың пайдасы өте зор.

- Кір ауаны сіңіреді, таза ауаны бөледі.

- Дұрыс айтасындар.

Адамның дене мүшесін қолдан айырса, адам кемтар болып қалады. Сол сияқты өсімдіктің жапырағын жұлсандар не болады? Ол өсіп-өнбейді, сондықтан да, қай жерде болмасын сыныптағы өсімдіктер, орман өсімдіктер болмасын, туған жеріміздің тамылжыған тамаша табиғатын сүю, оны қадірлеу – әрбіріміздің парызымыз.

Бесінші суретті ашамыз. - Қараңдаршы, бәйтерегіміз жайқалып, алып ағашқа айналды. Кең байтақ Қазақстанымызда алып ағаштар көп өседі, ал, енді, солардың ішінде ең әдемісі қайда орналасқан? Біздің бас қаламыз – Астанада (суретін көрсету). Әдемі ғимарат Қазақстанның нышанына айналды. Сендер де бәйтерек ағашындай мықты, көрікті болып тәуелсіз Қазақстанымыздың болашағына үлкен үлес қосындар деп тілеймін.

Сабақты бағалау.

Үйге тапсырма: мәтінді оқып келу, мазмұндау.

Фатима АШИРОВА,
учитель начальных классов
средней школы имени Ораза Жандосова
с дошкольным миницентром.
Алматинская область,
Карасайский район,
п.Жандосов.

ГЛАГОЛ КАК ЧАСТЬ РЕЧИ

Цели урока: закрепить знания о глаголе, развивать речь, орфографическую зоркость.

Оборудование: конверт, полоски с предложениями.

Ход урока.

I. Организационный момент.

II. Тема урока.

Дети:

- Что без меня предметы?

Лишь названия.

А я приду –

Все в действие придет.

Летит ракета.

Люди строят здания.

Цветут сады,

И хлеб в полях растет.

Учитель: - О какой части речи идет речь?

- О глаголе.

- Что называется глаголом? Для чего нужны глаголы?

- Это часть речи, которая называет действия.

- На доске записаны словарные слова, в них пропущены безударные гласные. Спишите, вставьте пропущенные буквы.

На доске.

Р...бота, рисун...к, р...сказ, уж...н, завтр...к.

Дети выполняют задание.

- Какие вставили буквы вместо точек?

- Гласные а, о, а, и, а.

- Какой частью речи являются эти слова?

- Это существительные.

- Образуйте от этих слов глаголы.

- Работать, рисовать, рассказывать, ужинать, завтракать.

- Вставьте подходящие по смыслу слова. Это упражнение выполняем устно.

На доске.

Зайку _____ хозяйка,

Под дождем _____ заяка.

Со скамейки _____ ,

Весь до ниточки _____ .

- Какие слова вставили?

- Бросила, остался, слезть, не смог, промок.

- Что их объединяет?

- Они отвечают на вопросы что сделала? что сделал? Это глаголы.

- Прочитайте стихотворение, которое у вас получилось.

- Зайку бросила хозяйка,
Под дождем остался зайка.
Со скамейки слезть не смог,
Весь до ниточки промок.

- Подберите синонимы к слову *загрязнять*.

Дети называют синонимы, учитель записывает их на доске.

- Составьте устно предложение с одним из этих слов.

Дети выполняют задание. Одно предложение записывается на доске и в тетрадях с комментированием. Затем дети находят в нем подлежащее и сказуемое.

III. Физкультминутка.

- Летели две птички,
Собой невелички.
Как они летели,
Все люди глядели.
Как они садились,
Все люди дивились.

Учитель предлагает детям изобразить птичек, как они летели, как садились.

IV. Тема урока (продолжение).

V. Что мы сейчас выполняли?

- Действия.

- Какая часть речи помогает нам выполнять разные действия?

- Глагол.

- Вставьте недостающие буквы и прочитайте, что получилось.

На доске.

У ... п... шк ...	дв...	ст... р... шк ...
Бр...л...	гр... зд... и	в... лн... шк... .

Один ученик работает у доски, остальные – в тетрадях.

- Что записано?

- Скороговорка.

- Какая?

- У опушки две старушки.

Брали грузди и волнушки.

- Подчеркните глагол двумя чертами. Повторите скороговорку вполголоса друг другу.

Дети выполняют задание.

- На доске записаны слова, вы должны найти пары.

На доске.

ножницами	рубят
молотком	пилят
топором	ловят
пилой	измеряют
плугом	забивают
удочкой	стригут
градусником	пашут

Дети по очереди выходят к доске, находят пары и стрелочками соединяют их.

- В каком столбике записаны глаголы?

- Во втором.

Далее дети работают в парах.

• На каждой парте лежит конверт, на котором написано название рассказа «Канарейка», в конверте – полоски с предложениями.

1. Эта птичка живет только в клетках.

2. Она прижилась у человека.
3. Радует чудесным пением во все времена года.
4. Родина птицы – Канарские острова, недалеко от берегов Африки.

5. Оттуда птица перекочевала в Европу.

Задача детей разложить предложения в правильной последовательности. Проверка составленного текста делается устно.

• У каждого ученика на парте лежит сигнальная карточка с определенным цветом.

На доске записаны задания для двух вариантов (красного и зеленого).

Красный

1. Запишите первое, второе и последнее предложения.
2. Подчеркните подлежащее и сказуемое в первом и втором предложениях.

Зеленый

1. Запишите первое предложение.
2. Подчеркните подлежащее и сказуемое в предложении.

Проверка по вариантам.

V. Итог урока.

- С какой частью речи мы сегодня работали?
- С глаголом.
- На какие вопросы отвечают глаголы?
- Что делать? Что делает? Что делают? Что сделать?
- Что они обозначают?
- Действие предмета.
- Каким членом предложения бывают?
- Сказуемым.

Учитель читает стихотворение В.Воскобойникова.

Я пришел из школы,

Я учу глаголы...

Мне их выучить пустяк!

У меня свой метод!

Применяется он так,

Новый метод этот:

«Кричать» - кричу,

«Вертеть» - верчу,

«Двигать» - двигаю,

«Прыгать» - прыгаю.

Я и прыгал! Я и двигал!

Я и топал! Я и пел!

Пел, пока у нас в прихожей

Вдруг звонок не зазвенел!..

Открываю: наш сосед...

(Он живет под нами).

Не причесан, не одет –

В тапках и в пижаме.

Он кричит:

-Прошу прощенья!

Это что – землетрясение?

Или, может быть, слоны

Надо мной поселены?!

- Уважаемый сосед,

Никого в квартире нет.

Я пришел из школы

И учу глаголы...

- Я надеюсь, что вы глаголы так учить не будете, поэтому соседи от вас не пострадают.

VI. Домашнее задание: подберите и запишите глаголы по группам.

Гульжазира ДОБАНОВА,
учитель начальных классов
средней школы имени Ломоносова
с миницентром.

Алматинская область,
Енбекшиказахский район,
село Тургень.

МОЙ КАЗАХСТАН

Цель: продолжать расширять представление детей о Казахстане.

Задачи: образовательные – закрепить знания детей государственной символики РК. Учить выразительно рассказывать стихи. Учить составлять знакомые слова из букв. Учить чётко произносить слова на русском и казахском языках. Закреплять умение работать по схемам – моделям слов, составлять знакомые пословицы, делить слова на слоги. Учить дружно выполнять коллективную работу; **развивающие** – развивать выразительную речь, память, мышление, внимание, творческие способности, микрогрупповое взаимодействие; **воспитательные** – воспитывать любовь к Родине. Стремление поддерживать дружбу, проявлять внимание друг другу. Воспитывать интерес к прошлому, настоящему и будущему своей страны. Воспитывать самостоятельность, аккуратность. Повышать чувства собственной значимости.

Словарная работа: символика, герб, флаг, гимн, гражданин, независимость, отан, достық.

Билингвальный компонент: достық – дружба, Отан – Родина, бірге – вместе, балалар – дети, жақсы – хорошо, жарайсындар – молодцы, гүлдер – цветы.

Наглядность: эмблемы, казахские национальные жилетки для детей, музыкальное сопровождение, карта, государственная символика РК, стихи, схемы пословиц, сюжетные картинки, видеокамера.

Предварительная работа: дети знают стихи о Родине, о дружбе, беседа о символике, работа по карте Казахстана.

Ход занятия:

1. Дети входят в класс, здороваются с гостями. Круг радости на казахском языке.

Күлеміз, ойнаймыз,

Демалып алаңсыз.

Ризамыз саған біз,

Ұлы Отан анамыз.

2. Дети исполняют гимн.

3. В группу пришла посылка с видеокамерой и конвертом с заданиями. Хотите, чтобы вас показали по телевизору? Что вы знаете о Казахстане?

4. Дети делятся на команды. Отан и Достық.

Девиз команды Отан: Нет ничего краше, чем Родина наша.

Девиз команды Достық: Если дружба велика, будет Родина крепка.

5. Блиц-опрос.

Государственные символы Республики Казахстан
(Флаг, герб, гимн)

Национальное жилище казахов (Юрта)

Юрта – это древний национальный очаг казахского народа.

В центре есть шаңырақ –

Дом, семья и очаг.

Яркий образ уклада степного,

Здесь слагают кюи.

В юрте счастье семьи,

А семья основа государства.

- Президент Республики Казахстан?

- Как будет по-казахски «герб»? (Елтаңба)

- Что символизирует шаңырақ? (Шаңырақ – сердце герба. Это очаг, семья).

- Какой скоро праздник? (День Независимости).

- Как называются сказочные лошади на гербе?

(Они называются тұлпар)

По краям на гербе

Два тулпара летят остроногих.

А над ними звезда

Что сияет всегда.

Освещает нам жизни дороги.

- Какое слово написано на гербе? (Казахстан)

Здесь есть имя страны.

Как привет старины.

Как наказ сыновьям.

Дорогое всем нам.

Имя гордо звучит: «Казахстан!».

- Какого цвета флаг? Что изображено на флаге?

Флаг небесно голубого цвета.

На нем изображено солнце с лучами.

Степной орел символизирует свободу).

- Назовите столицу Казахстана?

(Столица Казахстана АСТАНА).

- Дети рассказывают стихотворение.

Астана – арман қала,

Бағы бір жанған қала.

Тұрады ол жап-жас болып,

Мен үлкен болғанда да.

5. Игра: «Сложи слово».

1-команда – Отан – Родина рассказывает стихотворение:

Родина – это отец твой и мать.

Родина – это друг и ровесник подстать.

Родина – это твой край и столица.

Родина – это аул и станица.

Моя Родина – Отан

Край любимый – Казахстан.

Горы, степи и поля

Это все – моя страна.

Отан – туған үйіміз,

Отан – туған жеріміз.

Отан – ортақ үйіміз,

Көңілді ән мен құйіміз.

2-команда – Достық-Дружба рассказывает стихотворение.

Мы дружной семьёй живём в Казахстане,

Татары, казахи и русские с нами.

Так пусть же крепнет во веки веков

Дружба народов всех языков!

Бір шаңырақта табысқан,

Дос, бауыр, көп туысқан.

Отан – ортақ үйіміз.

Біз доспыз бәріміз.

Дружба – это теплый ветер,

Дружба – это светлый мир.

Дружба – солнце на рассвете,

Для души весёлый пир.

6. Игра: «Назови по-казахски» (Делят слова на слоги).

1-команда Отан – цветы – гүлдер, праздник – мереке; птицы – құстар,

2-команда Достық – семья – отбасы, друзья – достар, солнце – Күн.

7. Игра: «Вспомни пословицу».

(Дети по схемам вспоминают казахские народные пословицы).

1-команда Отан:

Гость на пороге – счастье в доме.

Конь есть – мир изучи, угощение есть – гостей зови.

Родная земля – золотая колыбель.

Человек – без Родины, что соловей без леса.

2-команда Достық:

Где дружба прочна, там хорошо идут дела.

Все за одного, один за всех.

Крепкую дружбу топором не разрубишь.

При солнце тепло, при Родине добро.

8. Физминутка: А ну-ка дети встали,

Построем юрту сами (берутся за руки)

Стенки – это кереге.

Давайте их растянем (расходятся, растягиваются)

Поднимаем шаңырақ (поднимают руки)

Палочки вставляем (руки вперёд вытягивают)

Укрываем! Закрываем! (поднимают руки вверх, затем опускают вниз)

И построем юрту сами!

9. Давайте вместе с вами сделаем красивый плакат из цветов ко Дню Независимости, украсим его множеством красивых цветов.

На доске плакат в форме карты Республики Казахстан.

Дети берут вырезанные цветы, говорят свои пожелания и клеят её на плакат.

(Украшают под национальную музыку большой плакат цветами).

10. Приглашаю детей в круг радости.

Возьмемся по кругу за эту голубую ленту и представим, что это граница нашей Родины. Поднимем ее вверх и сделаем так, чтобы мы оказались внутри круга, а лента – снаружи. Лента образовала своеобразную границу Республики Казахстан. Мы родились в Казахстане, значит, мы граждане своей страны. Родина защищает нас и заботится о нас.

Мы – дети своей родной страны!

Живем мы в Казахстане!

И этим мы горды!

11. Итог занятия.

Что нового, интересного вы узнали?

- Теперь ребята всего Казахстана увидят, как много знают дети 1 «Б» класса школы им. М.Ломоносова.



Мадина ГУЛАХМЕДОВА,
учитель средней школы
им. О.Жандосова
с дошкольным миницентром.

Алматинская область,
Карасайский район,
п.Жандосов.

«WOULD YOU LIKE – DO YOU LIKE SOME JUICE?»

Вид занятия: урок – игра.

Цель урока: 1) развитие коммуникативной культуры и социально-культурной образованности учащихся, позволяющие участвовать в социально-бытовой и учебно-профессиональной сфере; 2) повысить интерес учащихся к изучению английского языка.

Задачи:

1. Образовательная: - закрепление лексических единиц, тренировка произносительных навыков (отработка звуков, интонации утвердительных и вопросительных предложений), развитие навыков чтения, закрепить умения и навыки диалогической речи с использованием фраз:

- Do you like...?

- Yes, I do. No, I don't.

- Does he like...?
- Yes, he does. No, he doesn't.
- Would you like some...?
- Yes, please. No, thank you.

2. Развивающая:

- развитие памяти, логического мышления, самостоятельности при выполнении заданий;

3. Воспитательная: - активное взаимодействие детей друг с другом, приобщить к культуре изучаемого языка.

Сопутствующие материалы: карточки с изображением продуктов питания, карточки со словами, Active Board, сценка в "McDonalds", видео.

Тип урока: урок комбинированный.

Ход урока.

1. Организационный момент:

- Good morning, dear children! I am glad to see you.
Sit down! What date is it today? Who is absent today?
Who is on duty today?

2. Проверка домашнего задания.

Let's check up your homework.

Ex 14. What do i drink?

What does my friend drink?

3. Повторение пройденного материала.

Present Simple Do Does V1 Vs

Работа по цели урока:

Let's start our lesson!

You can see today we have an unusual lesson, we have many guests.

Today we will practice in asking and answering questions about food and in making up dialogues.

We'll read, listen, write, play, sing. Good luck!

Фонетическая зарядка:

- First of all we must do the phonetic task.

You must divide words into four groups:

the first – with the sound (e);

the second – with the sound (i);

the third – with the sound (i);


the fourth – with the sound (a).

Milk, fish, tea, read,
meat, butter, nut, but.

- Very good!

- Let's play the game.

(Game) Игра - Расшифруйте слова



Физкультминутка (If we happy, happy, happy!)

Речевая зарядка.

Развитие навыков говорения. In “McDonald’s”

3 ученика выходят к доске, наглядно видно меню и название кафе.

At MacDonald’s

Waiter: Good evening, sir!

Omar: Good evening!

Waiter: Would you like to order?

Omar: Yes. I’d like chicken, please.

Waiter: Would you like a cup of tea or coffee?

Omar: Coffee, please.

Water: Anything else?

Omar: How much is that?

Waiter: That’s 2.00. Thank you

Omar: Thank you. Good bye!

Waiter: Bye!

Развитие навыков диалогической речи с повторением настоящего времени ***Present Simple tense***

I very want to know what do you like. Я очень хочу знать, что Вы любите?

Учитель задает вопрос одному из учеников, ученик отвечает и задает вопрос другому и так по цепочке пока не ответит каждый.

Do you like tea? Yes, do. No, I don’t.

- I like oranges. I like juice. I like sweets. I like cheese.

- Well!

- Answer my questions! Does he like oranges? Does he like juice? Does he like sweets? Does she like cheese? Does he like fish? Does he like butter? Does he like eggs? Yes, he does. No, he doesn’t.

- Little mice! Little mice!

- Would you like a piece of ice!

- We would like a piece of cheese!

- Yes, please.

Закрепление.

Let’s listen to the text.(Activ Board)

Прослушивание текста с переводом Джим и Джилл в школьной столовой.

I would like some soup, a ham sandwich and some tea.

Jill: I would like some porridge, a cheese sandwich and some orange juice.

Итог урока. Выставляются оценки.

Домашнее задание.

Найди и обведи знакомые слова.

s a b b a g e a r u p p s g r e t o p o g r n t
t l r p o u e a e n l t t r t o t e

Составь меню на завтрак breakfast _____

The lesson is over.

Good bye!

Дариха БЕЙСЕНОВА,
Қарағайдың негізгі
мектебінің мұғалімі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Есіл ауданы.

ӨМІРДІҢ МӘНІ – АДАМГЕРШІЛІКТЕ

Мақсаты: жасөспірімдердің бойында адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, ортамен қарым-қатынас құру қабілеті, өзін-өзі тәрбиелеу дағдысын дамыту.

Түрі: саяхат.

Көрнекілігі: «Көңіл толқыны» күйі, интерактивті тақта.

Әдіс-тәсілдер: СТО стратегиясы.

Сабақтың барысы.

1. Кіріспе.

Мұғалім сөзі:

- Құрметті оқушылар, біз бүгін саяхат жасап көрелік. Ол үшін «адамгершілік» деген сөзді кім қалай түсінеді, ойларымызды ортаға салып, өз ойымызды айтып көрейікші.

Оқушылар жауабы: «Адамгершілік» дегеніміз:

1-оқушы: «Адамгершілік» дегеніміз – амандасу.

2-оқушы: Үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор болу.

3-оқушы: Отанын қорғау.

4-оқушы: Арлы болу, еңбек ету, т.б.

5-оқушы: Досыңа, туғандарыңа қол ұшын беру, т.т.

Мұғалім сөзі:

- Оқушылар, өздерің айтқандай адамгершілік амандасудан басталады екен. Ендеше, бірінші саяхат жасайтын аялдамамыз «Сәлем – сөздің анасы». Адамгершіліктің бір қасиеті – сәлемдесу. Сәлемдесу әр халықта түрліше. Мәселен, кей халықтар құшақтасып, қолын кеудесіне қойып, иіліп сәлемдеседі. «Ассалаумағалейкум!» деген сөз Алланың нұры жаусын дегенді білдіреді. «Уағалейкумассалам!» деген сізге де Алланың нұры жаусын дегенді білдіреді. Осы аялдамада бізге мына бір әңгімені талдауға ұсынған екен.

Ертеде бір оқымысты болыпты. Үйінің қасынан өтіп бара жатқан бір қарапайым адамды көріп, оған иіліп сәлем беріпті. Ал оқымысты оған одан да бетер иіліп сәлемін қабылдапты. Сонда қасында тұрған адам: «Сіз, елге танымал дана, оқымысты адамсыз. Мына бір қарапайым адамға сонша неге иіліп сәлем бердіңіз?» депті. Сонда оқымысты: - Өмірде оқып білмеген адам осылай сәлемдескенде мен – оқыған адам онан да адамгершілігімнің жоғары екендігін танытуым керек емес пе?»- депті.

Әңгімені оқып, оқушылармен ой бөлісу. СТО стратегиясы. «Қос жазба күнделік». Оқушылар өздеріне ұнаған сөйлемді айтады да, ол жайлы өз пікірлерін қорғайды. «Қос жазба күнделік» стратегиясы:

Маған ұнаған үзінді	Бұл жайлы пікірім

1. Қарапайым адамға дана сонша неге иіліп сәлем берді?

2. Өзің бір сәт ойлашы, өзің жасы үлкендермен, кішілермен қалай амандасып жүрсің, өзіңнің іс-әрекеттерің дұрыс па, бұрыс па? (Бұл сұраққа сыныпта жауап бермей-ақ, үйде ойланып, досыңмен бірге талқылауға да болады)

3. Сәлемдесу туралы қандай мақал-мәтелдер білеміз, ондағы айтпақ ой қандай? Оқушылар жауабы: «Сәлем – сөздің атасы», «Сәлемі түзудің – ойы түзу», т.б.

2-аялдама:

«Кішіпейілділік – кісілік белгісі». Оқушылардан өздері білетін мақалдарды сұрап, мазмұнын ашу. Оқушылардың жауаптары: «Кісі болар кісінің кісіменен ісі бар», «Үлкенге құрмет – кішіге ізет», «Адамгершілік ар, ұят – кісіліктің белгісі, тұрпайы мінез тағы жат – надандықтың белгісі».

(Жағдаяттарды талдау).

«Ана мен бала»

Болат анасымен жалғыз тұрады. Әкесі ішімдікке салынып кеткен. Шешесінің көрмеген азабы болмады. Басында оның оғаш қылықтарының бәріне шыдап бақты. «Болат өскен соң қояды ғой» деп ойлайтын. Күндер өте ішімдікке салынуды үдетпесе, қояр түрі болмады. Шешесіне қол көтеруді әдетке айналдырып, тіпті соңғы күндері баласына да қол көтеріп, оғаш қылық көрсете берді. Бұған шыдамаған анаға ажырасуға тура келді. Анасы баласын өсіріп, басқалардан кем қылмаймын деп, емханада медбикелік қызмет атқаратын. Көбіне, ақшаның жетіспеуінен қосымша кезекшілікке де қалатын. Жұмыста болған күндері сабақ оқуын, тамақ ішуін бәрін баласына тапсыратын. Болатты басқа

балалардан кем қылмайтын. «Не ішейін, не киейін» деп тарыққан кездері болған жоқ. Анасы не қаласа соның бәрін орындауға тырысатын. Анасының тапсырмаларын орындай бермейтін. Үй шаруасына көмектеспейді. Алайда анасы бұған қабақ шытпайтын. Жұмыстан қанша шаршап келсе де, үй-ішін жинастырып, Болаттың тамағын әзірлеп, тіпті, келесі күнге де даярлап кететін. Болат соңғы кездері сабақ оқуды да қойды. Сол үшін оқу үлгерімі де төмендеді. Кешкісін анасы сабағын сұраса, бәрі жақсы деп өтірік айтуды да әдетке айналдырып алды. Анасы жұмыста болған уақытта көп уақытын көшеде өткізетін. Үлкендер ескерту жасаса, дөрекі жауап қайырады. Бірде сынып жетекшісі келіп, анасына Болаттың мінезінің өзгергендігін, сабақ үлгерімінің нашарлап бара жатқандығын айтты. Анасы: «Қазір бәрібір ешнәрсе шықпайды. Оның сөйтетін кезі ғой. Бір екі жыл өткен соң әлі-ақ түзеліп кетеді» деп баласына шаң жуытпады.

1. Осы әңгімедегі Болаттың іс-әрекеті, мінезінің өзгеруіне не себеп болды?

2. Анасының іс-әрекетіне қандай баға бересің?

3. Болаттың бойында қандай жағымсыз мінез, іс-әрекеттер бар екенін сарала.

4. Болат жақсы бала бола ала ма, ол үшін ол не істеуі керек?

2-жағдаят: «Әке мен бала».

8-сыныпта оқитын Оспан деген бала ашуланшақ, қызба мінезді, көңіл-күйі құбылмалы. Өз борышын дұрыс сезінбейтін жауапсыз. Жора-жолдастарын қорқыту, жәбірлеуге құмар. Әкесі де бала тәрбиесіне мән бермейді. Жұмысқа жауапсыз. Сол себептен де бір жұмыстан шығып, бір жұмысқа кіріп мардымды жалақы таппайды. Бұл үйде тынымсыз еңбек ететін,

үйдің барлық ауыртпалығына жауапты шешесі. Әкесі баласына сабағын қалдыра бермеу керектігіне ескерту жасаса, баласы: «Сен жұмыстан қала бергенде, маған неге қалуға болмайды? Маған ескерту жасағанша, әке, өзіне қарамайсың ба?» деп әкесіне дүрсе қоя береді екен. Бұның соңы әке мен баланың бір-біріне ауыр, дөрекі сөздер айтуға алып келді. Содан көбіне әкесінің тілін алмайтын, сыйламайтын болған.

1. Осы әңгімені де талдау. Оспан туралы не ойлайсың?

2. Әкесіне мінездеме бер.

3. Оспан жақсы бала бола ала ма?

3-аялдама:

«Сиқырлы сөздер әлемі».

Оқушыларға парақшалар тарату. Сыпайылықты білдіретін сөздерді кім көп біледі екен? (Мысалы: «Рахмет», «Кешіріңіз», «Рұқсат па?», т.т.)

Айнагүлдің жазған мысалдары: «Рахмет, кешіріңіз, рұқсат па?, сіз, мархаббат, өтінемін, көмектесіңізші, айып етпеңіз, ренжімеңіз, көңіліңізге қаяу түсірмеңіз, т.т.»

4-аялдама:

«Үлкенге құрмет – кішіге міндет».

Өздерің үлкенді құрметтеген сәттерің, кішіге қамқор бола алғандарың туралы шағын эссе жазғызу.

Жайықтың жазған эссесі:

«Менің екінші топтағы мүгедек «Тілес» деген ағам бар. Оның жүріп-тұруы өте қиын. Соңғы кездері кейде аяғын да мүлде баса алмайды. Мен оған далаға шығып, таза ауамен дем алуына көмектесемін. Дәретханаға да отырғызамын. Сабақтан бос уақытымда ағаммен дойбы ойнаймыз. Қызықты газет-журналдар оқып беремін. Сол кездегі ағамның қуанышында шек

болмайды. Мен әрдайым ағамға көмектесіп, оның жүзінен ылғи қуанышты сәттерді көрсем деймін. Әр адам денсаулықтың қадірін білуі керек деп ойлаймын. Өзіңді қоршаған адамдарға жақсылық жасаудан тартынба. «Біреуге жасаған жақсылығына бірнеше есе сауап жазылады» дейді хадистерде. Жақсылық жасауды ұмытып кетпейік!

Қорытынды.

- Балалар, бүгін біз «Өмірдің мәні адамгершілікте» деген сабақтан біраз мағлұматтар алдық. Адамгершілік дегеніміз сәлем беруден басталады екен. Жақын жандардың көңіліне қаяу келтірмеу керек екен. Өзіңді ғана емес, өзгелерді де түсіне білу керек екендігіне көз жеткіздік.

Төле би бабамыз:

Атадан ұл туса игі,

Ата жолын қуса игі,

Өзіне келер ұятын,

Өзі біліп тұрса игі,- деп толғағандай, әрқашан ұят, намыс, ар сезімдерін жоғары ұстандар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә.Алдамұратов. Жалпы психология. А., «Білім», 1996.

2. М.Жұмабаев. Педагогика. А., «Ана тілі», 1993.

3. Мақал-мәтелдер жинақ. А., 2010.

4. С.Ахметов. «Қиын» балаларды қалай тәрбиелейміз. Шымкент, 1992.

Гүлмира АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ,
арнайы санаториялық үлгідегі
№15 мектеп-интернат тәрбиешісі.
Алматы облысы,
Қарасай ауданы.

ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ

Мақсаты: балалардың қыс мезгілі туралы ілімдерін тиянақтау, балалардың шығармашылық ойлау қабілетін дамыту, табиғат көріністерін сипаттап, қыс қызығын тамашалауға, қардан әр түрлі кескіндер жасау арқылы жылдың ерекшелігін шын құрметтей білуге үйрену.

Көрнекілігі: ақ қоян, жасыл шырша, алдын ала даярланып қойылған түрлі-түсті ойыншықтар.
Әдіс-тәсілдер: әңгімелеу, сұрақ-жауап, мадақтау, жігерлендіру.

Мұғалім: - Сәлеметсіздер ме ұстаздар мен оқушылар! Бүгінгі сыныптан тыс сабағымызды ашық деп жариялаймыз. Бүгінгі тақырыбымыз «Қыс қызығы» деп аталады.

- Балалар, маған қараңдаршы, мұнда менің үстіме бір сиқырлы ақ мамық қар бейне бір сурет салып жібергендей. Ақ қар өзінің ақ тілектерін айта келіпті.

- Балалар, бүгінгі сендердің көңіл-күйлерің осы ақ қардай аппақ болсын, сендерге ақ жол тілеймін.

(Балалар бір-біріне ақ тілектерін ұлпа қарды беріп тұрып айтады).

Төлеби: - Аспанымыз ашық болсын!

Азиз: - Елімізде тыныштық болсын!

Меруерт: - Әрқашан тату-тәтті болайық!

Әділбек: - Ниетіміз, тілегіміз ақ болсын!

Диас: - Қадамымыз нық болсын!

Мұғалім: - Ақылды, саналы азамат болайық (жылы тілектерден кейін қолыма ұлпа қарды алып):

- Көрдіндер ме, балалар? Жылы сөздерді айтып едік қар да қолымыздың жылуынан еріп кетті.

Азиз:

- Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Мұғалім: - Балалар, Абай атамыз бұл өлеңінде жылдың қай мезгілі туралы айтқан?

Оқушылар: Бұл өлеңде жылдың қыс мезгілі туралы айтылған.

Мұғалім: - Қазір жылдың қай мезгілі?

Данил: - Қыс мезгілі.

Мұғалім: - Қыс мезгілінде қанша ай бар?

Даша: - Қыс мезгілінде үш ай бар: Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан.

Мұғалім: - Қыс мезгілін немен салыстыруға болады?

Азиз: - Қыс мезгілі ақ көйлек киген сұлу бейнеге ұқсайды.

Мұғалім: - Балалар, қыстың қандай жағымды жағы бар?

Никита: - Қыста біз қардан аққала жасаймыз.

- Қыста бізге Аяз ата келеді.

- Қыста шана, шаңғы, коньки, сырғанақ тебеміз.

Мұғалім: - Ал қыстың жағымсыз жағы қандай?

Даша: - Аяз болады.

Төлеби: - Боран соғып, жолды жауып тастайды.

Білімжан: - Жер тайғақ болады, біз серуенге шыққанда аяғымыз тайып құлап қаламыз.

Диас: - Көк тайғақ болса көліктер соқтығысып қалуы мүмкін.

Мұғалім: - Өте дұрыс! Балалар, біз қыс мезгілінің жағымды, жағымсыз жағын ажырата біледі екенбіз.

Ал, енді, қолғабымызды шешіп, алақанымызға қарды алып көрейік (Тәжірибе жасау).

Даша: - Қардың түсі қандай?

Данил: - Қардың түсі аппақ.

Даша: - Қар қатты ма, әлде жұмсақ па?

Данил: - Қар үлпілдек, жұмсақ.

Даша: - Қарды қолымызға алып ақырын үрлесек, үлпілдеп ұшады ма?

- Қарды қатты қыссақ жабысады ма?

Данил: - Иә, ұшады, жабысады.

Мұғалім: - Балалар, біз алақанымызда қарды қатты қысып ұстасақ, ол алақанның жылылығынан еріп, тамшыға айналады. Балалар, енді шатырға қараңдаршы, осы тамшылар аяз болғанда ұзын мұз сүңгілеріне айналады.

Қыс мезгілінің қарлы, боранды, аязды екенін жақсы білеміз. Осы қыс туралы тақпақ білесіңдер ме?

Төле би:

- Қаңтар келді ышқынып,
Сірескен қар жан-жағым.
Үдегенмен үскірік,
Күн ұзарды қарға адым.

1-оқушы:

- Ақпанда қыс ызғарлы
Қайтпағанмен, күн жылып.
Айналаның мұз-қары
Бір қатады, бір жібіп.

2-оқушы: - Ей, бөгеме жолды аш!

Бол, тез, асық, шапшаңда!

Келіп қалдым зымырап,
Ал басамын, аулақ қаш!

3-оқушы:

- Қыс мезгілі қаһарлы,
Тау бөктерін қар жапты.
Ақ мамыққа орады
Түгел, тегіс жан-жақты.

4-оқушы:

- Қорада мал қамаулы,
Көктем күнін сағынып.
Әлем жатыр ұйқыда.
Ақ көрпесін жамылып.

5-оқушы:

- Қаһарлы, күшті, алып,
Жел соғып қыс қарып.
Жер кетті ұйқыға,
Ақ көрпе қымтанып.

6-оқушы:

- Әй, қыс,
Қыс,
Қыс дегенге
Қыса берме бекерге.

7-оқушы: - Жылусыз қабағы

Күн
Еске салады,
Кеш тұрып,
Тым ерте
Ұйықтайтын баланы.

8-оқушы:

- Қыс келді, қыс иықтап
Қалды аюлар ұйықтап.

Қыс келді, қыс мұз – қарлы
Қыраулы да ызғарлы.

9-оқушы:

- Қыс келді, қыс боранды
Қырат көрпе оранды,
Қыс келді, қыс мықты анық,
Қайтсе де біз ықпадық.

10-оқушы:

- Далада қар борайды,
Ақ мамыққа орайды,
Мұз болады, катады,
Жып-жылтыр боп жатады.

Мұғалім: - Балалар, ал, енді, мен сендерге жұмбақ жасырайын.

1. Қыста ғана болады,
Ұстасаң қолың тонады. (Қар)
2. Көсеуді бесеуге тықтым. (Қолғап)
- Өте жақсы, жарайсыңдар, балалар. Ал, өздерің қандай жұмбақ білесіңдер? Соны жасырып көріндерші.

1-оқушы:

- Шанамен зырғып желдетіп,
Шаңғы, коньки тебетін.
Аққала жасап ойнайтын
Қай мезгіл деп ойлайсың? (Қыс)

2-оқушы:

- Жаздай тынығады
Қыста зымырайды. (Шана)

3-оқушы:

- Мамықтай ұлпа, қанттай ақ
Қыста жер бетін басады,
Жазда сайға қашады. (Қар)

4-оқушы: - Бір беті – тегіс,
Бір беті – егіс. (Тон)

5-оқушы:

- Жүзбе-жүз жолықтым
Тілдесе алмай торықтым. (Сурет)

- Тамаша, балалар, жұмбақты жасырып, шешуін табуды да біледі екенсіңдер екен. Ал кім жаңылмай жаңылт-паш айтуды біледі екен, қане, тыңдап көрейік.

Оқушылар:

1. Құз

Құздың үсті мұз,
Құздың үсті қыс.

2. Қыста

Күн қысқа.
Күн қысқа
Тым қысқа.

3. Ақ мүйізді

Көк мүйізге кигіз,
Көк мүйізді
Ақ мүйізге кигіз.

4. Алтын шақ

Жастық шақ
Жастық шақ
Жарқын шақ.

- Жақсы, жарайсыңдар, енді, менің бір жұмбағымды шешіп көріндер:

- Қысы-жазы бір түсте. (Шырша)

Дұрыс таптыңдар, балалар, айтыңдаршы осы келген жылымыз қандай жыл? Кім айтады?

Оқушы: - Қоян жылы.

Мұғалім: - Дұрыс айтасыңдар, балалар. Қарандаршы шыршаның түбінде кім отыр? Ақ қоянымыз отыр екен

ғой. Қанеки, бәріміз қолымызға алып, алақанымызбен жылу беріп, жылытайық. Өзі тоңып қалғанға ұқсайды. Өзі сыбырлап бірдеңе дегендей.

Қоян: - Мен осы шыршаның астында інімде жатыр едім, сендердің дауыстарыңды естіп мына қыста біраз сендермен бой сергітсем бе деп шықтым.

Мұғалім: - Ал ендеше, ақ қояным, ортаға шығып, балалармен шеңберге тұрып, бой сергіту жаттығуын жасайық.

Балалар:

- Ұзын құлақ сұр қоян
Естіп қалып сыбырды,
Ойлы-қырлы жерлермен
Ытқып-ытқып жүгірді.
Қарап еді артына
Қиығын сап көзінің,
Келе жатқан томпандап,
Көжегі екен өзінің.

Мұғалім: - Балалар, қоян сендерге рахмет айтып жатыр. «Енді менің інімнің үстінде өсіп тұрған шыршаны әдемі ойыншықтармен безендіріп берсеңдер» деген ұсыныс айтып тұр. Барлығымыз енді мына алдын ала дайындап қойған әдемі ойыншықтарды шыршаға іліп, безендірейік.

Ақ қоян: - Балалар, көп рахмет, сендерге денсаулық тілеймін, оқуларыңды жақсы оқыңдар, жаңа жыл жаңа табыс әкелсін, молшылық болсын.

Қорытынды: - Құрметті оқушылар! Осы жарқыраған күндей мейірімді, шуақты, адамға тек жақсылық жасай білетін, адамгершілігі мол азамат болыңдар. Бүгінгі «Қыс қызығын» тамашалап, көрсеткен өнерлеріңе, тапқырлықтарыңа, білімдеріңе көп рахмет!

Ақмарал МАХАНОВА,
Х.Досмұхамедұлы атындағы
орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Атырау облысы,
Қызылқоға ауданы,
Миялы ауылы.

БҮГІНГІ СТУДЕНТ – ЕРТЕҢГІ МАМАН

(Студенттермен кездесу кеші)

Мақсаты: оқушылардың болашақта қателеспей дұрыс мамандық таңдауларына жол ашу, халқына қызмет ететін жақсы маман болуға тәрбиелеу.

Түрі: кездесу. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, шарлар, гүлдер, т.б.

Жүрісі:

1-жүргізуші:

- Студенттер, аяулы ақ армандар!
Жыл сайын жаңарғандар, жасарғандар!
Қызық қуып, терезеге қадалғандар,
Білім қуып бөлмеге қамалғандар.

Студенттер, аптыққан ақ көңілдер!
Өткінші өзі, шаттықты, тәтті өмірлер.
Ауылға жиі айтатын сәлемдеме,
Ақша сал, жетпей жатыр, ап келіндер!

2-жүргізуші:

- Студенттер, болашақ жас мамандар!
Білім алу жолынан қашпағандар,
Қиындықтан тосылып саспағандар.
Бастарына тек кітап жастанғандар.

Сонда да жанарында арман тұрар,
Тәттіні де, ащыны да татып қарар.
Студенттік жай ғой бұл ұмытылмас,
Студенттер, студенттер, бақыттылар!

1-жүргізуші: - Құрметті кеш қонақтары! «Бүгінгі студент – ертеңгі маман» атты студенттермен кездесу кешімізге қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: - Иә, олай болса бүгінгі кеш қонақтарын қошеметпен ортаға шақырайық (студенттер ортаға шақырылады).

1-жүргізуші: - Алдымен сөз кезегін қонақтарға берейік, қысқаша өзін және білім алып жатқан оқу орынымен таныстырып өтсін.

(Студенттер өздері, оқу орындары туралы айтып өтеді).

2-жүргізуші: - Қонақтарымызбен таныс болдық, енді мен сіздерге мына шарларды әкелдім, өз қалауларыңыз бойынша бір-бір шардан таңдап алып, ішіндегі сауалдарға жауап бересіздер.

Сауалдар:

1. Студенттік өмір мен оқушылық кезеңнің айырмашылығы қандай?

2. Мектепке деген сағынышыңызды қалай жеткізер едіңіз?

3. Оқу орнындағы ұстаз бен мектептегі ұстаздар арасындағы айырмашылық?

4. Таныс-тамырлыққа салынып сабақ оқымай, сессиядан шығудың жолын іздейтіндерге көзқарасың?

5. Оқу мен жұмысты қатар алып жүрген замандастарыңызға қандай ойдасыз?

6. Оқу орнындағы білім беру мен мектептегі білім беру деңгейі?

2-жүргізуші: - Рахмет, қонақтар. Сіздердің жауаптарыңыздан соң кезекті тамаша әнге береміз.

(«Ұстазым» әні орындалады).

1-жүргізуші:

- Кезек тағы да сауалдарға келіп тұр.

1-сауал.

О, жастық-ай, мойымас дауласуға,

Омыртқасын тосады, тау тасына.

Ортақ оның қайғысы, қуанышы,

Ортақ оның малтасы, қалтасы да.

Осы өлең жолдарындағы жағдай басыңыздан өтті ме? Бір оқиғаны баяндап берсеңіз, яғни, достарыңызбен бөліскен есте қаларлықтай бір сәт.

2-сауал.

Ғашық болсаң, түн пана, терек пана,

Сұлу демі – дем емес шарап қана.

Қызға барсаң кигенің өзгенікі,

Өзіндікі тек қана жүрек қана,- дегендей қасындағы жолдастарыңыздың киімін киіп, бүлдіріп алып, тығырыққа тірелген кездер болған шығар?

3-сауал.

Өмір, өмір, өмір деп ұрандай ма?

Көкіректі кернейді бір ән майда,

Бір жігітке он қонақ мейрам күні,

Он жігітке бір билет трамвайда.

Студент болған соң, бәрі де болады, ақшасыз маршрутқа мінген кезіңізді еске түсіріп, бір қызықты жайтты жайып салыңызшы.

2-жүргізуші: - Осы тұстан сәл кідіре тұрып, ортаға бишілерімізді шақырсақ.

(Би. «Аққу»).

4-сауал.

Шақырады қол бұлғап, тау алыста,
Шырқап кеткің келеді, жалау ұстап.
Сөйтіп жүріп бітеді емтихан да,
Сөйтіп жүріп болады демалыс та.

Емтиханды аяқтап демалысқа шығып, ауылға келдіңіз, қазір ауылдасыз, немен шұғылданып жатырсыз?

5-сауал.

Керемет қой, қызық қой сезім деген,
Көктемде кімдер үйден безінбеген.
Бес ай бойы масайрап, ойнағандар
Емтиханда отыз күн көз ілмеген.

Әрине, өлең жолдарындағыдай студент болған соң қыс бойы қыдырып, сессия кезінде қиналған сәттер болары сөзсіз. Сондай бір қиналып, мұғалімге жалынған сәтіңізді көрермендерге көрсетіп жіберсеңіз.

6-сауал.

Емтихан біткеннен соң демалыстай,
Уайымсыз ішетін қара судай.

Туған жерге ұзатып тұрғандары

Бірін-бірі бір елдің басшысындай,- дегендей демалысқа шығып қыдырыстап жүріп, көліктен қалып қойған сәттер болған шығар?

2-жүргізуші: - Көп-көп рахмет, құрметті қонақтар. Осындай сіздердің тапқыр да ұтымды жауаптарыңыздан соң ойынға кезек берсек деп тұрмыз.

1-жүргізуші: - Ендеше, былай етейік. Қазір жай әуен қойылады. Жігіттеріміз қыздарды биге шақырсын, мына менің қолымдағы гүлді бір-біріне билеп жүріп келесі жұпқа беру керек, әуен тоқтағанда гүл кімнің қолында қалса сол жұп өнерлерін ортаға салады.

2-жүргізуші: - Керемет, ендеше, бастайық.

1-жүргізуші:- Ойын жеңімпазын жариялайды. Сіздердің құрметтеріңізге тамаша ән тарту етеміз.

(«Ұстазым» әні орындалады).

2-жүргізуші: - Енді мына жерге келіп, әзіл сұрақтарға жауап берсеңіздер:

1. Студент болған соң группалас бар, дос бар, олар болған соң той бар. Сол тойда сүйіп билейтін ұлттық биіңіз.

2. Шықпа, жаным, шықпа. Бұл қай сабақ? (семинар)

3. Ақ қар, көк мұздағы қылкөпір? (қысқы сессия)

4. Жаппай жанталасу, жаныңды шүберекке түйю. (жазғы сессия)

5. Қанша қиындық, аштық көрсе де арықтығын білдірмес бөрі. (студент)

6. Қонақ келгенде дайындайтын студенттің ұлттық тағамы. (вермишель)

7. Лекцияда өтпейтін, отырыста жетпейтін нәрсе. (уақыт)

8. Тар жол, тайғақ кешу. (сессия)

9. Емтиханнан құлағандарға кеңес. (қайта келер есігінді қатты жаппа)

10. Жер орта теңізіне саяхат, түрлі-түсті жағалауы бұл нені жуу деп ойлайсыз? (диплом)

1-жүргізуші:- Рахмет, кезекті тағы да әнге береміз.

(«Мектепке сағыныш» әні орындалады).

2-жүргізуші: - Кешіміздің соңына да таяп қалдық. Енді менің қолымда алты сөз жазылған, сол

сөздерді қатыстырып іні-сіңлілеріңізге тілектеріңізді айтсаңыздар.

(СТУДЕНТ, БАҚЫТ, МЕКТЕП, ҰСТАЗ, БІЛІМ, МАМАНДЫҚ)

1-жүргізуші:

- Бұл халықты білмейтін, жан бар ма екен айтқайсың,
Атын оның атап, түстеп жатпайсың.
Қала сайын көше тұнып жүрсе де,
Елін оның еш картадан таппайсың.

Қаз-қалпында талай қырдан асардай,
Қартаймайды, осы халық жасармай.
Он сегізде келеді де өмірге,
Жиырма екіден тұрып қалар аса алмай.

2-жүргізуші:

-Жомарт қолды, жаны жайлы бұл халық,
Ешқашанда қартаймайды, бұл халық
Кітап жастап, тар төсекте тебісіп,
Аш жүрсе де мойымайды бұл халық.

Өйткені олар батыл әрі тым қызба,
Қол созады, қиял жетпес жұлдызға.
Қыз болса ол бір жігітті ұнатып,
Жігіт болса қызығады бір қызға.

Оқыс болса бақпа оның жүрісін,
Өзі біледі, сол кәсіптің дұрысын.
Ол бес жылда аяқтайды бес курс,

Және алтыншы махаббаттың курсың,- деп ақындар
жырлағандай ауылымызға жақсы маман боп оралып, ата-
аналарыңызды қуанышқа бөлеп, армандаған биік-биік
армандарыңызға қол жеткізіңіздер!

Қорытынды сөз.

Танымдық тарих

Бағила МӘЖІБИЕВА,
Астана қаласындағы дарынды ер
балаларға арналған қазақ-түрік
лицей-интернатының мұғалімі.
Раушан САПАРБАЕВА,
№52 мектеп-гимназияның мұғалімі.

**«МЕН – ҚАЗАҚ, АЛАШ ДЕСЕ
МАҚТАНАМЫН!»**

(Әдеби-композициялық кештің жоспары)

Мақсаты: Алаш қайраткерлерінің идеясын, Алаш мұрасын, Алаш ардақтыларының тәуелсіз ел болу жолындағы сіңірген еңбектерін таныту арқылы оқушылардың отансүйгіштік сезімдерін оятып, ұлтжанды, саналы, ұлттық рухта тәрбиеленген тұлға болып қалыптасуына ықпал ету.

Безендірілуі: «Алаш арыстары» атты көрме, бейнефильм, слайд.

Пайдаланылған материалдар: 1) «Бес арыс». Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. Құрастырған Д.Әшімханов. Алматы: «Жалын», 1992. 2) «Әлем қазақтарының рухани сұхбаты», Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2008. 3) «Алаштың ардағы». Астана: «Зерде», 2008. 4) «Алаш» қозғалысы». Алматы: «Сардар», 2008.

Кеш барысы:

Сахнаға 7 ер бала бір-бірден шығып, Алаш идеясы мен Алаш қайраткерлері туралы ой толғайды.

1-оқушы: - Алаш – халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея (М.Қойгелдиев).

2-оқушы: - Алаш – ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни, территория ретінде сезінуі (М.Қойгелдиев).

3-оқушы: - Алаш – ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау қарекеті (М.Қойгелдиев).

4-оқушы: - Алаш қайраткерлері – шоқ жұлдыз іспетті қазақ елінің барлық өлкелерінде туған аса дарынды, жан-жақты таланттар. Олар партиялық ұйымдастыру істерінде, құрылтайлар өткізуде, ғылымда, педагогикада, дипломатияда қатар жүріп, тең еңбек ете білді.

5-оқушы: - Алаш ардақтылары сол замандағы кез келген озық елдің зиялыларынан асып түспесе, кем соқпайтын, түрлі ғылым негіздерін меңгерген сегіз қырлы, бір сырлы тұлғалар еді.

6-оқушы: - Алаш қозғалысына қатысып, Алаш партиясын құрысып, Алашорда өкіметін жасаған қайраткерлер идеясы – отаршылдықпен шайқасып, азат, тәуелсіз демократиялық дербес мемлекет құруды нысана етіп, жалпы ұлт мақсаты үшін күресіп, елді өркениет тұғырына көтеру еді.

7-оқушы: - Ендеше, Алаш қайраткерлерінің еңбектерін қастерлеп, құрмет көрсету – біздің азаматтық адалдығымыз, перзенттік парызымыз.

7 оқушы тағзым етіп тұрады. Сахнадан Алаш қайраткерлері бейнесіндегі оқушылар өтеді. Жүргізушілер таныстырып тұрады: Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Халел Досмұхамедұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы,

Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин.

Барлық оқушы бірге: Мен – қазақ, Алаш десе мақтанамын!

Оқушылар тағзым бір тағзым етіп, сахнаның екі жағына қарай бөлініп кетеді.

I жүргізуші: - Алаш қайраткерлері ту еткен ұлттық сананы көтеру, одан туындайтын қазақтың тілі мен тарихын, өнері мен мәдениетін қазақ ұрпағының бойына сіңіру – біздің мақсатымыз.

II жүргізуші: - Иә, қазақтың басына не келіп, не кетпеген?! Расында да, халқымыз «мың өліп, мың тірілген». XX ғасыр – ұлтымыз үшін «тар жол, тайғақ кешу» кезеңі болғаны анық. Қолдан жасалған ашаршылық, отыз жетінің ойраны – репрессия, Ұлы Отан соғысы, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы... Иә, патшалы Ресей қазақтың көзін жою үшін не істемеді?! Бар мүлкін тартып алып, қолдан ашаршылық жасады, ұлтын сүйгені үшін Алаш арыстарына «Халық жауы» деп айып тағып, талай боздақтарды қорлықпен азаптап өлтірді.

I жүргізуші: - Қазақ халқының бас көтерер зиялы ұлдары қанды қырғынның шегінен асқан заңсыздықтарының құрбаны болды.

Сахнаға Алаш ардақтыларының бейнесіндегі оқушылар шығады.

Бейімбет Майлин:

Ел мүддесін жырлаудан еш тынбаймын,
Қонса-дағы бір күн бақ, бір күн қайғым.
Амангелді, Жамбылға жан бітірген,
Бейімбетпін - досымын Мырқымбайдың.

Шұға – менің өз мұңым, өз ғашығым,
Туған елден жоқ менің өз асылым.
Құрымбайдай жігіттің құрдасымын,
Аштан өлген Күлпаштың көз жасымын.

Сәкен Сейфуллин:

Мен, Сәкенмін – Сейфолланың баласы,
Жазылмаған жүрегінің жарасы.
Мен Құдайдың ажалынан өлгем жоқ,
Мені өлтірген адамдардың аласы.

Көжегіне ұксамадым қоянның,
Қатарымнан тым ертерек ояндым.
Қызыл туды жырлап едім армансыз,
Ақырында қызыл қанға боялдым.

Ілияс Жансүгірұлы:

Мен Ілияспын, өлеңге мұрагермін,
Иесі едім асқар тау, байтақ елдің.
Құлагерді жазып ем жүрегіммен,
Тағдырына тап келдім Құлагердің.

Жетісу мен Алтайдың, Сарыарқаның
Көркемдігін әлемнен таба алмадым.
Тозаңына бабамның қаны сіңген
Туған жерді қорғаңдар, бауырларым!

Шәкәрім Құдайбердіұлы:

Мен кетемін, келеді тағы өмірге мендей,
Олар мінді көреді, қисық жерін жөндей.
Бара-бара айқындалып ақтық істің анығы,
Адасқанмен ақиқатқа қоймақ емес сенбей.

Ақ жүрек пен таза ақыл, қылсаң адал еңбек,
Бәрінен де сол мақұл – артқыға жол бермек.
Арсыздардың арам ойы түкке тұрмай жойылып,
Аяғында ақиқатты бұл үшеуі жеңбек.

Сен бола көр аққа жақ, болам десең адам,
Адал еңбек берер бақ, бассаң соған қадам.
Айнымайтын ақ жүрек пен таза ақылды жанның
Таппасы жоқ бұл өмірде, осынымды ұқ, балам!

Ахмет Байтұрсынұлы:

Мен өлсем де өлемін жөнімменен,
Тәннен басқа немді алар өлім менен.
Өлген күні апарып тығары – көр,
Мен жоқ болман көміліп тәнімменен.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен үшін бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,
Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін.

Міржақып Дулатов:

Мәуесі мол ағаштан
Ел керегін алғанша,
Аянбадым Алаштан
Жалғыз жаңқам қалғанша.

Аз өмірде әуре боп,
Көп тартқанмен азапты,
Санасына сәуле боп,
Оятып ем қазақты.

Мағжан Жұмабаев:

«Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе,
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?»

Деп жырлаған ақын ұл, арысың ем,
Мен, Мағжан Алашорда жаршысы ем.
От кешіп, ұлтқа арналған уды жұтқан
Жаралы жолбарыспын, тынысым кем.

Жас қазақ, Тұран елін қорға жаудан,
Жас Алаш, Ұраныңды берме қолдан!
Салт-сана, тарихың мен тілің, дінің –
Бабаннан қалған саған ұлы қорған.

Жүсіпбек Аймауытұлы:

Ұлттық рухтан нәр алып,
Бойда кернеп зор шабыт.
Ел үшін, туған жер үшін
Алаштың туын қолға алдық.

Ұранымыз – Азаттық,
Іштік уын азаптың.
Алған беттен қайтпадық
Ертеңі үшін қазақтың.

Тартса да қанша балақтан,
Мойымадық азаптан.
Біз кеткенмен, сіз барсыз,

Арттағы іні, бауырлар,
Намысты берме қолыңнан
Иттерге бізді талатқан.
Анаңның тілін ұлықта,
Мұрасын баба ұмытпа!
Дін менен ділді пәк ұстап,
Мойындат оны бар жұртқа!

8-сыныптың «Қазақ әдебиеті» оқулығында берілген Ш.Мұртазаның «Бесеудің хаты» пьесасынан үзінді қойылады.

Көріністің соңы мынадай үзіндімен аяқталады:

Мүсірепов: - Атыңдар! Голощекин! Құрамысов!
Жантоков! Біз халық қырылып жатқандықтан
атыламыз. Ал сендер халық қайта тіріліп кеткендіктен
атыласыңдар! Халық қайта тірілгенде сендер екі
дүниеден де орын таппай қаласыңдар. Сендер сияқтылар
бұрын да болған. Сендер сияқтыларға Данте айтқан:
«Қара бетті аспан қарғап, тамұқ та оны қабылдамас»
деген. Қасқыр қарызынан терісін беріп құтылады. Ал,
сендер қисапсыз қылмыстарыңнан мәңгі бақи құтыла
алмайсыңдар. Ал, атыңдар!

Перде жабылады.Сахнаға оқушы шығады.

Оқушы:

- Ақ адамды қаралап,
Сау жүректі жаралап,
Ақындарды жазалап,
Қане, тапқан пайдамыз?

Көп үмітін жатты үзіп,
Асылдарын атқызып.
Қаралы істі жаққызып,
Бар ма тапқан пайдамыз?

Абзал жанды соттатып,
Оқыста оған оқ атып.
Заман көшін тоқтатып,
Қане, тапқан пайдамыз?

Жақсыға жағып өсекті,
Заңғарға атып кесекті.
Тұлпарға теңеп есекті,
Бар ма тапқан пайдамыз?

Ой ошағын сөндіріп,
Төреге зұлмат төндіріп,
Тексіздерге көндіріп,
Қане, тапқан пайдамыз?!
Қазір қандай ойдамыз? (Қ.Төлеметов).

*Сахнаға Алаш қайраткерлері бейнесіндегі
оқушылар шығады.*

Міржақып Дулатов:

- Кез болған соң кер заман біздің баққа,
Жау жарағын асынып, міндік атқа.
Ел бастайтын ерлерге бұл – бір зор сын,
Жаңа талап, жас ұлан, қарап жатпа!

Азаматы Алаштың,
Аттанатын күн туды.
Тұлпар мініп, ту ұстап,
Баптанатын күн туды!

Әлихан Бөкейхан:

- Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бұл күнде теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сапарға кетті. Енді бүгін теңеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты өңімізде көріп, төбеміз көкке жетіп отыр. Бұл күнге жеткізген құдайға мың шүкірлік!

Ахмет Байтұрсынұлы:

- Түбім түрік, мен өзім,
Ахметпін, қазақпын.
Болмай қалса керегім,
Отына сал тозақтың.
Білім деген бір тума,
Көзін ашпас аса көп.
Ұйықтап жатқан ұлтына,
Ызындадым Маса боп.
Белді бекем буған соң,
Бар азапты көрдім мен.
Қазақ болып туған соң,
Қазақ болып өлдім мен.

Халел Досмұхамедұлы:

- Ұлт мемлекетін жасап, қазақ арасынан әлеуметшілік туғызамыз деген дәуірде тұрмыз. Жаңа әлеуметшілікті тура жолмен жасау үшін елдің бұрынғы, соңғы әлеумет мінездерін тексеру керек. Ең алдымен, тексеретін нәрсе – аламандық. Аламандық бар жерде нағыз әлеуметшілік тұра алмайды. Шын әлеуметшілік орнаған жерде аламандық та бола алмайды.

Мағжан Жұмабаев:

- Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Тіл – адам жанының тілмашы. Тіл – әрбір адамға осындай қымбат болса, әрине, ұлт үшін де – қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ.

Сұлтанмахмұт Торайғыров:

- Алаш туы астында,
Күн сөнгенше сөнбейміз.
Енді ешкімнің алашты
Қорлығына бермейміз!
Адамдықтың жолына
Бастаған ерлер соңында
Басқаға көңіл бөлмейміз.
Қандай шайтан келсе де,
Алдауына көнбейміз.
Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманға жеттік біз!
Жасайды алаш, өлмейміз!
Жасасын алаш, жасасын!

Алаш қайраткерлері бейнесіндегі оқушылар сахна төрінде тұра береді. Сахнаның екі жағынан үш-үштен оқушылар шығады.

1-оқушы: - Қоғам өзгерісін жан-жақты әрі терең таныған зиялы тұлғалар халықтың ұлттық санасының оянуына қажетті мәселелерді дұрыс барлап, әрі қарай өрлеуіне ықпал етті.

2-оқушы: - Ұлтының тәуелсіздігін көксеп, рухының асқақтауын қолдаған қайраткерлердің осы арнадағы мұрат-мақсаттары да, көзқарастары да үндес еді.

3-оқушы: - Алаш идеясы ұлттық рухты көтеру, тіл мен дінді көз қарашығындай қорғап, сақтау болатын.

4-оқушы: - Алаш идеясы әрбір қазақтың темір-қазығы болуы тиіс. Сонда ғана біз шын мәніндегі азат ел, дәулетті де өркениетті қазақ мемлекетіне қол жеткізе аламыз.

5-оқушы: - Біртұтас Алаш идеясын қанымызға құйып, жанымызға сіңіру арқылы ғана біз тәуелсіздігімізді тұғырлы ете аламыз.

6-оқушы: - Ұлтымыздың рухы асқақтап, тіліміздің мәртебесі биіктеп, дініміз пәк, таза қалпында ынтымағымыз нығая берсін!

С.Торайғыровтың «Мен – қазақ, Алаш десе мақтанамын» өлеңін мәнерлеп жатқа оқиды.

Содан соң сахнадағылар түгел Алаш маршын орындайды.

Алаш маршы

Арғы атам – ер Түрік, біз – Қазақ еліміз,
Асқар тау, шалқар көл, Сарыарқа жеріміз.
Біз жүрген Алаштың шын кемеңгеріміз,
Долданса, болмайтын жаңа дәу періміз.

Ежелден ер Түрік, оқ тескен етіміз,
Қаймығып еш жаудан, қайтпаған бетіміз.
Лап десе, ат болып зуылдап шабамыз,
Лап десе, от болып дүрілдеп жанамыз.
Алаштың ақ туын ақырып қолға алып,
Алаштап шапқанда жауға ойран саламыз.

Луна ӘЛІМБАЙҚЫЗЫ,
«Темірастау» орта
мектебінің мұғалімі.

Ақтөбе облысы,
Бірғыз ауданы,
Жаныс би ауылы.

«ТУҒАН ТІЛІМ – ТІРЛІГІМНІҢ АЙҒАҒЫ»

Мақсаты: ана тілімізді қастерлеуге, отансүйгіштікке, ана тілінде таза, еркін сөйлеуге баулу.

- Қымбатты ұстаздар, оқушылар! Бүгінгі «Туған тілім – тірлігімнің айғағы» атты сайысымызға қош келдіңіздер! Тіл – ұлттық белгі, халықтық мұра, дүниетаным құралы. Халықтың тарихта қалуы тіліне байланысты. Тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін келбеті, болмысы. Адамдық мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Қазақ тілі – дүниежүзіндегі ең бай, беделді де, бейнелі тілдердің бірі.

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі

Өрнегін сендей сала алмас,- деп ұлы Абай атамыз таңырқап, тағзым еткен – осы қасиетті тіліміз. Сіздердің алдарыңызға өз өнерлерін көрсететін мүшелерін шақырайық! Ендеше, сіздердің қошеметтеріңізбен ортаға шығатын 7-сынып оқушыларынан құралған «Қазыбек би» ауылының тұрғындарын қарсы алайық! Келесі топ – 8-сынып оқушылары – «Әйтеке би»

ауылының қонақтарын қарсы аламыз! Қазыбек пен Әйтеке жүрген жерде біздер неге жүрмеске деп жүректері алып ұшып жеткен 9-сынып оқушыларынан құралған «Төле би» ауылының тұрғындарын қарсы алайық! Қашанда дуалы сөзімен жұртты ауызына қаратқан «Майқы би» ауылының қонақтары да келіп қалыпты, қарсы аламыз – 10-сынып оқушылары!

Ендеше, бүгінгі сайыста сіздердің өнерлеріңізге әділ бағасын беретін қазылар алқасы мүшелерімен танысайық:

1. Бірінші, мектебіміздің «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі – Сырымбетов Болат ағай.

2. Жас маман болса да, бас болып, бүгінгі сайысқа төрелік айтатын орыс тілі пәнінің мұғалімі – Боранбаева Гүлназ апайларың.

3. Үшінші, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Сүйеу Нұртілек ағайларыңыз.

Ендеше, сіздерді кеш шарттарымен таныстырып өтейін (слайдтан көрсетіледі).

I кезең. «Таныстыру». Әр топ өздерін таныстырып өтеді. Таныстыру кезеңі «5» ұпайлық жүйемен бағаланады.

II кезең. «Мәнерлеп жатқа өлең оқу». Әр топтан бір бала «Тіл» туралы өлеңдерін оқиды.

III кезең. «Ой қозғау» деп аталады. Алдарыңызда төрт ұяшық берілген. Әр ұяшықта 3 сұрақтан 12 сұрақ қойылады. Ұяшық таңдау өз еріктеріңізге салынады. Ұяшықта көрсетілген сан сіздерге ұпай болып қосылады. Ұяшықты бірінші болып ұпай саны аз топ бастайды.

«Қасиетті сандар» ұяшығының сұрақтары:

1-ұяшық: Үш қуатты ата? (**жауабы:** ақыл, жүрек, тіл).

2-ұяшық: Төрт асылды ата? (**жауабы:** иман, намаз, ілім, мейір-шапағат).

3-ұяшық: Жегідей жеген жеті кеселді ата? (**жауабы:** жемқорлық, мафия, паракорлық, бюрократтық, рэкeтepлiк, маскүнемдік, жезөкшелік).

4-ұяшық: Жігіттің жеті қазынасын ата?

Жауабы: - Жүрдек аты-жігіт қаны, қанаты,

Қыран бүркіт-қарым күші, қуаты.

Құмай тазы-бастан берік сенімі,

Ақ мылтығы-сөнбес оты, серігі,

Алмас кездік-жігіт сұсы һәм мысы,

Ау жылымы-амал, айла, әдісі.

«Мақал-мәтелдер, жұмбақтар» ұяшығының сұрақтары:

1-ұяшық: Отыз тістен шыққан сөз

... .. (**жауабы:** отыз рулы елге тарайды).

2-ұяшық: Ананың сүті бой өсіреді,

... .. өсіреді. (**жауабы:** ананың тілі ой).

3-ұяшық: Я люблю прямоту и сама прямая.

Сделать ровную черту

Всем я помогаю. (**жауабы:** линейка, сызғыш).

4-ұяшық: В школьной сумке я сижу,

Как ты учишься, скажу. (**жауабы:** дневник, күнделік).

«Даналық тағылымы» ұяшығының сұрақтары:

1-ұяшық: М.Шаханов айтқан құдіретті төрт ананы ата? (**жауабы:** туған жер, туған тіл, туған дәстүр, туған тарих).

2-ұяшық: «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» деген пікірді айтқан кім? (**жауабы:** Б.Момышұлы).

3-ұяшық: Абайдың тіл туралы пікірін жалғастыр. «Тіл өнері – ... тең» (**жауабы:** дертпен).

4-ұяшық: «Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,

Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.

Өзің білмесең – білгендерден үйрен,

Үйренгеннен ештеңе кетпейді.

Бидайдың сабағында дән жоқ,

Жаманның сөзінде мән жоқ» деп ой айтқан кім?

(**жауабы:** Төле би).

IV кезең. Көрініс. Әр топ тілге қатысты көрініс көрсетеді. «5» ұпайлық жүйемен бағаланады.

V кезең. «Ән – көңілдің ажары». Әр топ дайындап келген әндерін айтады. Қойылым жасауға да болады. Үш тілде де айтуға болады. Егер де ән үш тілде айтылса, бір ұпай қосылады.

Көрермен оқушылар қазақ, орыс, ағылшын тілі пәндерінен беретін мұғалімдерге арнау өлеңдерін оқиды, гүл шоқтарын береді.

Әділ қазылар сөз сөйлеп, топ оқушыларын марапаттайды.

«Жалғандық бар ұлтсыздардың беделі мен даңқында,

Ана тілін сыйламаған сыйламайды халқын да.

Табиғаттың өзгермейтін заңына бұр бетінді,

Қай кезде де туған тілің туған анаң секілді.

Бабалардың арманы бар мына қызыл гүлдерде,

Олар елін, тілін қорғап жанын қиған бұл жерде.

Ұлтсыздану заманында

Тілің нарық табанында,

Көнбістік бар қадамында.

Рухыңды басып кетті қарын,

Тіліңді жоғалтсаң, тіліңді жоғалтсаң,

Жоғалтасың, жоғалтасың – бәрін», - деп М.Шаханов жырлағандай, өз ана тілімізді қастерлейік, тіл мәртебесін көтерейік!

Шариза БАЙСУНОВА,
Ақтөбе қаласындағы
№17 мектеп-гимназияның мұғалімі.

СӨЗ ӨНЕРІ – ӨМІР ӨРНЕГІ

(9-сынып)

Мақсаты: 1) оқушылардың сөз өнері бойынша білімдерін байқау; 2) тіл мәдениетіне тәрбиелеу; 3) ойлау қабілетін дамыту.

Әдіс-тәсілі: сұрақ жауап, сайыс. **Көрнекілік:** тіл туралы қабырға газеттері. **Техникалық құрал:** графопроектор, магнитофон.

Сабақтың барысы:

Жүргізуші: - Бүгінгі сайысымыздың тақырыбы «Сөз өнері – өмір өрнегі» деп аталады. Сайысқа үш топ қатысады: «Бәйтерек», «Хан Тәңірі», «Көшпенділер».

Сайысымыз 3 кезеңнен, 6 бөлімнен тұрады.

I. Фонетика.

II. Әдебиеттану.

III. Сөз өнері.

IV. Мақал – сөздің мәйегі.

V. Зияткерлік.

Енді «Бәйтерек» тобы бір нөмірді таңдасын (1-ден 6-ға дейінгі). Таңдаған нөмірі бойынша бөлімі, сұрағы оқылады.

1. Фонетика. Сөзді дұрыс құра.

(Интерактивті қаламның көмегімен сөздерді дұрыс жазып көрсетеді).

«А» тобы	«Б» тобы	«В» тобы
Трікү	Лтына	Оыср
Ммлееект	Мребетә	Тлеїдр
Аабр	Әїпр	Нғиай
Қпақшы	Быну	Тбыо
Ытус	Трғаан	Аатамзы
Жауаптары:		
«А» тобы	«Б» тобы	«В» тобы
Түркі	Мәртебе	Орыс
Мемлекет	Тараған	Тілдер
Араб	Әріп	Ноғай
Қыпшақ	Буын	Тобы
Туыс	Латын	Азаматы

2. Әдебиеттану.

1-топ. Ш.Уәлиханов туралы не білеміз? Қашан? Қандай оқиға болды?

1835 жылы Қазіргі Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде туған.

1847-1853 жж. Омбыдағы Кадет корпусында оқиды.


1852 жылы Шығысты зерттеуші И.Н.Березинмен танысады.

1858 жылы Қашқария жеріне саяхатқа шығады.

1864 жылы Черняев экспедициясы.

1865 жылы Ш.Уәлиханов дүниеден өтті.

2-топ. Абай туралы не білеміз?



III. Саз өнері. Әр топтан оқушылар өз өнерін көрсетеді. (ән шырқау, аспапта ойнау, мәнерлеп оқу, т.б.)

IV. Жұмбақ әлемі. Жұмбақтар беріледі. Олардың жауабын табу керек.

- 1) Шыр-шыр етеді
Құлағыңнан өтеді.
Ұстай алсаң сөйлеп кетеді.
- 2) Қабат-қабат қаптама,
Ақылың болса аттама.
- 3) Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Бірақ тыныш тұрмайды.
Сақтамаса қорын тек
Барша тірлік құрғайды.
- 4) Сөзі дана, үні жоқ,
Сөйлемейді, тілі жоқ.
Қолыңа алсаң – шешен,
Ақылы асқан көсем.
- 5) Көтеріліп теңізден,
Аспанға биік барамын.

Биіктен қайта түскенде,
Өңі кірер даланың.

V. Мақал – сөздің мәйегі. Мақал-мәтелдерді аяқта.

- 1) Ақылды кісі азбайды,...
- 2) Көре-көре көсем боласын...
- 3) Анам берген туған тілім...
- 4) Тіл тас жарады,...
- 5) Сөзден асқан байлық жоқ,...
- 6) Кітап – білім бұлағы,...
- 7) Білекті бірді жығар...
- 8) Биік төбеге шықсаң, көзің ашылады.
- 9) Екпей егін шықпас,...

Мақал-мәтел жалғасы:

- 1) Атам берген құрал тілім.
- 2) Білімді мыңды жығар.
- 3) Тас жармаса, бас жарады.
- 4) Білім – өмір шырағы.
- 5) Асыл бұйым тозбайды.
- 6) Тілден асқан жүйрік жоқ.
- 7) Сөйлей-сөйлей шешен боласың.
- 8) Үйренбей білім жұқпас.
- 9) Жақсымен сөйлессең, көңілің ашылады.

VI. Зияткерлік.

1) «Жұмбақ сәбіз». Ыдысқа салынған сәбіз әкелінеді.
Тапсырма. Алдымен сәбіздің қасиетін іштей саралап алып, ерекшелігін жұмбақ етіп жеткізуге тырысыңдар.

2) «Ғажайып алма». Шарты: ыдысқа салынған алма әкелінеді. «Алма» деген сөзді қатыстырып,

фантастикалық тіркестер құрастыр. Соны қатыстырып, шағын ертегі шығар.

3) Өлең құрастырып көріңіздер:

- ... көңілдегі
- ... өмір лебі
- ... жасыл әлем
- ... өнімдегі.

Жүргізуші: - Сонымен, бүгінгі ойынға қатысқан «Бәйтерек» және «Хан Тәңірі» топтарының ұпай санын білу үшін Сарапшыға сөз береміз.

- Қымбатты ойыншылар, көрермендер! «Сөз өнері – өмір өрнегі» атты білім сайысымызға қатысқандарыңызға рахмет айтамыз. Қазақ тілі әдебиетінің мәртебесін өсіруге өз үлестеріңізді қосады деген сенімдеміз.

Сұлухия РЫСБАЕВА,
Жанаөзен қаласындағы
№10 орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

«М.ӘУЕЗОВ КЕЙІПКЕРЛЕРІ – МЕНІҢ КЕЙІПКЕРЛЕРІМ»

(II-сынып)

Мақсаты: оқушылардың көркем әдебиет оқуға деген құштарлығын ояту, сөз өнерінің құдіретін түсіне білуге тәрбиелеу.

Байқауға пайдаланылған мәтіндер, сұрақтар:

I кезең.

М.Әуезовтің қай шығармасынан, кімнің сөзі?

1. Кескен теректей құлатты ғой мені? Қу жоқшылық бір құлатты. Аямас дұшпан соққы жазасы әпкетті мені – бар дәрменімді. Нем қалды? (Қараш-Қараш оқиғасы. Тектіғұл).

2. Суық жел жұқа киімнің ішіне кіріп, кеулеп, ығын кетіріп, жауратып, ықтырып бастады. Көңілінде қалған ойдың ең ақырғы бұйрығы: Әкесі мен бауырының бейітіне барып, екеуінің арасында отырып зарлау. “А, құдай, ендігі бар тілегім – осы көкемнің басына жеткіз!” деп жүріп кетті (“Қорғансыздың күні”. Ғазиза).

3. - Ағатай, жетіммін...- дей беріп еді, алакөз қайта жарқ еткенде, артынан жүгіріп кетті... Өкпесі үзілгенше еңтігіп жүгіріп отырды. Түн ортасы болған кезде, таудың осы мөлшерінде бөктерде келе жатқан үш жігіт жетті. Күн әдетінше жарқ етті. Сонда үш жолаушы алдарындағы ағашқа сүйеніп, жығылып, қатып тұрған баланы көрді (“Жетім”. Қасым).

4. - Жә, туып-өскен жер суға Сәтбек екеуімізден қалған бір белгі сен бол. Балақ бауынды да алмаймын. Бар, жануар, қош бол!- деп Қаракерді әуелете лақтырып жібереді (“Бүркітші”. Бекбол).

5. Мұхамеджан жұрттың сұрағанын күтпестен тамағын кенеп ап, Мұқаның домбырасына қол созды. - Осынша ақын жиылып ап, “Жабағы арық, тай семіз көп сауғанға” деп отырармысың әлі күнге! Тындасаң өлеңнің өлеңін тыңда, сөз олай емес, былай!- деді де, бөгелместен соға жөнелді. Аздан соң бұл әннің өзгеше қоңыр мұңы бар, шер толқын шығарған салмақты терең сырлы ән екені байқалды.

Барлық жас ақындар мұндай ғашық лебізін ұққан сияқты болады. («Абай жолы». Татьянаң әні).

II кезең.

М.Әуезовтің қай шығармасы, кейіпкерді ата.

1. - Ендеше, Қадеке! Әкесі құрдастың баласы құрдас

дейді ғой. Оғаш айтсам ғапу етіңіз! Бірақ аса бір көңілі керең кісі болмаса, өленді сүймейтін жан бола ма? Менің әкемнің де сүйетін өлеңі бар («Абай жолы». Қадірбай ақын).

2. - Қарағым, осының ақыл. Ішкен мен жегенге маз боп, мойны-басы былқылдап, ақылдан да, өнерден де кенде боп жүрген бай баласы аз ба? Осы ала қағазыңнан айырылма!- деген. («Абай жолы». Зере).

3. - Майыр, сенің атаң аты Тобықты емес еді. Осы Қарқаралыға кеп, бауыр тапқаннан аманбысың. Бөжейді айдау керек, қағазын дұрыста» деп ем. Сары аурудай создың да кеттің ғой”. («Абай жолы». Құнанбай).

4. “Өз көңілімді барласам, дүниенің бәрі дос. Жарқыраған күн де дос. Тұнжыраған түн де дос. Бәріне жаным шат! Бірақ, баба бір деп бекем ұстаған анық досым жоқ”. («Еңлік-Кебек” пьесасы. Кебек).

III кезең. Жеделдете қойылатын сұрақтар:

- | | |
|---|--|
| 1. Абайдың әжесі кім? | 1. Абайдың ғашығы? |
| 2. Абай қай қалада оқыды? | 2. Абайдың анасы? |
| 3. Алшынбай кімнің әкесі? | 3. М.Әуезовтің алғашқы шығармасы. |
| 4. Абайдың досы. | 4. Абайдың тентек інісі. |
| 5. Абай өлеңдері кімнің атымен шығып отырған? | 5. М.Әуезов қай жылдары өмір сүрген? |
| 6. Жүзтайлақ қай шығармадағы кейіпкер? | 6. Әйгерімнің шын аты? |
| 7. Абайдың орыс достары. | 7. Бала Абайдың қатты ауырып қалуына әсер еткен қай оқиға? |
| 8. Мұхтардың әкесін ата. | 8. Петербургте оқыған Абай баласының аты. |
| 9. Бөжей қолына берілген кішкене қыз есімі. | 9. Абайды соққыға жыққан адам. |
| 10. Абайдың Пушкин шығармасынан аударған әні. | 10. Әмір кім? |
| 11. «Көксерек» әңгімесіндегі басты кейіпкер. | 11. «Қараш-Қараш» повесіндегі басты кейіпкер. |
| 12. Қатша М.Әуезовтің қай шығармасының кейіпкері? | 12. Мұхтар алғаш білімді кімнен алды? |

Паридам НҰРАХУНОВА,
Петр Вихрев атындағы орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Алматы облысы,
Еңбекшіқазақ ауданы,
Шелек ауылы.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІ

Оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептерде тіл дамыту жұмыстары негізінен көрнекілік әдісі, сөзбен жеткізу әдісі, практикалық әдістері, ойын элементтері арқылы өткізіледі. Бұлай болатын себебі – тіл дамыту бағдарламасы оқу, ойын, еңбек ету арқылы күнделікті тұрмыста іске асады. Тіл үйренуде оқушылар алдымен дыбыстарды анық айтып үйренеді. Сонан кейін сөз тіркесі, сөйлемдерді оқи отырып, байланыстырып сөйлеуге, мәнерлеп оқуға дағдыланады.

Сабақтарымда мен мынадай көрнекіліктерді пайдаланамын: грамматикалық тірек кестелері, тақырыптық және үлестірмелі кәртішкелер, портреттер, түрлі суреттер, карта, фотомонтаж, кітапшалар, интерактивті тақтамен жұмыс, т.б. Сабақта тақырыпты терең меңгеруге өз орнында ұтымды пайдаланылған көрнекілік те ерекше қызмет атқарады.

Сондықтан көрнекі құралдар түрін тиімді қолдануда әрқашан мына талаптарды басшылыққа аламын: көрнекі құралдың мазмұнының ғылымилығы, оқу бағдарламасына, оқушының жас ерекшеліктеріне сәйкестігі жалпы көрінісінің әсемдік талғамы, пайдалануға ыңғайлылығы, жақсы көрінуі.

Бұл көрнекіліктерді түрлі-түсті қағаздан ойып, қиып жапсыру тәсілімен де жасап алуға болады. Мазмұнды ойындарға арналған материалдан да көрнекіліктер құрастырылады.

Жеке заттың жалпы атын үйретуге сюжетті ойын картиналарын қолдандым: «Малдар», «Құстар», «Аңдар», «Жемістер», «Көкөністер», «Ыдыстар», «Ойыншықтар», т.б. Әр түрлі мамандыққа байланысты салынған көлемді суреттермен жұмыс үстінде балаларды ойлауға баулып, сөйлеуге үйрететін «Кім не істейді?», «Кімге не керек?» деген қосымша сұрақтар қойып, жауап алдым: хат тасушы, аспаз, суретші, т.б.

Ұйымдасқан түрінде әңгіме құрауға «Жазғы демалыста», «Көктем», «Менің отбасым», «Киімдер», «Достар», т.б. сияқты мазмұнды суреттерді қолдандым. Алдымен балалардан сұрақ арқылы жауап алып, соңынан суреттің мазмұнын айтқызым, кейін сол суреттерді мазмұндама жаздыруға да қолдандым.

Сөзжұмбақтарды кіші сыныптарда сөздік жұмысына пайдаланып, оқушылар өскен сайын жұмыс түрін күрделендіруге болады. Мәселен, бірінші сыныпта бірнеше сөзден тұратын кісі, жер, су, қала атауларының аттарын тауып үйренсе, ал үшінші, төртінші сыныптарда біріккен сөздерді үйретуге, пайдалануға болады. / Алматы, Айгүл, Екібастұз, Ботагөз, түйекүс, т.б./ Жеке әріптерден тақтаға сөз құрап жазуға сигналды әріптерді пайдаландым. Сигналды дыбыстар сөздің дыбыстық, буындық құрамын есте ұзақ сақтауға көмегін тигізеді.

Бастауыш сыныптарда балаларға жалпы өмірде, күнделікті тұрмыста кездесін жайларды дұрыс танытып, ой-өрісін кеңейтіп, сабақты сапалы игеруге және түсінгенін айтып беруге үйретуде сабақ тақырыбына лайықты қолданылатын көрнекі құралдың, үлестірмелі кәртiшкелердің, дидактикалық материалдардың маңызы зор.

Көрнекі құралды пайдалану арқылы балалар алдымен сөз, содан кейін сөйлем ойлап, ойын жүйелі тұтас айта білуге төселеді. Әр балаға жеке-жеке үлестіріліп берілетін кәртiшкелер сөздік жұмысын игертуге, сөйлем ойлатуға мақсатталған.

Сөз ойлатуға жеке дыбыс әріптері мен кеспе буындарын да пайдалануға болады. Қазақ тіліндегі тақырыптарды қамтитын жаттығу жұмысына арналған кәртiшкелерді балалардың тапсырманы өз бетінше орындауына пайдаландым. Көрнекіліктердің бұл түрімен жұмыс барысында оқушының тақырыпты қалай меңгергенін есепке алуға болады.

Үшінші сыныпта дауысты дыбыстардың айтылуы мен жазылуын, дауыссыздардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінуіне дыбыс әріптерін әр түрлі түске бояп, баланың есінде ұзақ сақталуын қарастырдым.

Бастауыш сынып оқушыларын жазуға жаттықтыруда, әріптерді сызықтан шығармай, оңға қарай еңкейтіп жазу ережесін сақтау мақсатымен үлкейтілген үлгі кәртiшкесінің пайдасы көп. Кіші жастағы балалардың саусақ, бұлшық еттері әлсіз болғандықтан, жазулары әлсін-әлсін бұзылып, әріп элементтерін дұрыс сала алмай қиналды. Міне, осындай кездерде балалар осы үлгі кәртiшкелерге қарап жазып, жазуларын түзетуге мүмкіндік алады.

Сабақ кезіндегі сергітуге арналған ойындардың кейіпкерлері – «Дымбілмес», «Бауырсақ», «Алдар көсе», тағы басқалар – оқушыларды оқу еңбектерін жеңілдетіп, күшін жинауға, сөйтіп әрі қарай ой еңбегін жалғастыруға көмектеседі. Сонымен сабақта тақырыпқа байланыстыра пайдаланылған көрнекіліктен ұтарымыз көп.

Бастауыш сыныптарда тіл дамыту – оқушылардың сөз байлығын молайту, дұрыс сөйлеуге үйрету. Бұны мен шамам жеткенше әр сабақта әрбір тақырыппен аралас жүргіземін. Тіл дамыту жұмысының нәтижесінде оқушылардың сөз байлығы молайып, олар тілдің фонетикалық жүйесін меңгереді. Оқушылар бастауыш сыныптардан-ақ сөйлеу мәдениетін игере бастайды. Сөздерді дұрыс айту, жаза білу – тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі. Өйткені, шын мәнісінде, сөздердің айтылуы мен жазылуы бірдей бола бермейді. Мен оқушыларымды өз ойын толық баяндай білуге үйретемін, байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастырамын.

Сөздік жұмысы да, көрнекіліктермен жұмыстары да оқушыларды байланыстырып сөйлеуге даярлайды. Тиісті затты көзбен көру, қолмен ұстау немесе суретін көрсету арқылы жүргізілетін сабақ есте жақсы сақталады. Тіл дамыту және сөйлеу әрекеті – орыс мектебіндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің негізгі нысандарының бірі. Оқу барысында оқушының тілін дамыту қарқынды сипат алады. Тіл дамыту ұғымы ғылыми-әдістемелік тұрғыдан алғанда, мұғалім мен оқушылардың тілді меңгеруге бағытталған арнайы оқу әрекеті болып табылады.

Сабақ үстінде оқушылардың тілін ұстартуда сабақты құрғақ сөзбен түсіндіргеннен гөрі, көрнекі құралды пайдаланып түсіндірген тиімдірек екенін өз тәжірибемнен жақсы білемін. Сабақты көрнекі құралдар арқылы түсіндіргенде оқушыларымның тоқсан бір пайызы түсінсе, ал тек құрғақ сөзбен түсіндіргенде жиырма төрт пайыз ғана түсінді. Осыған орай, орыс мектебінде қазақ тілінің әрбір сабағын көрнекі құралдарды пайдалана отырып өткізгенді жөн көрдім. Олардың түрі, көлемі, аз-көптігі сабақ тақырыптарына қарай бөлінеді. Кейде оқулықтың өзіндегі материалдарды үлкейтіп пайдалануға да болады.

Көрнекі құралдармен өткен сабақтың тиімділігі:
а) материалдарды түсіндіруде мұғалім көп қиналмайды;
ә) оқушылар жана сабақты, материалды оңай қабылдап, тез меңгереді; б) сабақты түсіндіру арқылы оқушылардың ынтасы артады; в) тіл ұстарту жұмысы еркін жүргізіледі; г) сыныпта басы артық шу, әңгіме болмайды.

Балалардың сөздік қорын байытып, тілін дамытудағы тиімді жолдардың бірі – суретпен жұмыс. Бұл туралы ұлы педагог К.Д.Ушинский былай дейді: «Егер де балаға сөз үйретуге қиналатын болсаңыз, сыныпқа кірерде, мазмұны жағынан балаларды сөйлеуге ынталандырардай бірнеше сурет ала кіріңіз. Олар сіздің суретіңізді көрісімен, өздері де сөйлеп қоя береді. Сонда сіз өзіңіздің үйрететін сөздеріңізді олардың қиыншылықсыз үйренгенін білмей де қаласыз».

д) сурет арқылы жаңа сөздің мағынасын түсіндіруге болады. Мысалы, төменгі сыныпта жаңа заттың атын білдіретін сөздер көбіне оның суретін көрсету арқылы меңгертіледі.

е) сурет арқылы екі-үш сөзден сөйлем құрай алады;
ж) оқиғаға құрылған сурет бойынша оқушыға заттың атын, түсін ататқыза отырып, қимылына, көрген-байқағандарына байланысты сөйлем құрғызып, әңгіме айтқызуына болады;
з) мәтін мазмұнына байланысты берілген суреттер мәтінде баяндалған оқиғаны көзге елестету арқылы оның мазмұнын түсіндіруге мүмкіндік жасайды.

Оқиғаға құрылған сурет бойынша әңгімені мен мына түрдегі жоспармен жүргіземін:

а) таныс емес заттың түсін, қимылын, тағы басқа әрекетін білдіретін сөздер болса, оқушылардың түсіндірме сөздіктеріне жазғызамын;

ә) суреттің мазмұнын ашатын жетекші сұрақтар беріп, жауап алу.

Қатесі болса, оқушыларды қатыстыра отырып, сурет бойынша әңгіме жүргізгенде, бала одан көргені, байқағаны бойынша еркін әңгіме құра алады, өз жанынан сөз қоса алады.

Мұндай суреттер арқылы әңгіме құрғызып, жаттықтыру жұмысын жүргізу балалардың байқағыштығын, логикалық ойын, сөйлеу тілін жетілдіре түседі. Сонымен сабақта сурет көрнекілігін пайдалану – жеке сөздерді танудан бастап сөйлем құрауға /жеке суреттерден/, жүйелі сөйлеуге /оқиғаға құрылған суреттер арқылы/ баулуға мүмкіндік туғызатын ең ұтымды жол болып есептеледі.

Қойылған мақсатқа жетуде оқыту үдерісін оңтайландырудың маңызы зор, өйткені, ол сабақтың білімділік, тәрбиелік және дамытушылық міндеттерін кешенді жүзеге асыруды көздейді. Оқушылардың сабақ үстіндегі белсенділігі сөз жоқ, олардың ынтасына байланысты. Ол үшін әр сабақты көркем жасалған көрнекілікпен және дидактикалық қызғылықты мысалдармен қамтамасыз ету керек деп есептеймін.

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

“Ұлағат” – екі айда бір рет шығатын республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым.

Құрылтайшы және шығарушы: “Қазақ тілі мен әдебиеті” және “Ұлағат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Жүрнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың тамыз айының 25-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №6552-Ж Қуәлігі берілген.

Басуға 04.12.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 9.0.

Есептік баспа табағы – 8.68. Таралымы – 420.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75821.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер: 268-32-48. Факс: 243-15-53.

Электрондық пошта: **Kazulagat@mail.ru**

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ
И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА
С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
“ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ” ЖӘНЕ “ҰЛАҒАТ”**

© «Ұлағат», №6, 2014 ж., 144 бет, Алматы.